Почвенный покров представлен чернозёмом обыкновенным, с содержанием гумуса 3,0-5,1%, азота 30,80-49,9 мг/кг, фосфора 11,0-26,4 мг/кг, калия 389-500 мг/кг. Количество осадков составляет 250-280 мм. Период вегетаций колеблется в диапазоне 110-120 дней.

Семена сои высевались по общепринятой методике в двух вариантах с тремя повторностями [5]. Предшествующий культурой был пар. Размер делянок составлял 2х5=10 м², общая площадь делянок 60 м². 16.05.2020 посеяны семена 2-х сортов сои, норма высева семян 0,5-0,7 млн всхожих семян/га, глубина их заделки 5-6 см.

Метеорологические условия 2020 г. характеризовались, как благоприятной для выращивания сои, особенно влагообеспеченностью и температурным фоном. В мае среднесуточная температура была +15,90С, в отдельные дни она максимально доходила до +33,50С, в июне максимальная температура +30,50С, а в июле и августе среднесуточная температура составляла соответственно +19,20С и 17,20С. Относительная влажность воздуха в течение вегетации составляла от 57 до 70%. Отмечались дни в резких переменах дневных и ночных температур (табл.1).

Таблица 1 - Показатели температуры воздуха и распределение осадков по месяцам вегетационного периода 2020 года

Месяцы	Температура воздуха, 0С		Средняя	С нарастающим, 0С			Осадки, мм	Влажность, %
	мин.	макс.		положительные	эффективные			
					+5	+10		
апрель	-6,4	+26,1	+7,4	231,2	102,0	34,8	46	64
май	-3,4	+33,5	+15,9	718,1	434,1	220,0	21	59
июнь	0	+30,5	+15,9	1193,9	759,7	396,1	12	57
июль	+8,3	+32,5	+19,3	1787,3	1197,8	679,5	97	69
август	+5,3	+31,5	+17,2	2318,6	1574,1	900,8	44	70

Исследования семян сои в лабораторных условиях. Определение массы 1000 семян (ГОСТ 12042-80). Качество семян в практике характеризуется массой 1000 воздушно-сухих семян, выраженной в граммах. Высокая масса 1000 семян обычно связана с крупным размером семян. При одинаковом же размере семян не характеризует плотность внутренней их структуры и определяет запас питательных веществ в них. В производстве показатель массы 1000 семян используют при расчете норм высева [6].

Определение лабораторной всхожести и энергии прорастания (ГОСТ 12038-84). Лабораторная всхожесть - процент нормально проросших семян в пробе, взятой для анализа. Всхожесть - один из наиболее важных показателей семенного материала, имеющий большое производственное значение. Для определения всхожести используются семена сои, выделенные при установлении чистоты семян (табл.2). Отсчитывают вручную без выбора или при помощи счетчика-раскладчика 4 пробы по 100 штук [6].

Таблица 2 - Условия проращивания семян

Культура	Условия проращивания			Срок определения	
	ложе	температура, 0С	освещенность	энергия прорастания	всхожести
Соя	НБ	20	Т	3	7
Условные обозначения: НБ – на фильтровальной бумаге; Т - темнота					

Для начала исследования, были отобраны образцы почвы, где возделывается соя. В качестве среды для почвенной суспензии использовали картофельный агар (КА), мясо-пептонный агар (МПА), среду Чапека-Докса (ЧД).

В лабораторных условиях провели исследование почвы на наличие почвенной инфекции (рис. 1).




Рисунок 1 - Посев почвенной суспензии на 7 сутки при разных питательных средах (А – Чапекс-Докс, Б –картофельный агар, С – Мясо-пептонный агар.) (фото автора)

По результатам, на среде Чапека на 7 сутки роста учитывали колонии бактерий и актиномицетов, на КА – на 7 сутки роста обнаружены колонии грибов и дрожжей. На МПА на 2-3 сутки выявлены колонии бактерий.

Если почва является вторичной инфекцией, то одним из основных источников первичной инфекции сои являются семена, как патогенной и сапрофитной микрофлоры. Практически через семена передаются более 20 видов грибов [7].

Микрофлору семян определяли методом анализа в чашках Петри. Для проращивания семян во влажной камере применяли стерильные сухие чашки Петри. На дно чашек помещали фильтровальную бумагу в два слоя толщина слоя не более 0,25 см. Объекты исследования: два сорта сои Сибирского НИИСХ Золотистая и Эльдorado.




Рисунок 2 - Фитопатологический анализ семян сорта Золотистая (1) и Эльдorado (2) (фото автора)

В наших опытах подтвердились возбудители болезни сои на семенах: *Alternaria*, *Fusarium*, *Penicillium*, *Bacteria* (табл.3).

Таблица 3 - Микрофлора семян сортов сои

Виды грибов	Зараженность семян по видам сортов, в %	
	Золотистая	Эльдорадо
Fusarium	6,3	6,5
Alternaria	4,3	8,3
Penicillium	10,6	10,4
Bacteria	6,2	8,3

Как показано, в таблице 3 больше всего возбудителей было на семенах сои сорта Эльдорадо. Для последующих анализов, были заложен опыт, где было изучено влияние протравителя ТМТД на качество семян в лабораторных условиях (табл.4).

Таблица 4 - Влияние протравителя ТМТД на посевные качества и микрофлору сои (лабораторный опыт)

Варианты	Посевные качества		Интенсивность роста микрофлоры	
	Энергия прорастания, %	Лабораторная всхожесть, %	грибной	бактериальной
Контроль Золотистая	83	93	+++	+++
Контроль Эльдорадо	86	89	+++	+++
Протравленные Золотистая	85	96	-	-
Протравленные Эльдорадо	86	92	-	-

Примечание – отсутствие, ++ слабый рост, +++ интенсивный рост

Таким образом, при обработке семян протравителем ТМТД, при дальнейшей закладке опыта, было отмечено отсутствие грибной и бактериальной инфекции. Предпосевная обработка семян позволит снизить пораженность растений патогенной инфекцией в период вегетации, что приведет к качественной прибавке урожая.

Список использованных источников

- 1 Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017 – 2021 годы, Астана 2017
- 2 <https://www.primeminister.kz> – дата обращения: 23.03.2021
- 3 <https://latifundist.com/rating/top-10-proizvoditelej-soi-v-mire-v-2019-godu> - дата обращения 22.03.2021
- 4 К.К. Аринов. Растениеводство. К.К.Аринов, К.М.Мусынов, Н.А. Шестакова, А.А.Серекпаев. – Астана, Типография АО «КазАТУ им. С.Сейфуллина», - 2013, - 507с
- 5 Доспехов Б. А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). - 5-е изд., доп. и перераб. - М.: Агропромиздат, 1985. - .351 с.
- 6 А.А. Мауи, Л.Е. Ануарова, М.О. Айтжанова. Обеззараживание семян сои - обязательное мероприятие. Новости науки Казахстана. № 2 (136) – 2018.
- 7 Кошникович, Василий Иванович. Статические методы в защите растений: Учебное пособие/ В. И. Кошникович. - Новосибирск: НГАЭиУ, 2006. - 262 с.
- 8 G. L. Hartman, J. C. Rupe, E. J. Sikora. Compendium of Soybean Diseases. 5-th ed./ American phytopathological society, St. Paul, MN., USA, 2015 – 211 p.

АРПА ЕГІСТІГІНДЕ ТҰҚЫМ ДӘРІЛЕГІШТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Базарбаев Б.Б., PhD

Ғалымжан М.Ғ., магистрант

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Елімізді дамытудың стратегиялық мақсаттарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса қажетті түрлері бойынша халықтың ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету және экспорттық саясатты айқындауға бағытталған. Жалпы азық-түлік тауарларының өндіріс көлемінің орташа жылдық өсу қарқыны халықтың тұтынысы мен кірісінің өсу қарқынына үлгермейді, осының нәтижесінде нарықтағы азық-түлік жетіспеушілігі, импорт есебінен толтырылады және оның үлесі ішкі тұтытуда едәуір жоғары күйінде қалып отыр [1].

Ауыл шаруашылығы дақылдарынан тұрақты, әрі жоғары өнім алуда климаттың өзгеруі және агрономиялық мәселелер дақылдың өсіру технологиясының жүйесін құрастыруда маңызды орынға ие. Өнімділіктің өзгеру тенденциясы әртүрлі агротехникалық тәсілдерге байланысты, әрі оны бағалау ұзақ мерзімді зерттеулерді жүргізуді талап етеді.

J. Macholdt деректерінде Асков аймағында (Дания) жүргізілген көпжылдық тәжірибеде жаздық арпа мен күздік бидайды өсіруде өнімділіктің өзгеру тенденциясын минералдық және органикалық тыңайтқыштарды әртүрлі мөлшерде енгізіп, 1932-2019 жылдар аралығында аралас модельдік тәсілді қолданып статистикалық талдау арқылы бағалаған. Зерттеулердің нәтижесінде минералдық және органикалық тыңайтқыштар енгізілген нұсқаларда жаздық арпада, күздік бидайға қарағанда алғашқы он жылда өнімділіктің өзгеруі жоғары болған [2].

Арпа - маңызды біржылдық азық-түліктік және малазықтық дақыл. Арпа дәнінде (астығында) орта есеппен 60% крахмал, 12-13% ақуыз (белок), 2%-дан астам май, 3% күл, 5-7% клетчатка, көп мөлшерде дәрумендер (витаминдер) бар. Ең алдымен ол жармалық дақыл ретінде, оның астығынан арпа жармасын өндіреді. Арпаны кофе суррогатын (қоспасын) дайындау үшін пайдаланады. Оның ұнын қосымша ретінде (10-15%) бидай мен қара бидай ұнына араластырып, нанның ерекше сорттарын пісіреді [3].

Арпа - әлемдегі құрғақ заттар өндірісі бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының арасында бесінші орынға ие маңызды дақыл. Арпаның ең ірі бес өндірушісіне Ресей Федерациясы, Франция, Германия, Украина және Канада кіреді. Бүгінгі таңда арпа дақылының шамамен 65% мал азығы ретінде, 30% ашыту және сыра өнеркәсібінде, 2-3% адамзат тағамына пайдаланылады [4].

Ауыл шаруашылығы дақылдарының ауру қоздырғыштары шамамен 30-60% тұқым мен топырақ арқылы берілетіні белгілі. Залалданған тұқымды себу өсіп келе жатқан өсімдікте аурулардың таралуына және инфекция ошақтарының пайда болуына, сақталуына алып келеді. Сондықтан тұқымдарды қорғау бірінші кезектегі маңызға ие. Көптеген жылдар бойғы мәліметтерге сәйкес, аурулардан келетін астықтың жыл сайынғы шығыны орта есеппен 15-20% құрайды, дегенмен бұл көрсеткіш айтарлықтай артуы да ықтимал. Мысалы, ылғал мол жылдары зеңдену мен түрлі тамыр шіріктерінен дақылдардың өлімі 50%-дан асуы мүмкін. Орташа алғанда, тек тамыр шірігінен астық түсімі 5-35% дейін төмендеуі мүмкін [5].

Тұқым дәрілеу - аурулардың тұқым материалымен бірге танапқа таралуын шектейтін тұқым себу алдындағы іс-шаралар кешенінің маңызды кезеңдерінің бірі. Тұқымдарды пестицидтермен себу алдындағы өңдеудің өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарын қолданудың басқа тәсілдерімен салыстырғанда сөзсіз экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық артықшылықтары бар: ол арзан, экономикалық тұрғыдан тиімді, басқа

ауыл шаруашылық жұмыстары аз жүктелген кезеңдерге сәйкес келеді, шектеулі кеңістікте жүзеге асырылады. Дәріленген тұқымды себу химиялық препараттарды қолданудың қауіптілігі төмен әдістердің бірі болып саналады. Бұл фунгицидтердің тек сол себілген жерде ғана қалып, өсімдіктердің түптену кезеңіне дейін ыдырап кететіндігімен және олардың астық қалдықтарында сақталмайтындығымен түсіндіріледі. Атап айтсақ, тұқымдарды себу алдындағы өңдеуді экологиялық жағынан қауіпті деп атауға болады: - дәріленген тұқымдармен себу кезінде химиялық заттың топырақпен байланыс аймағы 60-200 м², топыраққа енгізу кезде – 500 м², бүрку кезінде - 10 000 м² [6].

Зерттеу жұмыстарының мақсаты - Ақмола облысы Сандықтау ауданы жағдайында жаздық арпаның ауруларына қарсы тұқымды себу алдындағы тұқым дәрілеудің тиімділігін анықтау.

Зерттеу әдістемесі мен материалдары: Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы Сандықтау ауданы «Каменка и Д» ЖШС-нің оңтүстік қара топырағында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде арпаның ауруларына қарсы Олимп Гранд, к.с., Редиго Про, к.с., Вито Пауэр, в.с.к., препараттары алынды.

Тәжірибе танабының жалпы ауданы 0,10 га, есепке алынатын мөлдек ауданы 50 м², мөлдектің ауданы 2,1м*30м=63 м². Тәжірибе 4 қайталаныммен жүйелі орналасқан. Себу жұмыстары 17 мамырда жаппай қатардағы әдіспен жүргізілді, себу мөлшері 2,5 млн өңгіш тұқым/га. Сепкіш СЗС-2,1, қатараралығы 23 см.

Танаптық өңгіштік пен өнімділік құрылым элементтерінің қалыптасуы егін көгінің тығыздығына тікелей байланысты. Егін көгі жиілігін тығыз қалыптастыру үшін химиялық препараттардың шығын мөлшерін қатаң сақтаған жөн, себебі олар тұқымда мутациялық өзгерістер туғызып, егін көгінің опат болуына әкеп соғуы мүмкін.

Зерттеулерімізде арпаның Арна сортының зертханалық және танаптық өңгіштігі анықталды. Зертханалық өңгіштігі бойынша Арна сорты 1 классқа сәйкес келді, танаптық өңгіштігі бақылау нұсқасында 75%, ал Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т препаратымен өңделген нұсқада бақылау нұсқасымен салыстырғанда 3% жоғары, Редиго Про, к.с. 0,35 л/т және Вито Пауэр, в.с.к. 0,75 л/т препараттарымен өңделген нұсқаларда танаптық өңгіштігі Олимп Гранд, к.с. препаратымен салыстырғанда 1-2% төмен (1 кесте).

Кесте 1 – Арпаның зертханалық және танаптық өңгіштігіне тұқым дәрілеудің әсері

Нұсқа	Зертханалық өңгіштігі, %		Танаптық өңгіштігі, %	
	өну энергиясы	өңгіштігі	өңгіштігі	Өсімдіктер саны, дана
Бақылау	93	95	75	187
Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т	95	96	78	195
Редиго Про, к.с. 0,35 л/т	94	95	77	193
Вито Пауэр, в.с.к. 0,75 л/т	94	95	76	191

Арпаның өсіп-даму кезеңі бойынша зерттеу жылы мамыр айында жауын-шашын мөлшерінің түспеуі және жоғары температураның болуы арпаның біркелкі егін көгінің қалыптасуына кері әсерін тигізбеді, себебі топырақтың 1 м қабатындағы сіңімді ылғал қоры жеткілікті мөлшерде болды. Нәтижесінде арпаның егін көгі кезеңі 13-14 тәулікте біркелкі шықты.

Зерттеулерімізде бақылау нұсқасында егін көгі 14 тәулікте толығымен анықталса, ал Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т, Редиго Про, к.с. 0,35 л/т және Вито Пауэр, в.с.к. 0,75 л/т препараттарымен өңделген нұсқаларда 12-13 тәулікте егін көгі толығымен шықты. Арпаның толық пісіп жетілуі 97-100 тәулікке созылды, бақылау нұсқасымен салыстырғанда

химиялық препараттармен өңделген нұсқаларда 3-4 тәулікке ерте піскендігі анықталды (2 кесте).

Кесте 2 - Арпаның өсіп-дамуына тұқым дәрілегіштердің әсері, 2020 ж

Нұсқалар	Егін көгі -түптену	Түптену -түтікке шығу	Түтікке шығу масақтану	Масақтану -гүлдеу	Гүлдеу- пісу	Толық пісу
Бақылау	31.V	11.VI	25.VI	16.VII	10.VIII	25.VIII
Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т	30.V	10.VI	24.VI	15.VII	9.VIII	23.VIII
Редиго Про, к.с. 0,35 л/т	30.V	10.VI	24.VI	15.VII	9.VIII	23.VIII
Вито Па- уэр, в.с.к. 0,75 л/т	30.V	10.VI	23.VI	15.VII	9.VIII	23.VIII

Арпаның өнімділік құрылым элементтеріне тұқым дәрілегіштердің әсері бойынша бақылау нұсқасында 1 м² өсімдіктер саны 177 дана, өнімді түптену 1,3, масақтағы дән саны 18 дана, 1000 дәннің массасы 52,1 г және биологиялық өнімділік 21,6 ц/га, ал Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т препаратымен өңделген нұсқада 1 м² өсімдіктер саны 181 дана, өнімді түптену 1,4, масақтағы дән саны 20 дана, 1000 дәннің массасы 53,2 г және биологиялық өнімділік 21,6 ц/га, Редиго Про, к.с. 0,35 л/т және Вито Пауэр, в.с.к. 0,75 л/т препараттары қолданылған нұсқаларда сәйкесінше 180, 1,4, 19, 52,5 г, 25,1 ц/га және 182, 1,4, 21, 53,6 г, 28,6 ц/га (3 кесте).

Кесте 3 – Арпаның өнімділік құрылым элементтеріне тұқым дәрілегіштердің әсері, 2020 ж.

Нұсқалар	1 м ² өсімдіктер саны, дана	Жалпы түптену	Өнімді түптену	Масақтағы дән саны, дана	1000 дәннің массасы,г	Биологиялық өнімділік, ц/ га
Бақылау	177	1,2	1,3	18	52,1	21,6
Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т	181	1,3	1,4	20	53,2	26,9
Редиго Про, к.с. 0,35 л/т	180	1,3	1,4	19	52,5	25,1
Вито Па- уэр, в.с.к. 0,75 л/т	182	1,4	1,4	21	53,6	28,6

Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде арпаның Арна сортының зертханалық өнгіштігі бойынша 1 классқа сәйкес, ал танаптық өнгіштігі Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т препаратымен өңделген нұсқада басқа нұсқалармен салыстырғанда 1-3% жоғары, арпаның өсіп-даму кезеңдері бойынша тұқым дәрілегіштермен өңделген нұсқаларда айтарлықтай айырмашылықтар болмады. Өнімділік құрылым элементтерін талдау барысында Вито Пауэр, в.с.к. 0,75 л/т препаратымен өңделген нұсқада бақылау мен Олимп Гранд, к.с. 0,25 л/т және Редиго Про, к.с. 0,35 л/т препараттарымен салыстырғанда 1 масақтағы дән саны және биологиялық өнімділігі жоғары нәтиже көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2017 жылдың 29 желтоқсандағы, №894 бекітілген.
- 2 Macholdt, J., Hadasch, S., Piepho, H.P., and others. Yield variability trends of winter wheat and spring barley grown during 1932–2019 in the Askov Long-term Experiment. Field Crops Research Volume 264, 1 may 2021. -26-33.
- 3 Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.Қ., Серекпаев Н.А., Шестакова Н.А., Арыстанғұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы. Оқулық. Алматы, 2011 ж. - 631 б.
- 4 <https://www.sciencedirect.com/topics/agricultural-and-biological-sciences/barley>
- 5 <https://www.syngenta.kz/rekomendacii-po-tehnologii-obrabotki-semennogo-materiala>
- 6 Павлюк Н.Т, Щенцев Г.Д. Влияние протравителей на посевные качества семян зерновых культур // ScienceIndex. Россия. 2017. С.54-56

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНДА КҮЗДІК БИДАЙ ДАҚЫЛЫНЫҢ ТҰҚЫМДЫҚ САПА КӨРСЕТКІШІ МЕН ТАНАПТЫҚ ӨНІМДІЛІГІ

*Бекенова Ш.Ш., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Базарқұл Ж.Н., 1 курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қаласы*

Аннотация.

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы «Шалқар» шаруа қожалығы күздік бидайдың Стекловидная 24 сортының себуге және сатуға арналған тұқымдарына лабораториялық жағдайда фитосараптамалық нәтижелер жасалды. Себу жарамдылығы 97%, яғни себуге толығымен жарамдылығы байқалды.

Сонымен қатар, күздік бидай дақылының егістігінде танаптық өнгіштігі зерттеліп, күздік бидайдың Стекловидная 24 сортының үшінші жапырақ кезеңіне дейін өскенін, бір шаршы метрге өсімдіктердің орташа саны 300-350 дана, өсімдіктердің биіктігі 8-10 см жеткендігі анықталды.

Кілттік сөздер: күздік бидай, зертханалық өнгіштік, өнуэнергиясы, тұқым, сорт (будан), репродукция, фитосараптамалық нәтижелер.

Күздік бидай – жер шарында ең көп таралған маңызды өтімді дақыл болып табылады. Дақылдың құндылығы құрамындағы ақуыз, май, көмірсідың жоғары мөлшерде болуымен ерекшеленеді.

Ақуыз мөлшері бойынша күздік бидай барлық дәнді дақылдардан озық болып саналады. Бидай ұны – кондитерлік өнеркәсіпте, тоқаш өндіруде кеңінен қолданылады, сонымен қатар күздік бидай макарон, нан, жарма өнімдерін өндіруде пайдаланылады. Нан пісіру үшін құрамында 14-15% ақуызы бар дән қажет, ал макарон өнімдерін өндіру үшін 17-18% ақуыз мөлшері бар дәндер қажет. Күздік бидай дәнін спирт, крахмал және тағы да басқа көптеген заттар шығару үшін пайдаланады. Ұн және спирт өнеркәсібіндегі қалдықтары малдарға бағалы қоректік жем болып есептелсе, ал сабан, қауыздарының жоғары жемдік құндылығы бар, мысалы; 10 кг сабанда – 0,5 кг протеин бар.

Күздік бидай - қыста вегетативті фазада қалатын және ерте көктемде өсуін жалғастыратын, жас өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін күзде отырғызылған бидай сорттары [1].

Күздік астық дақылдарының азық-түліктік маңызы олардың дәнінің құрамындағы

ақуыз бен дән ұлпасының (клейковинаның, желімшенің) мөлшеріне байланысты. Ақуыз бен дән ұлпасының мөлшері республиканың топырақ-климаттық жағдайына қарай өзгеріп отырады, егістіктер неғұрлым оңтүстік-шығыс, солтүстік аймақтарға ауытқыған сайын күздік астық дақылдары дәнінің сапасы соғұрлым жақсара береді.

Күздік астық дақылдарының сабаны сапасы төмен қағаз, картон өндірісінде, ал дән өскіндері мен ұрықтан алынған май медицина өнеркәсібінде пайдаланылады. Күздік астық дақылдары отамалы, бұршақ дәнді дақылдары, біржылдық және көпжылдық шөптер үшін жақсы алғы дақыл.

Тіршілік үрдісінде күздік бидай өну, көктеу, түптену, түтікке шығу, масақтану, гүлдену және пісу (сүттену пісу, балауыздана және толық пісу) кезеңдерінен өтеді. Алғашқы үш кезеңдері күзде, қалғандары – келесі жылы көтемде және жазда өтеді [2].

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы бойынша күздік бидай егістігінде астық бітесі, астық трипсі, астық барылдақ қоңызы, астық сүлікшесі, зиянды бақашық зиянкестері, тат, септориоз аурулары және қыстық және күздік, атпа тамырлы, астық дақылдас арамшөптері, сонымен қатар ішінара карантиндік арамшөп у кекіре кездеседі.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы айтуынша, биыл ауданның шаруа қожалықтары 51 мың гектар жерге күздік бидай егуді жоспарлаған [3].

Синоптиктердің ақпараты бойынша, еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығысында күздік бидай өсірілетін аудандарда $-2-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін түнде, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда -10°C -қа дейін, аздаған жауын-шашынмен, бір-екі күн бойы қалыпты жылы ауа райы байқалды. Мұндай метеорологиялық жағдайлар жылу сүйгіш дақылдарды жинау мен күздік бидай себудің аяқталуын біршама тежеді. [4].

Өнгіштікті анықтағанда өнген тұқымды есептеу әрбір дақылға белгіленген техникалық шарттарға сәйкес жүргізіледі. Өнген тұқымды екі мерзімде есептейді: алғашқысында өну энергиясын, ал екіншісінде-өнгіштікті анықтайды. Оның үстіне, өнгіштікке салынған күн және өну энергиясын, немесе өнгіштікті есептеген күн бір тәулік деп саналады.

Тұқым өнгіштігін есептегенде қалыпты өскен, бөрткен, қатты, шіріген және қалыпсыз өскен тұқымдар ажыратылады. Алайда, ескере кеткен жөн, көптеген екпе дақылдар үшін өнгіштіктің проценті тек қана қалыпты өскен тұқымдар көрсеткішімен анықталады.

Қалыпты өскен тұқымдарға өскіндері мен тамыршалары сау, әрі зақымданбаған тұқымдар жатады: тұқымы бірнеше ұрықтық тамыршалармен өнетін дақылдардың (дәнді дақылдардың I-ші тобы) қалыпты өскен тұқымдарында екі және одан да көп ұрықтық тамырлар дамиды, әрі олардың ұзындығы тұқым ұзындығынан кем емес және тұқым ұзындығының жартысынан кем емес өскіні болады.

Тұқымның тазалығы деп ондағы негізгі дақылдың пайызбен көрсетілген массасын айтады. Тұқымның себуге жарамдылығы деп талданып отырған тұқымдағы таза және өнгіш тұқымның пайыз мөлшерін айтады.

Танаптық өнгіштік – далалық жағдайда пайда болған егін көгінің себілген өнгіш тұқым санының қатынасымен көрсетілген пайыз мөлшері.

Тұқымның танаптық өнгіштігінің артуы қалыпты егін көгінің жиілігін және ауыл шаруашылығы дақылдары өнімін арттырудың маңызды көрсеткіші.

Өсімдіктің сақталуы – егін жинау қарсаңындағы өсімдік саны, бір өлшем жердегі егін көгінен пайызбен көрсетілген бөлігі[5].

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу жұмыстары Жамбыл облысы Т.Рұсқұлов ауданы “Шалқар”ЖШС-нің тәжірибелік танабында жүргізілді. Тәжірибелік танапта күздік бидайдың Стекловидная 24 сорты орналастырылды. Себу жұмыстары 10 қыркүйек – 20 қараша аралығында жүргізілді. Себу тәсілі – жаппай қатардағы. Себу мөлшері – 3,0 млн өнгіш тұқым гектарына себілді.

Зерттеу нәтижелері

Т.Рысқұлов ауданы «Шалқар» шаруа қожалығы күздік бидайдың Стекловидная 24

сортының себуге (1-кесте) және сатуға (2-кесте) арналған тұқымдарына лабораториялық сараптама жүргізілді.

Танаптық және зертханалық жағдайда жүргізілген талдаулар нәтижелері төмендегідей болды.

Кесте 1 - Күздік бидайдың Стекловидная 24 сортыныңсебуге арналған тұқымы

Репродукция	Элита
Тұқым сапасы, класс	Бірінші
Тазалығы, %	99,10
қалдық, %	0,90
Басқа өсімдіктер тұқымы, дана	9
мәдени өсімдіктер тұқымы	4
арамшөп тұқымдары	5
Өнгіштігі, %	98
Себу жарамдылығы, %	97
Ылғалдылығы, %	8,2
1000 тұқым массасы, г	36

1 - кестеде ағымдағы жылғы күздік бидайдың Стекловидная 24 сортының себуге арналған тұқымы өнімге егістік жадығаттын (материалдың) сипаттамасы көрсетілген. Қарастырылып отырған күздік бидай дақылының репродукциясы мен сорттың тазалық категориясы - 1. Себу жарамдылығы 97%, яғни себуге толығымен жарамды. Күздік бидайдың Стекловидная 24 сортының классы - 1, өнгіштігі - 98%, тазалығы – 99,1%, ылғалдылығы 8,2, 1000 тұқым массасы 36г құрады.

Қазанның үшінші онкүндігіндесебілді, күздік бидай үшінші жапырақ кезеңіне дейін өсті, бір шаршы метрге өсімдіктердің орташа саны 300-350 дана, өсімдіктердің биіктігі 8-10 см жетеді. Жамбыл облысындағы Құлан маңындағы егістіктерде түйіндік тамырлардың пайда болуы байқалды.

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы «Шалқар» шаруа қожалығы күздік бидайдың Стекловидная 24 сортының себуге арналған тұқымдарына лабораториялық жағдайда фитосараптамалық нәтижелер жасалды. Себу жарамдылығы 97%, яғни себуге толығымен жарамдылығы байқалды. Күздік бидайдың Стекловидная 24 сортының классы - 1, өнгіштігі - 98%, тазалығы – 99,1%, ылғалдылығы 8,2, 1000 тұқым массасы 36г құрады.

Күздік бидай дақылының егістігінде танаптық өнгіштігі зерттеліп, Стекловидная 24 сортының үшінші жапырақ кезеңіне дейін өскенін, бір шаршы метрге өсімдіктердің орташа саны 300-350 дана, өсімдіктердің биіктігі 8-10 см жеткендігі анықталды. Жамбыл облысындағы Құлан маңындағы егістіктерде түйіндік тамырлардың пайда болуы байқалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.С.Curtis, S.Rajaram, H.Gomez Macpherson (eds.). Bread Wheat: Improvement and Production. Rome: Food and Agriculture Organization of the United Nations. 2002. - № 8. - С. 3-8.
2. Қ.К. Әрінов, Қ.М. Мұсынов, А.Қ. Апушев, Н.А. Серикпаев. «Өсімдік шаруашылығы» Алматы: «Қайнар», 2009. -215с.
3. КазИнформ: <http://ets.kz/a470/?nt=100>
4. Заморозки и осадки сдержали посев озимой пшеницы на юге Казахстана. inbusiness.kz.11 Ноябрь 2020.Ссылка: <https://inbusiness.kz/ru/last/zamorozki-i-osadki-sderzhali-posev-ozimoy-pshenicy-na-yuge-kazahstana>
5. Доспехов Н.А.Методика полевого опыта. – М.Колос, 1985. -185с.

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА СОРТОВ МЯГКОЙ ПШЕНИЦЫ РАЗЛИЧНОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ ПО ПРОДУКТИВНОСТИ И КАЧЕСТВУ В УСЛОВИЯХ ТОО «СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ СХОС»

Гордеева Е.А., к.с.х.н., доцент

Шестакова Н.А., доцент

Джикия Л.А., магистрант 2 курса

Казахский агротехнический университет им.С. Сейфуллина, г. Нур-Султан.

Правильный выбор сорта для определенной местности и желаемого направления использования зерна имеет первостепенное значение для успеха выращивания зерновых культур [1]. По мнению А. А. Жученко (1980), высокий и стабильный урожай сортов может быть достигнут при сочетании в сорте двух показателей: высокая продуктивность и устойчивость к неблагоприятным условиям среды.

Урожайность пшеницы зависит не только от факторов окружающей среды, но и возделываемых сортов, благодаря тому, что пластичность и адаптивность к различным условиям возделывания являются существенными сортовыми признаками, устанавливающими его продуктивную стабильность [2, 3]. Прогресс в улучшении урожайности растений зависит от выявления генотипов, лучше адаптированных к окружающей среде [4]. Урожайность зависит от сильного взаимодействия между генотипом и окружающей средой в поле, особенно в условиях абиотических ограничений, таких как дефицит почвенной влаги (засуха) и высокая температура (жара), поскольку условия окружающей среды демонстрируют сильные колебания в течение всего цикла урожая [5].

Целью данной работы являлось изучение и подбор адаптированных сортов мягкой пшеницы, различного эколого-географического происхождения, для Северо-Казахстанской СХОС. В соответствии с поставленной целью работы проводились фенологические наблюдения, оценивались элементы структуры урожая, технологические качества и урожай. Объектом исследования являлись 17 сортов мягкой пшеницы российского и казахстанского происхождения. Стандартом являлся - сорт Астана.

Почва опытного участка по содержанию гумуса относится к среднегумусовым. Содержание гумуса составляет 3.6%, рН почвы - 7.2. Посев проводился по паровому предшественнику, с нормой высева для пшеницы 3,5 млн. в.с. на га. Срок посева 25 мая, глубина посева 5-6 см. Для посева использовались семена, отвечающие требованиям 1-го класса посевного стандарта. Повторность в опытах 3-кратная, площадь делянок 100 м², учетная 70 м², размещение делянок последовательное.

В фазу полных всходов вели учет густоты стояния растений, элементы структуры урожая перед уборкой по «Методике проведения сортоиспытания сельскохозяйственных растений» (2011), на пробных площадках 0,25 м² по диагонали делянки в 4-й повторности.

Качество зерна определяли в «Лаборатории оценки качества растениеводческой продукции» НАО КАТУ им.С.Сейфуллина. Качество зерна яровой пшеницы оценивали по ряду показателей в соответствии с требованиями ГОСТов при помощи инфракрасного анализатора NirFlex, оценку в соответствии с ГОСТ 9353-2016 Межгосударственный стандарт «Пшеница. Технические условия».

Уборка была проведена при помощи комбайна САМПО прямым комбайнированием при влажности семян 15% на учетной площади делянки. Учет урожая проводили взвешиванием урожая зерна с каждой делянки и одновременно определением его влажности. Путем приведения зерна к стандартной влажности 14% и 100% чистоте, определяли фактическую урожайность.

Результаты исследований. На протяжении всей вегетации рост и развитие растений за-

висит от влияния факторов внешней среды. Условия для посева в 2020 года были на уровне среднемноголетних. Температурный режим мая был выше предела среднемноголетней нормы (12,70 С) на 5,20 С, количество выпавших осадков составило 28,1 мм за месяц, этот показатель находился в пределах среднемноголетней нормы (28,1 мм). В совокупности все эти показатели оказали свое воздействие на появление дружных всходов. Июнь характеризовался засушливой погодой. В первые две декады осадки были незначительные, что объясняется не продолжительными морозящими дождями. Осадков в течение месяца выпало 35,9мм, что составляет 84% от нормы, распределение осадков по декадам было неравномерным. Среднесуточная температура воздуха в июне месяце составила 16,40 С на 2,20 С ниже многолетнего показателя.

Существенное выпадение осадков отмечено в июле месяце. Среднемесячное количество осадков, при норме 71,0мм, составило 75,6мм. Осадки совпали с критическим периодом выхода в трубку -колошение, что благоприятно сказалось на продуктивности колоса. Температурный режим был незначительно выше многолетних данных -21,40 С, с отклонением +1,40С. За летний период выпало осадков 161,2мм при норме 162мм. Сумма положительных температур за вегетационный период составила 23040 С, что соответствует температурной норме для ранних и среднеспелых сортов пшеницы.

Массовые всходы пшеницы в сравнительном испытании вне зависимости от сорта появились 30 мая. Быстрому появлению всходов способствовали высокие среднесуточные температуры после посева (19-200 С) и значительные осадки в конце мая. По сортам фаза кущения пришлась на 14-16 июня, а на контрольном варианте с 12 июня. Фаза колошения на контроле пришлась на 5 июля, на остальных вариантах наступила 10 июля. Созревание проходило при пониженной влагообеспеченности посевов и среднесуточной температуре 19,80 С.

В создании сортов большое значение имеет продолжительность вегетационного периода, при этом немалую роль представляют, как наследственные особенности сорта, так и комплекс почвенно-климатических и агротехнических условий [6]. Продолжительность вегетационного периода является важным биологическим, адаптивным и хозяйственно-ценным свойством в селекции пшеницы [7]. Во многом продолжительность вегетационного периода зависит от совокупности складывающихся условий окружающей среды, в которых протекает развитие сорта, а не только от генотипа [8].

На продолжительность вегетационного периода по вариантам повлияла продолжительность межфазных периодов. Так продолжительность вегетационного периода колебалась от 86 суток и до 91 суток (таблица 1).

Таблица 1-Продолжительность вегетационного периода сортов яровой мягкой пшеницы

Наименование сорта	Длина вегетационного периода, дней
Гренада, Тюменская 29	86
Карагандинская 30	87
Астана (контроль), Лютесценс 1879, Лютесценс 480, СКЭНТ-3, Атланта, Тюменская 25, Барыс, Оскемен, Карагандинская 60, Карагандинская 31, Сары арка сапасы	88
Лютесценс 321, Лютесценс 2389, РИКС	91

Продолжительность межфазного периода всходы -колошение у сортов Казахстанской селекции составлял 40 дней, у сортов Российской селекции данный период был примерно одинаковый (41 день). Длительность периода колошение-созревание у Казахстанских сортов составлял от 47 до 48 дней у Российской группы сортов от 45 до 50 дней.

Важным показателем адаптации сорта является густота стояния растений, всхожесть

и сохранность растений перед уборкой. Все исследуемые сорта были в одинаковых условиях, для посева использованы семена первого класса. Высокие показатели полевой всхожести определялись массовыми осадками и в следствие высокой влагообеспеченностью посевов в период посев-всходы.

Формирование густоты стояния сортов мягкой пшеницы казахстанской селекции отображено на графике 1




График 1- Формирование густоты стояния сортов мягкой пшеницы Казахстанской селекции.

По графику 1 видно, что среди изучаемых вариантов сорт Карагандинская 60 отличился более высокими адаптационными свойствами, по сохранности растений к уборке отклонение от контроля составило +10%.

Урожайность определяется числом плодоносящих стеблей на единице площади и продуктивностью колоса. Основным условием образования оптимального числа колосьев в высокопродуктивном посеве является определенное число растений на единице площади, которое зависит от принятых в зоне норм высева, полевой всхожести семян и выживаемости растений в период вегетации[9].

Формирование густоты стояния сортов мягкой пшеницы Российской селекции показано на графике 2.




График 2- Формирование густоты стояния сортов мягкой пшеницы Российской селекции.

Из сортов Российской селекции согласно графику 2 выделен по сохранности растений сорт Атланта (93%), наименьшим показателем обладал сорт РИКС отклонение от контроля составило -5%.

По полученным данным (таблица 2) наибольшим числом зерен с колоса отличился сорт Атланта -36 шт, незначительно по этому показателю уступали сорта Карагандинская

60 и сорта Лютесценс 480-35штук с колоса. Сорт Сары арка сапасы отличался наименьшей озерненностью, данный показатель составлял-21шт с колоса. По показателю массы зерна с колоса отличились сорта Карагандинская 60 (1,27г), Атланта (1,25г), Гренада (1,18г) (таблица 3). Наибольшей массой 1000 семян обладают сорта Карагандинская 31 (40г), СКЭНТ -3 (38,6г), Гренада (38г).

Таблица 2- Показатели продуктивности сортов мягкой пшеницы

Сорт	Озерненность, шт	Масса 1000семян,г	Урожайность при влажности 14% ц/га	Отклонение от контроля
1	2	3	4	5
Астана (контроль)	31	31,8	25,3	-
Лютесценс 1879	31	36,7	29,4	+4,1
Лютесценс 480	35	33,2	26,8	+1,5
Лютесценс 321	27	37,8	27,9	+2,6
Лютесценс 2389	29	36,0	27,7	+2,4
РИКС	28	35,0	30,1	+4,8
СКЭНТ 3	28	38,6	31,7	+6,4
Гренада	32	38,0	27,8	+2,5
Атланта	36	34,7	26,5	+1,2
Тюменская 25	32	33,5	23,3	-2,0
Тюменская 29	29	37,1	26,3	-1,0
Барыс	22	37,5	24,9	-0,4
Оскемен	31	33,5	22,7	-2,6
Карагандинская 30	34	37,0	29,5	+4,2
Карагандинская 60	35	37,2	28,4	+3,1
Карагандинская 31	31	40,0	28,3	+3,0
Сары арка сапасы	21	30,7	24,5	-0,8
НСР05			1,2	

Корреляция по элементам продуктивности была слабой между густотой стояния растений и урожайностью (0,33), между озерненностью колоса и урожайностью очень слабой (0,15). Выявлено преимущество по уровню урожайности зерна сортов мягкой яровой пшеницы с массой 1000 семян. Урожайность сильно зависит от массы зерна колоса: $r = 0,6$.

По результатам исследований показано что наибольшей продуктивностью обладают среди сортов российского происхождения сорт СКЭНТ-3 на уровне 31,7ц/га и РИКС(30,1ц/га), а из сортов казахстанской селекции выделился сорт Карагандинская 30 (29,5ц/га), наименьшая урожайность была отмечена у сорта Оскемен (22,7ц/га).

По количеству и качеству зерно пшеницы делится на классы. В зерне пшеницы содержание белка колеблется в пределах 9-15% в зависимости от сорта, места произрастания, почвенно-климатических условий и других факторов. Среди изучаемых сортов казахстанского происхождения по содержанию белка отличился сорт Оскемен, массовая доля его составила 16,0%, отклонение от контроля составило +1,6%, а наиболее низким показателем белка обладал сорт Карагандинская 31(13,1%). Среди сортов Российского происхождения отличился сорт Лютесценс 1879 содержание белка было 16,3%, а самый низкий показатель по белку был у сорта СКЭНТ-3 12% (отклонение от контроля -2,4). Согласно С Т РК 1046-2008 сорта казахстанского происхождения относятся к высшему и второму классу пшеницы, российские сорта обладают высшим, а также третьим классом.

Изучение и анализ сортов мягкой пшеницы в условиях Северного Казахстана позволило выделить высокопродуктивные сорта СКЭНТ-3, РИКС и Карагандинская 30. Их можно отнести к пластичным сортам, несмотря на существенный уровень изменчивости отдельных элементов продуктивности, уровень урожайности по этим сортам был от 29,5ц/га до 31,7ц/га. В соответствии с нашими проведенными исследованиями в условиях Северного Казахстана содержание белка в зерне по сортам Российской селекции составляло от 12% до 16,3%, по сортам Казахстанской селекции было на уровне 13,1%-16,0%. Изменение количества белка в зерне во многом зависит от почвенно-климатических условий, сорта и уровня агротехники.

Список литературы:

1. Шпаар Д. Зерновые культуры / Д. Шпаар, Ф. Эллмер, А. Постников. – Минск: Аинформ, 2000. – 421 с.
2. Крючков А.Г. Урожайность озимых культур в стрессовых ситуациях / А.Г. Крючков, В.Е. Тихонов, В.А. Чеснокова и др. // Наука и хлеб: вопросы теории и практики. – Оренбург, 1995. – Вып. 2. – 19-26 с.
3. Шехурдин А.П. Избранные сочинения / А.П. Шехурдин. – Москва: Сельхозгиз, 1961. – 207-210 с.
4. K. Chenu, M. Cooper, G. L. Hammer, K. L. Mathews, M. F. Dreccer, S. C. Chapman, Environment characterization as an aid to wheat improvement: interpreting genotype–environment interactions by modelling water-deficit patterns in North-Eastern Australia. *Journal of Experimental Botany*, Volume 62, Issue 6, March 2011, P. 1743-1755.
5. Boris Parent, Julien Bonneau, Lance Maphosa, Alex Kovalchuk, Peter Langridge, and Delphine Fleury, Quantifying Wheat Sensitivities to Environmental Constraints to Dissect Genotype × Environment Interactions in the Field. *Plant Physiol.* 2017 Jul; 174(3): P.1669-1682.
6. Антонова А. С. Геном растений. Киев: Наукова думка, 1978. – 284 с.
7. Подгорный С.В. Результаты изучения коллекционного материала мягкой озимой пшеницы в условиях ростовской области / С.В. Подгорный, А.П. Самофалов // Зерновое хозяйство России. – 2013. – № 1. – С. 9-13.
8. Плешков С.А. Селекционное изучение исходного материала озимой тритикале в условиях лесостепи Центрально-Черноземного региона России / С.А. Плешков // Диссертация на соискание ученой степени кандидата сельскохозяйственных наук. 06.01.05. – Селекция и семеноводство. – Воронеж, 2003. – 145 с.
9. Зыкин В. А., Экологическая пластичность и селекция яровой пшеницы к неблагоприятным факторам среды // Тезисы докладов на 9-ом конгрессе ЕУКАРПИЯ. Л., 1980. – 18 с.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚҚА ТӨЗІМДІ ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖАЗДЫҚ АРПА СОРТТАРЫН ІРІКТЕУ

*Ғабдола Ә.Ж., 2 – курс магистранты
Жанбыршина Н.Ж., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Нұр-Сұлтан қаласы, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ*

Кіріспе. Арпа - біздің елімізде үлкен сұранысқа ие дақылдың бірі. Арпа дақылы жан – жақты қолданылады: мал азығы ретінде, жарма және сыра өндірісінде. Сонымен қатар басқа елдерде арпаны тағамдық мақсатта майлар мен антиоксиданттар көзі ретінде пайдаланады[1].

Жаһандық жылыну мен мал азықтық және нан пісіруге арналған астықтың қымбаттауына байланысты құрғақшылыққа төзімді астық дақылдары сорттарын алудың маңызы артуда. Арпа егістіктері негізінен егіншілік тұрақсыз аймақтарда орналасады, ал ол жердегі негізгі шектеуші фактор – ылғал жеткіліксіздігі, демек бұл құрғақшылыққа төзімді сорттардың қаншалықты маңызды екендігін тағы да көрсетеді [2,3].

Арпаның басқа астық дақылдарынан ерекшелігі вегетация кезеңінің қысқалығы мен құрғақшылыққа төзімділігі болып табылады. Солтүстік өңірлерде өсірілетін арпа сорттарының вегетациялық кезеңі 68-80 тәулікті құрайды. Жылуға қоятын талаптары жоғары емес, оның тұқымдары 1-2°C жылулықта өне бастайды. Ылғалға қоятын талаптары да басқа дақылдармен салыстырғанда төмен. Арпа ылғалды үнемді пайдаланады. Оның қиын – қыстау кезеңі қысқа, ол түптену мен түтікке шығу кезеңдеріне сәйкес келеді. Ол ерте пісетін дақыл болғандықтан, оны құрғақшылыққа төзімді дақылдар қатарына жатқызамыз [4].

Ақмола облысының климаты температураның, ылғалдылықтың және басқа да метеорологиялық көрсеткіштердің тәуліктік және жылдық өзгергіштігімен сипатталады. Облыс климаты шұғыл континенталды екені мәлім. Оның қысы ұзақ, жазы ыстық әрі құрғақ болып келеді. Облыстың орталық бөліктерінде шамамен 350 мм, ал шығысында 400 мм жауын – шашын түседі. Желдің орташа жылдық көрестекіші 3,4 – тен 5,4 м/с жетеді [5].

Құрғақшылық - жоғары өнім алуды шектеуші факторлардың бірі. Мамандардың болжамы бойынша климаттың жаһандық өзгеруіне байланысты орташа температураның өсуіне байланысты экстремалды ыстық (құрғақ) және суық жылдар саны артады. Құрғақшылық жиі қайталанып ауыл шаруашылығына орасан зор залал тигізеді [6].

Ақмола облысының климаттық жағдайына байланысты құрғақшылыққа төзімді сорттар алудың қаншалықты маңызды екенін аңғара аламыз. Жоғары өнім алу - кез келген шаруашылықтың басты мақсаты.

Зерттеу жұмысының мақсаты: арпаның әлемдік коллекциясын зерделей отыра, жоғары өнімді және құрғақшылыққа төзімді сорттарын іріктеп алу.

Зерттеу нысаны мен әдісі. Зерттеу нысаны ретінде жаздық арпаның әлемдік коллекциясы алынды. Ақмола облысында аудастырылған Астана 2000 стандарт сорт болып таңдап алынды. Зерттеу танабы Целиноград ауданы, Қабанбай селолық округінде орналасты. Себу жұмыстары бүкіл ресейлік өсімдік шаруашылығы институтының «Сұлы мен арпаның әлемдік коллекциясын зерттеу мен сақтау» әдістемелік нұсқаулығына сәйкес жүргізілді. Жаздық арпа қолмен 22 мамырда себілді. Мөлдек ауданы – 1 м². Қатараралықтары – 15 см, мөлдектер арасы – 30 см. Себу мөлшері - 1 м²-ге 350 тұқым. Астана 2000 сорты әр 10 сорттан кейін орналастырылды (кесте 1).

Кесте 1 – Зерттеу жұмысына таңдап алынған жаздық арпа сорттары

№	Сорт атауы	Шығу тегі
1	Астана 2000,st	Қазақстан
2	Keel	Аустралия
	Lockyer-B	Аустралия
4	Mackay	Аустралия
5	Macquarie	Аустралия
6	Macumba	Аустралия
7	Maritime	Аустралия
8	Onslow	Аустралия
9	Orange	Аустралия
10	Oxford	Аустралия
11	Pallas	Швеция

1 – кесте әлемдік коллекциядан таңдап алынған жаздық арпаның сорт үлгілері келтірілген. Сорттардың тоғызы аустралиялық және біреуі швециялық болып табылады.

Фенологиялық бақылаулар уақытылы жүргізіліп, танаптық журналға жазылып отырды. Вегетациялық кезең ұзақтығы бойынша барлық сорт үлгілері орташа мерзімде пісетіндерге жатқызылды.

Сорт үлгілері құрғақшылыққа төзімділігі олардың солу дәрежесіне байланысты анықталды. Оларды 5 баллдық шәкілмен бағалайды:

- 5 – құрғақшылықпен зақымдалмаған;
- 4 – солу белгілері бар, бірақ қатты емес;
- 3 – құрғақшылыққа байланысты солу белгілері бар, яғни жапырақтары сарғайған;
- 2 – жапырақтардың біршама бөлігі сарғайып, солған;
- 1 – барлық жапырақтары солған [5].

Құрғақшылыққа төзімділігі бойынша жаздық арпа сорт үлгілері осы шәкілге сәйкес бағаланды (2 - кесте).

Кесте 2 – құрғақшылыққа төзімділігі бойынша арпа сорт үлгілерін бағалау

Мөлдек нөмірі	Сорт үлгі	Құрғақшылыққа төзімділігі, балл
40	Astana 2000	5
41	Keel	5
42	Lockyer-B	3
43	Mackay	5
44	Macquarie	5
45	Macumba	4
46	Maritime	3
47	Onslow	4
48	Orange	5
49	Oxford	5
50	Pallas	4

2 – кесте мәліметтерінде көрсетілгендей, 5 сорт үлгісі құрғақшылық әсерінен зақымдалмаған, 3 сорт үлгісіне құрғақшылық шамалы әсер еткен, ал қалған екі сорт үлгі 3 баллмен бағаланды, яғни басқа сорт үлгілерімен салыстырғанда құрғақшылыққа төзімділігі төмен. Құрғақшылыққа жоғары төзімділік көрсеткен сорттар: Keel, Mackay, Macquarie, Orange, Oxford.

Өнімділік – маңызды көрсеткіштердің бірі. Әлемдік коллекциядан жоғары өнімді сорт үлгілерін іріктеп алудың да маңызы зор. Зерттеу танабында өсірілген сорт үлгілерінің өнімділігі 3 - кестеде келтірілген.

Кесте 3- Сорт үлгілерінің өнімділігі

№	Сорт үлгілері	Өнімділігі, ц/га
1	Астана 2000,st	60,0
2	Keel	29,0
3	Lockyer-B	45,0
5	Macquarie	62,0
6	Macumba	29,0
7	Maritime	43,0
8	Onslow	60,0
9	Orange	65,0
10	Oxford	45,0
11	Pallas	32,0

3 – кестеге сәйкес ең жоғары өнімділікті Orange сорты 65,0 ц/га және Macquarie 62,0 ц/га көрсетті. Стандарт сорттың өнімділігі – 60 ц/га. Аталған екі сорттың өнімділігі стандарттан жоғары болды.

Қорытынды. Қазіргі таңда арпаға деген сұраныс күн санап өсуде. Ол негізінен еліміздің солтүстік өңірлерінде өсіріледі. Ақмола облысың климаты шұғыл континенталды екенін ескере отыра, жоғары өнімді және құрғақшылыққа төзімді сорттарды алудың қаншалықты маңызды екенін түсіне аламыз. Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес Orange және Macquarie сорт үлгілерінің құрғақшылыққа төзімділігі мен өнімділігі стандарт сорттан жоғары болды. Аталған екі сорт үлгісін болашақта Ақмола облысында аудандастырып, өсіруге мүмкіндік бар деп түйіндейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Апушев А.Қ, т.б. «Өсімдік шаруашылығы» – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011;
2. Васим Х., Туманян А. Ф., Тютюма Н.В. Засухоустойчивость сортообразцов ярового ячменя. Вестник РУДН, серия Агрономия и животноводство, 2010, № 2 - 43-46;
3. Сластя И.В. Использование соединений кремния для повышения продуктивности сортов ярового ячменя в условиях водного стресса. Сельскохозяйственная биология, 2013, № 2, 109;
4. Драгавцев В.А., Михаиленко И.М., Проскуряков М.А. Неканонический подход к решению задачи наследственного повышения засухоустойчивости у растений (на примере хлебных злаков). Сельскохозяйственная биология, 2017, том 52, №3, с. 487-500;
5. Агроклиматические ресурсы Акмолинской области научно-прикладной справочник, Астана – 2017;
6. ВИР «Методические указания по изучению и сохранению мировой коллекции ячменя и овса», 2012 г.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ФУНГИЦИДОВ ПРОТИВ ГЕЛЬМИНТОСПОРИОЗА ЯЧМЕНЯ

*Енбеков Д.Е., магистрант
г.Нур-Султан, Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина*

Вредоносность болезней сельскохозяйственных культур в Казахстане постоянно проявляется и зависит от природно-климатических условий, интенсивности развития болезней и других факторов.

В Казахстане яровой ячмень является важнейшей зерновой культурой, значение которой определяется широким использованием зерна ячменя на фуражные цели и в качестве сырья для пищевой промышленности [1].

Структура посевных площадей ежегодно меняется, но в ней по-прежнему доминируют зерновые культуры, в том числе и ячмень.

По данным МСХ РК, значительная доля посевов отведена пшенице и ячменю, с 2011 года посевы пшеницы сократились с 13,8 млн. га до 11,381 млн га (в 2019 г. – 11,385 млн га), а ячменя – на 2,808 (в 2019г.-2,997) млн га.

Из – за болезней ячменя урожай снижается на 20-30% [2]. Вместе с тем, ячмень поражается большим числом различных болезней, относящихся к группе гельминтоспориозов. При этом, развитие таких болезней на культуре носит комплексный характер, затрагивая практически все органы растения. Основными источниками инфекции служат

растительные остатки и почва. Для гелиминтоспориума передатчиками инфекции могут быть и семена.

Изучение гелиминтоспориоза ячменя в северном регионе, постоянно требует большого внимания.

И одним из факторов повышения урожайности ячменя, является проведение фунгицидных обработок. В связи с этим поставлена была задача изучить эффективность фунгицидных обработок против гелиминтоспориоза ячменя в условиях АО "Агрофирма" Актык" Акмолинской области.

Объекты и методы. Для решения задачи на темно – каштановых почвах АО "Агрофирма" Актык" Акмолинской области были заложены полевые опыты по общепринятой методике, включающей различные фунгициды. Опыты закладывались в трехкратной повторности. Норма высева семян 140 кг/га, засеяно сеялкой СЗС – 2,1. Высевался сорт ячменя «Астана 2000». Предшественник - пар. Семена характеризовались энергией прорастания и лабораторной всхожестью (70-87%). В опытах изучались развитие и распространение болезни семенного материала в вегетационный период, определение эффективности фунгицидных обработок.

Методы учета болезни: Через каждые 25-50 шагов осматривают или берут штук 8 проб по 11-16 стеблей в пробе. При одинаковом распространении болезни пробы можно отбирать с абсолютно любой из сторон поля - треугольником или прямоугольником, тем самым отступив 20-55 м от края поля, идя в глубину посева. Глазомерную оценку развития болезней обычно проводят по этой шкале [3]:

- 0 – растения здоровые;
- 1 – слабое поражение органа или растения;
- 2 – среднее поражение, сильно пораженных органов нет;
- 3 – сильное поражение органов и гибель растений

Результаты исследований. 2020 год в условиях АО "Агрофирмы" Актык", где проводились исследования, был умеренно влажным по сравнению с 2019 годом. Агрометеорологические условия вегетационного периода ярового ячменя в 2020 году, складывались сравнительно благоприятно для развития болезней.

Средние показатели осадков в весенне-летний период с мая по август составили соответственно 15 мм; 32мм; 26,9 мм и 21,5 мм, а отклонение от среднегодового значения имела соответственно -5,4 мм; +12,1 мм; -6,8 мм и +17,9 мм. Температурный фон с мая по август составило соответственно 20,90С; 21,80С; 24,40С и 22,70С [4].

Фитосанитарная оценка начинается с анализа семенного материала ячменя на зараженность патогенами [6] для определения их видового состава, при котором делается выбор протравителя (таблица 1,2).

Таблица 1 - Фитопатологический анализ семян сорта Астана 2000.

Всего,%		По видам возбудителей,%			
Пораженных	Здоровых	Alternaria spp.	Helminthosporium	Fusarium spp	Penicilium
14,0	86,0	8,5	3,5	0,5	-

Данные исследований на зараженность семян ячменя показывает, что преобладающим видом семенной инфекции является возбудитель Alternariaspp.-8,5%.

Таблица 2 - Результаты лабораторной всхожести семян Астана 2000

№	Вариант	Энергия прорастания, %	Лабораторная всхожесть, %	Болезни,%	
				здоровые	больные
1	Непротравленные семена	70	87	86	14
2	Протравленные семена	75	89	89	11

Инфицированность семенного материала ячменя, позволяет проведение протравливания семян в целях защиты от болезней, а также сдерживание их в период вегетации на начальном этапе развития культуры. Семена ячменя протравливали Сильверато, к.с. (флутриафол, 200г/л) с нормой расхода 0,12 л/т [5].



Рисунок 1. Фаза развития ячменя 2-3 листочка

Дальнейшее наблюдение за развитием и распространением болезней, показало, что в основном они зависят от погодных условий и складывающейся фитосанитарной ситуации. При систематическом наблюдении за развитием болезней корневой системы и пятнистостей в фазу всходов ячменя не наблюдалось. Гельминтоспориозная пятнистость характеризуется появлением на пораженных органах темных пятен, в дальнейшем состоящих преимущественно из отмерших клеток. Вредоносность её заключается в уменьшении ассимиляционной поверхности, усыхании листьев, нарушении фотосинтеза, что приводит к недоразвитости репродуктивных органов, преждевременному созреванию растений, пустоколосости.



а

б

Рисунок 2. Фаза кущения (а) и трубкования (б) сорта Астана 2000

В период вегетации ячменя в фазу конца кушения проведена фунгицидная обработка следующими препаратами: Эмити,к.с.(азоксистробин 90 г/л, тебуконазол 317 г/л, флутриафол 93 г/л) с нормой расхода 0,25 л/га и Оптимом (пиракlostробин 200 г/л), с нормами расхода 0,6 л/га (таблица 3).

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Өсімдіктен алынатын дәрілік заттарды клиникаға дейінгі токсикологиялық зерттеу кезінде клиникалық сынақтар жүргізу оны практикада кеңінен пайдалануда теріс әсерлер қаупін барынша азайту үшін өсімдік және оны қолдану тәжірибесі, шикізат сапасы, химиялық құрылымы, әсер етуші компоненттері мен дәрілік нысаны туралы ақпаратты ескеру қажет[1].

Calligonum leucocladum Bunge (ақ қабықты жүзгін, *Polygonaceae* тұқ.) - бұта, биіктігі 50-120 см. Қазақстанның шөл және шөлейт далаларында 30-ға жуық түрі кездеседі. Көптеген авторлар жүзгін бойындағы таниндердің жоғары мөлшерін (10-12% дейін), лимон қышқылын(5% дейін), алкалоидтарды (1,3% дейін), флавоноидтарды (0,31-0,61%),

полисахаридтерді, кумариндерді және қабынуға қарсы және ісікке қарсы қасиеттері бар лейкоантоцианидиндерді бар екендігін атап өтеді[2].

Табиғаттағы жүзгіннің үлкен қоры, оңы дәрілік шикізаттың ықтимал көздері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жүзгіннің негізінде жақсы емдік әсерді қамтамасыз ететін препараттар өндірісін дамытуға болады[3].

Badria, F.A., Ameen, M., Akl, M.R. зерттеулерінде Мысырлық шөлді өсімдік *Calligonum comosum* (*Polygonaceae*) бойынан мұнай эфирі, метанол және этил ацетаты көмегімен фракцияларын шығарып алған. Метанол сығындысы және басқа да фракциялары тұзды ашяндарға қарсы әсеріне зерттелген, осыдан олардың ісікке қарсы белсенділігіне сыналды. *Calligonum comosum* этил ацетатты фракциясы барлық талдауларда белсенді болды. Барлық оқшауланған қосылыстарда цитоуыттылық белсенділігі анықталды [4].

Khan, Arif; Khan, Rahmat Ali; Ahmed, Mushtaq "in vitro" зерттеулерінде *Calligonum polygonoides* өсімдігі метанол сығындысының цитотоксикалық белсенділігі өлшенді. Цитотоксикалыққа жүргізілген зерттеу нәтижелері *Artemia* шаяндарының 80% өлім-жітімі 1000 мг/мл өсімдік сығындысының концентрациясында байқалғанын көрсетеді. Алынған нәтижелер *C. Polygonoides*-тің цитотоксикалық қасиеттері бар екенін дәлелдейді[5].

Abdo W, Hirata A, Shukry M, et al. *Calligonum comosum* сығындысы егеуқұйрықтардың гепатокарциногенез моделінде зерттеген. Осының нәтижесінде бауырдың сарысулық ферменттері деңгейінің жоғарылауын, оның ішінде аспартатаминотрансферазаны, аланин трансаминазаны және γ-глутамилтрансферазаны қоса алғанда, сондай-ақ диэтилнитрозамин және трахлорметан индукциялаған сопақ жасушалардың пролиферация дәрежесін төмендеткендігі анықталды. *C. comosum*. гепатопротекторлық және химиопротективтік әсерге ие[6].

Фитопрепараттарды дұрыс қолдану мәселелері әлі де жеткілікті түрде кең және терең зерттелген жоқ. Кеңінен қолданылатын дәрілік шөптердің пайдалы қасиеттеріне, уыттылығы мен шөп-дәрілік өзара әрекеттесуін зерттеуге көп көңіл бөлу керек.

Зерттеуіміздің мақсаты *Calligonum leucocladum Bunge* этанол сығындысының цитоуыттық белсенділігін анықтау болып табылады.

Материалдар және зерттеу әдістері. Ғылыми-зерттеу жұмыстары С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ «Ветеринарлық медицина кафедрасында, Гумилев атындағы ЕҰУ қолданбалы химия институтының зертханасында жүргізілді.

C.leucocladum B. шикізаты Түркістан облысының Созақ ауданында жиналып, баяу түрде кептірілді. Кептірілген өсімдік шикізаты Polymix PX MFC 90D үгіткіш аспабымен ұсақталды. Экстракт алуда Сокслет аппараты қолданылды. Үгітілген шикізаттың 5,56 г аналитикалық таразымен өлшеніп, Сокслет экстракторында қайнау температурасында буланып, кері тоңазытқышта конденсацияланады. Экстракцияны роуторлы буландырғышта төмен температурада айдау әдісімен сұйықтық жойылды. Алынған экстрактен, еріту әдісімен әртүрлі концентрациядағы *C.leucocladum B.* сұйық сығындысы алынды.

Цитоуыттылыққа тексеру әдісі. Бөлгіші бар ыдысқа жасанды теңіз суына толтырып, оған 200 мг *Artemia salina* шаян балаңқұрттары, жұмыртқадан бөлініп шыққанға дейін 3 күн жұмсақ ауа беріліп тұрды. Бір жағын алюминий фольгамен 5 минут жауып, жарық жаққа жиналған балаңқұрттар Пастер пипеткасымен жиналынды.



А

Б

Сурет 1. А-Жасанды теңіз суын жасау; Б- *Artemia salina* личинкалары;

24 пластинаның әрқайсысына 990 мл теңіз суына 20-40 личинка орналастырылды. Өлген личинкалар саналды. 10 мг/мл үлгіге 10 мл диметилсульфоксид ерітіндісі қосылады. Салыстырмалы түрде актиномицин қолданылды. Теріс бақылау үшін 10 мл диметилсульфоксидін қосылады. 24 сағаттық инкубациядан кейін және 24 сағат аралығында өлі личинкалар есептелді. Жоғары цитостатикалық тиімділігі бар үлгілер (тірі құрттардың 5% -дан азы) 10, 5 және 1 мг/мл концентрациясымен қайтадан тексерілді.

Зерттеу нәтижелері

Цитоубыттылықты анықтау үшін *C.leuocladum* экстрактісінің 1 мг/мл, 5 мг/мл және 10 мг/мл концентрацияларда сыналды. *C.leuocladum* В. этанол сығындысының цитотоксикалығын зерттеу нәтижелері келесі кестелерде келтірілген (кесте1).

Кесте1-*C. leuocladum* экстрактісін әр түрлі концентрацияда тексеру

<i>C. leuocladum</i> экстрактісі 10 мг/мл									
Параллель	Бақылаудағы личинкалар саны		Үлгідегі личинкалар саны			Бақылаудағы тірі қалғандар%	Үлгідегі тірі қалғандар %	Өміршеңдігі, А,%	Нейроубыттылығы, %
	тірі.	өлген.	тірі	өлген.	сал.				
1	26	1	20	0	0	96	96	0	0
2	26	1	21	1	0				
3	25	0	21	0	0				
Ср	26	1	21	1	0				
<i>C. leuocladum</i> . экстрактісі 5 мг/мл									
1	26	1	19	0	0	96	96	0	0
2	26	1	20	2	0				
3	25	0	20	2	0				
Ср	26	1	20	1	0				
<i>C. Leuocladum</i> экстрактісі 1 мг/мл									
1	26	1	22	0	0	96	96	0	0
2	26	1	21	1	0				
3	25	0	24	2	0				
Ср	26	1	22	1	0				

C.leuocladum В. зерттеу нәтижелерін талдау барлық сыналатын (1 мг/мл, 5 мг/мл, 10мг/мл) концентрацияларында *Artemia* личинкаларына цитоубыттылығын көрсеткен жоқ.

Calligonum leucocladum этанол сығындысын клиникаға дейінгі зерттеу кезінде тірі жасушаларға цитоуыттылықтың болмауы анықталды.

Біздің *Calligonum leucocladum* цитотоксикалығын зерттеу нәтижелеріміз Badria, F.A. ж.б. (2007), Khan Arif ж.б.(2015) деректерімен сәйкес келмейді, бірақ бұл авторлар *Calligonum* басқа түрін және метанол сығындысының цитотоксикалық әсерін зерттеген, және де өсімдік сығындысының концентрациясы 1000 мг/мл кезінде алынған, ал біздің ұқсас зерттеулерімізде *Calligonum leucocladum* этанол сығындысының төмен концентрациясы (1 мг/мл, 5 мг/мл, 10 мг/мл) сыналды. Соңдықтан, *Calligonum leucocladum* цитоуыттылығын зерттеуді жалғастыру керек деп санаймыз.

Қолданылынған әдебиет тізімі

1. Крепкова Л.В., Бортникова В.В., Сокольская Т.А. Некоторые аспекты токсикологического изучения лекарственных препаратов, созданных на основе лекарственного растительного сырья//Фундаментальные исследования. – 2013. –№ 9.–Ч.2 –С. 256-258.
2. Dubinin, N.S., Litvinenko, V.I., Vorovskii, V.V. Flavonoids from the leaves of *Calligonum leucocladum*. *Chemistry of Natural Compounds*. 1976, 11(3), p. 442.
3. Байтенов М.С. Флора Казахстана. – Алматы, 2001. Т.2. – 280 с.
4. Badria, F.A., Ameen, M., Akl, M.R. Evaluation of cytotoxic compounds from *Calligonum comosum* L. growing in Egypt. *Zeitschrift fur Naturforschung - Section C Journal of Biosciences*. 2007, 62 (9-10), pp. 656-660.
5. Khan, Arif; Khan, Rahmat Ali; Ahmed, Mushtaq. In vitro antioxidant, antifungal and cytotoxic activity of methanolic extract of *Calligonum polygonoides*. *Bangladesh journal of Pharmacology*, 2015, 10, 2, pp 316-320.
6. Abdo W, Hirata A, Shukry M, et al. *Calligonum comosum* extract inhibits diethylnitrosamine-induced hepatocarcinogenesis in rats. *Oncol Lett*. 2015;10(2):716-722.

БИЕ СҮТІНІҢ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНАРЛЫҒЫ МЕН ҚАСИЕТІ

Төлеуханова Ж., 5-курс студенті
Жанабаева Д.К., PhD., аға оқытушы

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Сүт мыңдаған жылдар бойы табиғаттағы ең толық тамақ өнімі болып саналды және қазіргі уақытта әлемдегі 6 миллиардтан астам адамның рационында маңызды рөл атқарады [1]. Соның ішінде бие сүтін тек ересектер ғана ішіп қойған жоқ, бірақ оны балаларға да берді. Қытайда бие сүтін 3000 жыл бұрын емдік, әрі киелі өнім деп есептеген. Гиппократ сүттің емдік қасиеттері туралы, көбінесе чахотканы емдейтін қасиеті туралы жазып кеткен. Шығыста шейхтар бие сүтін «Алла жіберген дәрі» деп атаған. Өзінің құрамы мен биологиялық қасиеттері бойынша бие сүті ана сүтіне жақын [2].

Адамның туылып өмірге келгенінен бастап, қартайғанға дейінгі тағамының бірі ол – сүт болып табылады. Сүт-бұл адамдар үшін ең толық тамақ өнімі, себебі оның құрамында барлық қажетті қоректік заттар бар. Сүттің ең маңызды ерекшелігінің бірі, ол ағзаға оңай сіңетін қоректік заттардың ең қолайлы қатынасына ие екендігінде. Сүт желінде қаннан түзілетін, құрамында жүзден астам заты бар күрделі физиологиялық ерітінді. Сүт құрамында 89,5 %- су, 2%- ақуыз, 6,5%- сүт қанты, 1,7%- сүт майы, 0,3%- минералды заттар, көптеген витаминдер, ферменттер, газдар, гормондар, иммундық заттар, пигменттер болады. Осылардың ішіндегі ең бағалы зат ол- ақуыз [3]. Бие сүтінің

ақуызы- казеин, глобулин, альбумин фракцияларынан тұрады. Бие сүтін альбуминді деп атайды. Себебі, олардың 40% еритін альбуминдер мен глобулиндер, пептондар мен бос аминқышқылдарынан тұрады. Бие сүті ашығанда, оның құрылымы майда, борпылдақ масса түзеді. Осыдан пайда болған жұмсақ, әрі нәзік түйіршіктерді тілге тигізгенде дәмі сезіле қоймайды және ол сүттің сұйық консистенциясын мүлдем өзгертпейді. Ал сиыр сүтінде бұндай жағдай да ірімшік түзіледі. Сиырдың сүтіне қарағанда, бие сүті тез, жеңіл қорытылып, жылдам сіңеді.

Бие сүтінің майлары. Майлар немесе липидтер организмдегі негізгі энергия көзі болып табылады. Сонымен қатар, олар организмде қажет болған кезінде суды сақтауда маңызды рөл атқарады. Бие сүтіндегі май түйіршіктері, сиыр сүтіндегі май түйіршіктерінен ұсақ келгендіктен тез ыдырап, жылдам сіңіріледі. П.Берлиннің деректері бойынша бие сүтінің майындағы үлесі мол қанықпаған май қышқылдарының антимикробтық қасиеттерінің әсерінен өкпе құрты, яғни туберкулез таяқшаларының өсуі тежеледі. Бие сүтінен дайындалатын қымыздың шипалық қасиеті осында. Бие сүтінің майының балқу температурасы- 30градус, сиыр сүтінде- 34градус. Сонымен қатар, ол өте жоғарғы йод санына ие (101). Ал сиыр сүтінде йод саны тек 25-40-қа тең. Бие сүті майының қатаюы төмен болуына байланысты одан май жасау әс жүзінде мүмкін емес және бөлме температурасында сүт жартылай сұйық, әрі қоймалжың консистенциялы.

Сүт қанты, яғни лактоза, тек сүтте кездесетін глюкоза мен галактозадан тұратын екі сахарид- $C_{12}H_{22}O_{11}$ - қызылша қантынан 6 есе дәмсіздеу болса да, ағзадағы әр түрлі биохимиялық реакциялардың жүруіне қажет энергия қоры болып табылады. Бие сүтінде сиырдың сүтіне қарағанда біршама көп қант бар. Сүт қышқылды бактерия ферменттері мен ашытқылардың әсерінен сүт қантының ашуына байланысты бие сүтінен қымыз ашиды. Лактоза негізінен керемет энергия көзі. Ол адам ағзасындағы кальций алмасуын оңтайландыруға қабілетті. Сонымен қатар, ол ішек микрофлорасының қалыпты құрамын тиімді қолдайды. Және де ол ішекте шірік процесінің дамуына жол бермейді. Лактоза- жүйке жүйесінің күшті стимуляторы. Сондай-ақ көптеген сарапшылардың айтуы бойынша ол жүрек-тамыр ауруларының дамуына жол бермейді деп мәлімдейді [3, 4].

Витаминдер. Көптеген зертеулерге сүйенсек, бие сүтінде витаминдердің концентрациясы көп. Жануардан алынатын өнімдердің ішінде бие сүті С витамині (аскорбин қышқылы) бойынша бірінші орынды алады.оның профилактикалық қасиеті бар және де организмнің түрлі ауруға қарсы тұруына ықпал етеді. Бие сүтінде С витаминінің концентрациясы 98-135мг/л, ал сиыр сүті құрамындағы мөлшері 22-ден 30мг/л дейін ғана.

Қандағы холестеринді төмендету арқасында Е витамині емдік және профилактикалық қасиетке ие. Е витамині бие сүтінде сиыр сүтіне қарағанда 2,5 есе артық. Сонымен қатар, бие сүтінде А,В және Д тобының витаминдері де көп. Сүттің құрамында А витамині- 300 мкг/л, Е витамині- 1000 мкг/л, В1- 390 мкг/л, В2- 370 мкг/л, В6- 300 мкг/л, пантотен қышқылы- 1600 мкг/л мөлшерін құрайды.

Сүттің құнды компоненттерінің бірі минералды заттар болып табылады. Бие сүтінде сиыр сүтімен салыстырғанда минералды заттардың мөлшері екі есе аз болып келеді. Ең көп үлес кальций мен фосфорға тиесілі. Бие сүтінде басқада микроэлементтер бар. Олар- калий, натрий, кобальт, мыс, йод, марганец, мырыш, алюминий және темір бар. Олар метаболизмді жақсартып, тіндердің тыныс алуына және иммунитетке оң әсер етеді. Ғалымдардың айтуы бойынша микроэлементтер негізінен сүт ақуыздарымен байланысты мысалы, мырыш және кальций- казеинмен. Шамамен 25-35% темір мен мыс май шарларының бетінде орналасқан. Бие сүтіндегі минералды заттардың мөлшері айтарлықтай ауытқып отырады. 100г сүттің құрамында калий-64 мг, натрий-34 мг, фосфор – 54 мг, кальций-89 мг, мырыш-210 мкг, кремний – 65,9 мкг, мыс-22 мкг, темір – 88 мкг [2, 4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Park Y.W. Introduction: Overview of bioactive components in milk and dairy products. In: Park Y.W., editor. Bioactive Components in Milk and Dairy Products. Publishers, Wiley-Blackwell; Ames, Iowa: Oxford, UK: 2009. pp. 3–14.
2. Асанбаев Т.Ш. "Жылқы шаруашылығы қымыз және етін өндіру технологиясы". Алматы, 1998.
3. Канарейкина С.Г., Канарейкин В.И. "Кобылье молоко-уникальное сырьё для продуктов здорового питания". Москва. 2002.
4. Барақбаев Б. Сүт және сүт тағамдары, Алматы. 1989.
4. Қ.Бозымов «Жылқы және түйе шаруашылығы», Алматы «Қайнар» 1993.

ЭПИЗООТОЛОГИЧЕСКИЙ МОНИТОРИНГ ВЕТЕРИНАРНЫХ КЛИНИК ГОРОДА НУР-СУЛТАН ПО ПАРВОВИРУСНОМУ ЭНТЕРИТУ СОБАК

*Калиев Д.С., магистрант 2 курса
Байкадамова Г.А., к.в.н.,
доцент кафедры Ветеринарной медицины
Казахский агротехнический университет
им. С.Сейфуллина, Нур-Султан қ.*

Собака является одним из первых животных, прирученных человеком. С давних времен ее роль заключалась в помощи человеку при охоте и в роли рабочего животного.

Парвовирусный энтерит собак (ПВЭ) – остро протекающая контагиозная болезнь, являющаяся ведущей причиной заболеваемости и смертности собак во всем мире. Вирус распространяется не только на собак, потому что может вызывать инфекции у диких собак, таких как койоты и волки, а также у других диких животных, включая лис, енотов и скунсов. Щенки и собаки подросткового возраста особенно восприимчивы к парвовирусу.

Возбудителем является мелкий ДНК-содержащий вирус размером 18-28нм, относящийся к группе Parvoviridae. К болезни восприимчивы собаки всех пород. Высокая заболеваемость отмечается среди щенков в возрасте 1-6мес. Основным источником возбудителя инфекции служат больные собаки и вирусоносители. Вирус выделяется во внешнюю среду с калом и рвотными массами. Заражение здоровых собак происходит при контакте с предметами внешней среды, инфицированными выделениями больных животных. Для возникновения парвовирусного энтерита собак большое значение имеет наличие предрасполагающих факторов: плохого ухода, содержания и кормления, стрессовых ситуаций - перемена владельца, операции, глистная инвазия, склонности к желудочно-кишечным расстройствам. Инкубационный период при парвовирусном энтерите составляет обычно от 4 до 10 дней, а у 1-2 месячных щенков - 1-3 дня. В основном поражается тонкий отдел кишечника. Наиболее частые клинические признаки парвовирусного энтерита - это отсутствие аппетита, рвота и диарея. Боль в животе может быть признаком закупорки кишечника, что требует неотложной помощи.

Эту болезнь изучают более 30 лет, тем не менее, заболеваемость и смертность от парвовирусного энтерита собак имеет тенденцию роста. Впервые болезнь была установлена в 1970-х годах, быстро распространилась и вызвала вспышки во всем мире. Болезнь регистрировалась в США в 1977 году, Японии в 1978 году, в Нидерландах в 1979 году, в Венгрии в 1980 году. В странах СНГ заболевание регистрируется с начала 80-х годов. В настоящее время данное заболевание в Казахстане является малоизученной, литературные данные отсутствуют. В клиниках города Нур-Султан данное заболевание встречается

ся часто, но постановка диагноза затруднена.

С учетом вышеизложенного целью нашей работы стало исследование эпизоотического состояния ветеринарных клиник города Нур-Султан по парвовирусному энтериту собак.

В задачи исследований входило:

1. Исследовать эпизоотическое состояние ветеринарных клиник города по парвовирусному энтериту собак (заболеваемость, смертность любых возрастных групп, сезонность).

2. Изучить какие породы собак наиболее восприимчивы к заболеванию в клиниках города.

Материалы и методы исследований. Исследование по данной теме проводилось в рамках магистерской диссертации в ветеринарных клиниках ЦКФ «Зоосфера», «Друг» г. Нур-Султан. В работе были использованы статистические данные ветеринарных клиник (журналы регистрации больных животных и проведения вакцинаций, протоколы патологоанатомических вскрытий павших животных). Объектом исследования служили собаки разных пород и кошки. Согласно имеющимся сведениям в г. Нур-Султан 2015 год считается неблагополучным по парвовирусному энтериту собак, но с 2015–2020 гг. можно назвать годами «разгула» данной инфекции, вследствие того что смертность составляла обычно 50% и более, болезнь доставляла огромный материальный и моральный вред. Причиной этому послужил завоз новых пород собак, а также с ними новых штаммов парвовирусного энтерита.

Результаты исследований. Эпизоотическая ситуация города по ПВЭ собак изучали путем обработки имеющихся данных заболеваемости и смертности с 2015 по 2020 г. Наибольшее количество больных собак приходилось на 2015 г. – 54, на 2016 г. – 49. С 2017 г. происходил спад заболеваемости собак ПВЭ: количество больных – 35, в 2018 г. – 11 –, т.е. заболеваемость собак в 2018 г. уменьшилась по сравнению с 2015 г. в 3,9 раза. За 6 лет из 175 заболевших животных умерло – 44, что составляет 25,3%. Наибольшая смертность собак в городе от ПВЭ приходилась на 2015 г. – 41,2%, на 2016 г. – 33,2% и 2017 г. – 21,6%. В 2017 г. регистрируется снижение летальности по сравнению с 2020 г. в 7 раз. Парвовирусным энтеритом собаки болели в возрасте от 2-х до 12 месяцев, реже старше одного года. Максимальное число заболевших животных за 6 лет приходилось на 4-месячный возраст (входили и 3,5 мес.) – 35, что составляет 20,8%. В 7-месячном возрасте выявлено 21 заболевших, что составляет 12,1%, в 8-месячном соответственно 18 собак (9,6%), а в 9-месячном зафиксировано 16 заболевших (8,1%). Отсюда следует, что наибольший процент заболевших наблюдался среди невакцинированных щенков 3,5–5-месячного возраста (24,4–20,8%), а также среди неревакцинированных собак 7–12-месячного возраста (12,1–2,7%). Для изучения сезонности заболевания собак при данной инфекции в городе учитывали ежегодную заболеваемость животных по месяцам с 2015 по 2020 г. При изучении сезонности проявления парвовирусного энтерита собак установлено, что максимальное число заболевших собак приходилось на апрель месяц – 44, что составило 32%, май – 32 (19,1%), июнь – 20 (12,4%). В сентябре болело 19 собак, что составило 16,7%; октябре – 38 (22,2%); ноябре – 6 (5,2%). Заболеваемость парвовирусным энтеритом носила сезонный характер (весенне-осенний), но были и исключения. В большей степени подвержены парвовирусному энтериту были собаки породы ротвейлер – 58 заболевших (33,5%), немецкая овчарка – 44 заболевших (25,4%) и колли – 15 заболевших (8,8%). В меньшей степени подвержены данному заболеванию следующие породы собак: французский бульдог – 2 заболевших (0,7%); бультерьер – 1 заболевший (0,4%); американский стаффордширский терьер – 1 заболевший (0,2%), а заболевание собак породы шарпей не зарегистрировали ни одного случая за 6 лет. При заболевании парвовирусным энтеритом наибольшая летальность была отмечена у ротвейлеров – 27 случаев (46,3%); немецких овчарок – 9 случаев (20,4%) и колли – 5 случаев (9,7%). Также следует отме-

тить, что пределы сезонности заболевания были связаны с определенным числом чувствительных к вирусу собак с 2-месячного возраста и старше. Это существенно связано с периодами течки и щенности сук. В свою очередь максимальное число родившихся щенков и достигших 2-месячного возраста и старше приходилось на весенние (апрель 19,9% больных) и осенние (октябрь 16,9% больных) периоды.

Таблица 1. Заболевания парвовирусным энтеритом по годам

Вид	Год	Количество	Летальность
Собака	2015	54	41,2%
	2016	49	33,2%
	2017	35	21,6%
	2018	11	1,26%
	2019	12	1,32
	2020	14	1,39

Таблица 2. Сезонность ПВЭ

Сезонность	Количество	Летальность
Апрель	44	24,4%
Май	32	19,1%
Июнь	20	13,4%
Сентябрь	19	16,7%
Октябрь	38	22,2%
Ноябрь	6	5,2%

Таблица 3. Распространение ПВЭ среди пород собак

Порода	Количество	Летальность
Ротвейлер	58	33,5%
Немецкая овчарка	44	25,4%
Колли	15	8,8%
Французский бульдог	2	0,7%
Бультерьер	1	0,4%
Американский стаффорд-ширский терьер	1	0,2%
Шарпей	0	0

Выводы

1. Анализ эпизоотической ситуации наглядно показал, что парвовирусный энтерит собак имеет существенное распространение в г. Нур-Султан и за период с 2015 по 2020 г. регистрировался ежегодно. За 6 лет зарегистрировано 175 случаев заболевания собак парвовирусной инфекцией. В сентябре болело 19 (16,7%); октябре – 38 (22,2%); ноябре – 6 (5,2%).

2. Породы, наиболее подверженные заболеванию парвовирусный энтерит были ротвейлер (заболеваемость 33,5%, летальность 46,3%), немецкая овчарка (заболеваемость 25,4%, летальность 20,4%), колли (заболеваемость 8,8%, летальность 9,7%).

Список использованной литературы:

1. Локализация и ликвидация эпизоотий парвовирусного энтерита собак. Конференция по болезням мелких домашних животных / А.Г. Дурьманов, А.М.Шестопапов. 1996
2. [https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0195561620300759]

3. [<https://vetacademy.ru/obuchenie/stati/parvovirusnyy-enterit-sobak/>]
4. Лукьяновский В.А., Филиппов Ю.И., Копенкин Е.П. и др. Болезни собак. М.: Росагропромиздат, 1988..
5. [<https://www.vet.cornell.edu/departments-centers-and-institutes/baker-institute/our-research/animal-health-articles-and-helpful-links/canine-parvovirus>]
6. Корниенко Л.Е., Корниенко Л.М., Головаха В.И. и др. Формы течения и клинические признаки при парвовирусному энтерите.// Сборник материалов V Международной научно-практической конференции "Проблемы ветеринарного обслуживания мелких домашних животных", 2000

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ АТ-СПОРТЫ КЛУБТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ТРАВМАТИЗМ

*Өмірәлі А.Б., 2-курс магистранты
Доманов Д.И. в.ғк. - Ғылыми жетекшісі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Жарақат немесе зақымдану-патогендік факторлардың (механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, психикалық) бір мезгілде немесе ұзақ, қайталап әсер етуінен туындаған тіндер мен мүшелердегі анатомиялық немесе функционалдық бұзылыс. Травматизм келесі себептер нәтижесінде пайда болады:

- жануарларды ұстау және оларға күтім жасау ережелерін бұзу (ат қоралар мен олардың жабдықтарын сапасыз орнату, зоогигиеналық жағдайлары нашар, жылқылардың тар қораларда көптігі, ат-әбзелдерінің сапасы төмен болуы, жылқыны дұрыс жаю және міну қабілетсіздігі және т. б.) ;

- жылқыларды пайдалану ережелерін сақтамау. Мұндай жарақаттың түрлері спорттық болып табылады;

- көлік құралдарының нашар жабдықталуы, жол профилі, ұзақ тасымалдау және т. б. салдарынан болатын түрлі жарақаттар.;

- соғыс қимылдары нәтижесінде пайда болған жарақаттар [1,2].

Спорттық жылқылардың травматизмінің негізгі себептері жаттығулар мен жарыстардың нашар ұйымдастырылуы болып табылады. Жоғары спорттық нәтижелерге ұмтылу үшін жылқының физикалық және техникалық дайындығы әрдайым ескерілмейді. Күш пен төзімділікті дамытудың орнына жылқы денесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескерусіз жаттығулар жасалады [3,4].

Жарақаттар кейде қызмет көрсететін персоналдың, спортшылардың атқа бұрыс, дөрекі қарауынан туындайды. Жаттығуда біртектілік принципін және атқа индивидуалдылықты сақтамау кейбір жағдайларда шамадан тыс жүктеме, шаршау және жарақатқа әкеледі.

Жарақаттар жаттығулар мен Ат спорты жарыстарының жабдықталуының қанағаттанарлықсыз жағдайы, ат тағаларында бұдырлардың болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін, бұл кедергілерден секіру кезінде аттың құлауына әкелуі мүмкін. Жылқының нашар, дұрыс емес ер-тоқымы арқасында, шоқтығында және кеуде қабырғасында беткі бүлінулер, сызаттар мен жараларды тудырады.

Көбінесе эксплуатациялық (спорттық) жарақат (53,49%). Технологиялық жарақаттану 32,76% жағдайда тіркелді; көліктік жарақаттану - 7,11%; азықтық жарақаттану - 4,41%; жыныстық жарақаттану бірлі-жарым жағдайда тіркелді (2,23%). Жарақаттарға байланысты аурулардың жалпы санының көп бөлігі бұлшықеттер, сіңірлер мен аяқ буындары мен тұяқтардағы патологиясы (58,43%) болып келеді. Шоқтық, кеуде және бел аймағындағы жарақаттарға байланысты аурулар 29,27%; жамбас аймағында - 10,38%, бас аймағында -

1,92% құрады.[3].

Пайда болу себептеріне байланысты тендиниттерді үш топқа бөледі. Бірінші топ бұл шамадан тыс жүктеме салдарынан болған сіңір жарақаттары. Жылқылардағы тендониттердің екінші тобы аяқтарының дұрыс қойылмауы, яғни тегіс жерде тұрмауынан немесе сыртқы көрінісіндегі (экстерьер) ақаулардың салдарынан пайда болатын сіңір жарақаттарынан тұрады. Тендониттердің үшінші тобы дегенеративті тендиниттер деп аталады, яғни бастапқыда сіңір тінінде пайда болатын толық емес зақымданулар. [4].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты қазіргі уақытта емдеудің тиімді құралдары мен әдістерін іздестіру жұмыстары жалғасуда, емдеудің ең танымал әдістерінің бірі физиотерапияны қолдану болып табылады. Сонымен, Haussler К.К, және т.б. мәліметтері бойынша,(2021) контрасты терапияны қолдану тіндердің салқындауы мен қызуын жіліншіктің терең иілгішінің тереңдігіне қарай жүргізуге қабілетті болды [5].

Кейбір зерттеушілер жылқылардағы сіңір ауруын емдеу үшін жоғары қарқынды лазерлік терапияны қолдануды ұсынады. Жоғары қарқынды лазерлік терапияны қолдану сіңірлер мен байламдардың зақымдануы бар жылқылардағы визуалды ақсақтықты азайту, сонымен қатар зақымдану пайызын азайта отырып, зақымданудың эхогенділігінің өзгеруіне әсер етпестен анальгетикалық және ісінуге қарсы әсерге ықпал еткен [6].

Біздің зерттеуіміздің мақсаты Нұр-сұлтан қаласындағы "Алтын Тұлпар" ат спорты клубында жарақаттың таралуын зерттеу болды.

"Алтын Тұлпар" ат спорты клубы Мичурино кентінде орналасқан, сондай-ақ мұнда ат спортының спортшыларын дайындау үшін жылқыларды пайдаланады. Ат спорты кешеніне мынадай ғимараттар жиынтығы кіреді: жануарларды ұстауға арналған қоралар, әртүрлі көлемдігі манеждер, ашық спорт алаңдары. Жылқылардың қосымша серуендеуі үшін жайылым бар. Жануарларды жаттықтыруға арналған манеж бар. Бір уақытта 50 жылқыны ұстауға арналған қора, екі қатарлы орналасқан ені 3 м жалпы өту жолымен біріктірілген қоралар. Қоралардың өлшемдері 3*4 м. Қораның төбелерінің биіктігі 2,6 м. Әр қораның терезелері бар.

Ат спорты клубына тиесілі жылқылар арасындағы жарақатқа талдау жүргізу кезінде амбулаториялық журналдардың деректері ескерілді. Әр түрлі патологияларды анықтаған кезде жануарларды клиникалық диагностиканың жалпы қабылданған әдістеріне сәйкес клиникалық тексеру жүргізілді. Жануарды тексеру кезінде жануардың денесінің кеңістіктегі жағдайына, қондылығына, дене бітіміне, конституциясына назар аударылды, термометрия жүргізілді, тыныс алу мөлшері есептелді. "Алтын Тұлпар" ат спорты клубына тиесілі жылқыларды зерттеу кезінде 36 жылқы клиникалық тексеруден өтті, оның ішінде 18 бас спорттық іс-шараларға пайдаланылады. 18 бас спорттық жылқылардың ішінен аяқтарының аймағында әртүрлі патологиялары бар 10 бас анықталды. Айта кету керек, беткейлік сіңірлердің ең көп таралған ауруы-ішінара жыртылу немесе қабыну ("брокдаун"). Тұқымдарына байланысты белгілі бір патологияға бейімділікті зерттеу кезінде біз брокдаунның асыл тұқымды жылқы тұқымында жиі кездесетінін байқадық. Асыл тұқымды жылқыларда буындардағы дегенеративті өзгерістер жиі кездеседі (остеоартрит және т.б.), бірақ бұл тенденция бұл патологиялардың 17-20 жастан асқан жылқыларда байқалғандығымен түсіндіріледі. Ramos, S және т.б. зерттеулер жануардың жасының буын аймағында патологияның пайда болу жиілігіне әсерін көрсетеді [6,7]. Ауру жылқылардың жасын зерттеу кезінде біз 5 жастан асқан жануарларда аяқ патологиясының жиі кездесетінін атап өттік, бұл спорттық формасы осы жаста жоғарғы деңгейге жететіні және әртүрлі спорттық іс-шараларда жиі қолданылатындығына байланысты болуы мүмкін.

Сіңір патологиясы анықталған ауру жануарлар екі топқа бөлінді, бірінші топ (3 бас) сіңірлер мен сіңір қабықтарының қабыну процестері бар жануарлардан тұрды, оларға дексаметазон бұлшықет ішіне 5 мл дозада қолданылды және 2 сағат ішінде зақымдалған аймаққа аппликация тәсілімен суық саз-балшық жергілікті қолданылды.

Екінші топ (3 бас) – 45 кг тірі салмаққа 1 мл дозада көктамыр ішіне кетопроф, зақымдалған аймаққа 2 сағат ішінде аппликация тәсілімен суық саз-балшық жергілікті қолданылды.

Сіңір патологиясы бар жылқыларда ("брокдаун") әлсіз ақсақтық байқалды, ол физикалық күш салғаннан кейін, әсіресе сіңір қосымша зақымдалған жағдайда күшейе түсті. Бұл жағдайда ең алдымен жіліншіктің беткі иілгішінің сіңірі зардап шегетіні белгілі: жиек ақауы пайда болады. Тиектің пассивті бүгілуі қиын және аздап ауырсынуды тудырады.

Кейіннен сіңір қабығының проксимальды және дистальды кеңеюінде қалыңдау және ісіну пайда болады және дөңгелек бақай байламының орнында осы қабығының айқын тарылуы байқалады. Яғни, дөңгелек байлам шығаратын қысым мен еркін дренажға кедергі болғандықтан, синовиальды сұйықтықтың мөлшерден тыс жоғарылауы тек тиек сіңірінің қабығының белгілі бір жерлерінде болады.

Емдеу нәтижесінде біз екінші топтағы зақымдануды емдеу біріншіге қарағанда әлдеқайда жылдам болғанын анықтадық. Бірінші топтағы жануарлардың жағдайы 12-14 күнде жақсарды, ал 25-30 күннен кейін толық қалпына келді, екінші топта жағымды өзгерістер 7-9 күн бұрын болды.



Сурет 1. Жіліншігінің зақымдануы бар жылқы

Жылқылардың травматизмінің алдын алуда жүктемелерден кейін жылқының жұмысын қалпына келтірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жағдайлар маңызды орын алады; сондай-ақ ауру, жарақат, шамадан тыс жүктеме және шамадан тыс жүктемелерден кейін жылқылардың функционалдығын ынталандыру. Мұнда жылқы денесінің физиологиялық функцияларын өздігінен қалпына келтірудің биологиялық факторлары маңызды рөл атқарады. Бұл факторларға мыналар жатады: мал ұстаудың жақсы жағдайларын ұйымдастыру; қоректік заттар, минералды тұздар мен дәрумендер бойынша теңдестірілген толық рационды қамтамасыз ету; тиімді тренингті ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Краснова, Н. Л. Профилактика травматизма у спортивных лошадей / Н. Л. Краснова // Коневодство Ленинградской области. – 1996. - С. 33-35.
2. Ковач М. Проблемы коневодства // Ж. Конный мир, №9, 2007.
3. Титова Е.В. Травматизм лошадей в условиях г. Тюмени //Актуальные вопросы науки и хозяйства: новые вызовы и решения. Г. Тюмень 29.03.2019, С 111-115.
4. Жукова М. Тендинит. Часть 2. Методы и эффективность лечения. //электронный журнал Equimedika. №6(74) / 2008.
5. Haussler, K.K., Wilde, S.R., Davis, M.S., Hess, A.M., McIlwraith, C.W//Contrast

therapy: Tissue heating and cooling properties within the equine distal limb //Equine veterinary journal Volume 53, Issue 1, January 2021, Pages 149-156/ 53(1), с. 149-156

6. Zielińska, P, Nicpoń, J, Kiełbowicz, Z, Soroko, M, Dudek, K, Zaborski, D.//Effects of high intensity laser therapy in the treatment of tendon and ligament injuries in performance horses//Animals. Volume 10, Issue 8, August 2020, Номерстатья 1327, Pages 1-12.

7. Ramos, S, Pinto, A, Cardoso M, Alexandre, N, Bettencourt, E, Monteiro, S, Gama, L.T//Prevalence of radiographic sings of osteoarthritis in Lusitano purebred horses//Journal of Equine Veterinary Science/ Volume 94, November 2020, Номерстатья 103196

ҚОЙЛАРДЫ ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН «МАКСАТ» ЖШС-гі ЖАҒДАЙЫНДА БАҒАЛАУ

*Тұрар Бағдат Асхатұлы., 2 курс магистранты.
С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық
университеті. Нұр-Сұлтан қаласы.*

Әлемдік қой шаруашылығында мал басын көбейту үшін қолдан ұрықтандыру технологиясы кеңінен қолданылады. Еуропалық Одақ елдерінде қой отарларының тұқымдық мәртебесін жедел жақсарту бағдарламалары дәл осы көбею әдісіне негізделген. Мысалы, Францияда лакон тұқымды сүтті қойлардың негізгі популяциясының 82% - дан астамы қойды қолдан ұрықтандыру арқылы пайда болды. Осы әдістемені енгізу нәтижесінде қойлардың жылдық сүт өндірісі 50-ден 300 литрге дейін өсті [1].Отардың генетикалық жағдайын жақсартудың бұл жүйесі Францияда, Италияда және Испанияда басқа тұқымдарға да таралды [2].

Болашақта қой шаруашылығы өнімдерінің өндірісін ұлғайтуды қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі- табынның қарқынды көбеюін дамыту. Қойдың репродуктивтік көбею қабілетінің оңтайлы көрінісі үшін азықтандыру базасын жақсартумен қатар, асыл тұқымды аналық мал мен жоғары құнды өндірушілердің биологиялық резервтерін пайдалану қажет.Қазіргі қой шаруашылығындағы ғылыми-техникалық процестің ең тиімді бағыты қолдан ұрықтандыру болып табылады.

Г. Фрорип (1976), А. Сеглин (1976) және Г.В. Небогатиков (1973, 2000, 2002) зерттеушілер еңбегінде қойларды терең жатыр мойны арқылы ұрықтандыру ұрық дозаларын 20, 10, 5 миллионға дейін төмендетуге мүмкіндік беретіндігін көрсетті және өте жоғары нәтижелер береді.

Қойларды қолдан ұрықтандыру тәжірибесінде жатыр мойны әдісін қолдану арқылы бір эякулятпен 50-ге дейін аналық қойды сәтті ұрықтандыруға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары қой шаруашылығында кеңінен қолданылған шәуетті енгізудің терең цервикальды (жатыр мойнына терең енгізу) әдісі, шәуетті қолдану тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. [3].

Ең қарапайым әдіс – қынаптық ұрықтандыру, оның тиімділігі салыстырмалы түрде төмен деңгейде. Жатыр мойны және трансервикальды әдістер ұрықтандырудың жоғары нәтижелерін көрсетеді, ал ең тиімдісі-лапароскопиялық ұрықтандыру. Алайда, соңғы әдістің қымбат және оны іске асыру техникалық жағынан қиын екені белгілі. Әдеби мәліметтерге сәйкес, ұрықтандырудың әртүрлі әдістерімен ұрықтандыру деңгейі келесідей болды: вагинальды-31.25% [6], жатыр мойны– 65-75% [7, 8, 9] және лапароскопиялық – 64-69% [10, 11].

Қойды қолдан ұрықтандыру кезінде жаңа алынған, сұйылтылған және сұйық азотта түйіршіктер түрінде мұздатылған қойдың ұрығы қолданылады. Көбінесе, Қазақстанда қойларды қолдан ұрықтандыру үшін арнайы құрал – шыны цилиндрден жасалған шприц-катетр қолданылады [4].

Осы жұмыстың негізгі мақсаты-Қазақстан жағдайында жоғары тұқымды тұқымдық

қошқардың жаңа алынған ұрығымен аналықтарды қолдан ұрықтандыру әдіснамасын енгізу болып табылады.

Материалдар мен әдістер. 2019 жылдың қазан айында Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Боралдай ауылдық елді мекенде орналасқан «МАКСАТ» ЖШС-де қойларды қолдан ұрықтандыру бойынша тәжірибе жүргізілді. 1,5-2 ай бұрын ветеринариялық-санитарлық тексеруден өткізілу арқылы клиникалық сау аналық қойларды тәжірибе жа-сау үшін бөліп алып, мол шөпті жайылымда жайылды.

Тәжірибеде, Гиссар тұқымының салмағы шамамен 55-65 келі (кг), 3,5-5,5 жас аралығындағы 178 аналықтарын табиғи ұрықтандыру жағдайында, күйі келген қойларды, оларды іздеуші қошқарымен бөліп алдық.

Қойларды қолдан ұрықтандыру шаруашылық жағдайында стандартты талаптарға сәйкес дайындалған «Қолдан ұрықтандыру пунктінде» таңертең 7:00-ден 10:00-ге дейін және түстен кейін 15:00-ден 20:00-ге дейін күніне екі рет жүргізілді. Әрбір күйі келген аналық қойды әмбебап (универсальды) станокқа бекітіліп және визоцервикалық әдіспен шприц катетер мен қынап айнасын қолдана отырып, жатыр мойны арқылы ұрықтандырылды. Ұрықтану деңгейін анықтау мақсатында ұрықтандырудан кейінгі 10-шы күннен бастап отарға іздеуші қошқар жіберіліп, күйі қайта келген аналық қойлар анықталды.

Нәтижелер және талқылау. Тәжірибе нәтижесінде Түркістан облысы Бәйдібек ауданы, Боралдай елді мекеніндегі орналасқан "Мақсат" ЖШС-нің қошқарларындағы барлық тәжірибелік топтардың эякулят көлемі 0,79-дан 1,1 мл-ге дейін өсті. Нәтижесінде сперматозоидтардың жалпы саны бақылаудағы 2,2 млрд / мл-ден 4,4-млрд / мл-ге дейін өсті.

Қазіргі уақытта қойларды жасанды ұрықтандыру жатыр мойны (цервикальдық) әдісімен жүзеге асырылады. Күйі келген қойларды жасанды ұрықтандырудың дәстүрлі әдістерімен ұрық дозасын жатыр мойнына каналына енгізіледі және 100 миллиондаған сперматозоидтар жұмсалады.

Айта кету керек, әсіресе жатыр мойны каналының құрылымы ерекше және оның терең бөліктерінде ұрықтандыру катетерлері кейде ұрықдозасын енгізу мүмкін емес. Алайда, қойдың жыныс жолдарында сперматозоидтардың ұрықтандыру қабілетін сақтау шарттары барлық жерде бірдей бола бермейді, сондықтан 1 миллионнан астам ұрық жұмыртқаға келеді, тіпті қошқармен табиғи жұптасқан кезде бір эякуляциядан 1 мл-де 1,0-ден 1,5 миллиардқа дейін сперматозоидтар шығарады [11].

Қолдан ұрықтандырудың сәтті өтуі көптеген себептерге байланысты. Негізгі себебі жоғары дамыған көлденең қатпарлардан тұратын жатыр мойны каналына ұрықтың терең енуі әсер етеді. Қойларға ұрықты жатыр мойнына терең енгізу сперматозоидтардың ұрықтандыру қабілетін ұзақ уақыт сақтауға ықпал етеді. Зерттеуде аналық қойлардың анатомо-топографиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып, жатыр мойны каналына 3-4 см бұралатын бұрандалы ұшы бар ұрықтандыратын катетерлерді қолдандық.

Қойларды қолдан ұрықтандыру кезінде жыныс жолының әртүрлі бөліктеріне ұрықты енгізу нәтижесі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте-Жыныс жолдарына ұрықты енгізу орнына байланысты ұрықтандыру

Ұрықты енгізу орны	Ұрықтануға алынған қой саны	Олардың ішінде	Пайыздық көрсеткіштері, %
Қынаптық	36	16	44,4
Жатыр мойын 4 см	40	35	75
Жатыр денесі	32	23	71,8
Жатыр мойын 1,5 см	70	44	62,8

Бұрандалы ұшы бар шприц-катетерді қолдана отырып, жаңадан алынған шәуетті эксперименттік бір рет енгізу (1-кесте) ұрықты жатыр мойнына терең енгізу бірінші әрекеттен ұрықтандырудың 75% - ын алуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Шәуетті жатыр мойнына және жатырға терең енгізу қойдағы ұрықтандырудың артуына ықпал етеді.

Қойларды жарық өткізгіш қынаптық кеңейткіштерді пайдалана отырып, жаңадан алынған ұрықпен жасанды ұрықтандырғаннан кейін жатыр мойнының әртүрлі аймақтарына (бөліктеріне) енгізген кезде ұрықтану 67,5; 63,3; 58,7% - да байқалды.

Ұрықтыжатыр мойнына терең енгізу аналық қойлардың ұрықтануының жоғарылауына ықпал етті. Дозадағы сперма санының азаюымен ұрықтану төмендеді. Жатыр мойнына 2,5 см тереңдікте енгізу 63,3% нәтиже берсе, ал 0,5-1,5 см тереңдікте енгізу 48,6%; 44,4%; 38,55% нәтижеге тең болды.

Тәжірибе нәтижесі бойынша ұрықтандырылған аналық қойлардың ішінен тек 9 қойдың күйі қайта келіп, тағы қосымша ұрықтандырдық. Осылайша, тәжірибедегі буаздық болжамды деңгейі 75% құрады.

Қолдан ұрықтандыру технологиясы жылына 35 мың аналықты бір қошқардың ұрығымен ұрықтандыруға мүмкіндік беретіні, ал оны өндіруші ретінде жұмыс істеген барлық кезеңінде 150 мың аналық ұрықтандыруға мүмкіндік беретіні белгілі [5].

Жоғарыда айтылғандар мен эксперименттің нәтижелері Гиссар тұқымының қойлары жоғары өнімділікке ие және континентальды климаттық жағдайларға жақсы бейімделгендіктен, оларды еліміздің ауылшаруашылық өндірісінің қазіргі жағдайында жасанды ұрықтандырудың қолайлы әдістерін қолдана отырып өсіру экономикалық тұрғыдан тиімді деп санауға негіз береді.

Пайдаланылған қысқартылған металл түтікшелі кеңейткіштер қойларда стресс факторларын тудырмайды, қынап пен жатыр мойнының краниальды бөлігінің бұлшық еттерінің ырғақты жиырылуын сақтауға көмектеседі.

Пластикалық жарық бағыттағыш қынаптық кеңейткіштер, ыстыққа төзімді пластикалық макролинадан (100 ° C), поликарбонаттан (200 ° C), төзімді DEK-BAK, дакрил 4Б пластиктен жасалғандықтан, қынаптық фиксаторлар зарарсыздандыру кезінде 10 минут қайнатуға болады. Қойлардағы жыныс мүшелерінің күйін бағалау және олардың ауруларын диагностикалау үшін қолданылатын құрылғылар мен құралдар Ресей Федерациясындағы Волгоград медициналық жабдықтар зауытында жасалған.

Қойларды жасанды ұрықтандыруда жарық өткізгіш қынаптық кеңейткішті, қынаптық фиксаторды, шприц катетерлерін қолдану арқылы қойларды қолдан ұрықтандыру стресс факторларды туғызбай, керісінше ауырсынуды азайтып, тактильді және температуралық сипаттағы технологиялық стресс факторлары төмендеуіне әкеледі.

"Мақсат" ЖШС-де жүргізілген зерттеу нәтижесінде Гиссар тұқымының тұқымдық қошқарының жаңа алынған шәуетімен қолдан ұрықтандыру тәжірибесінде аналықтарды ұрықтандырудың жоғары дәрежесі (75%) алынды. Алынған нәтиже қой шаруашылығы жағдайында Гиссар қойларының жоғары тұқымды популяциясын қалыптастыру үшін осы әдіснаманы енгізуді ұсынуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Barillet F. et.al. (1993). Genetic evaluation of the Lacaune, Manech and Sarda dairy sheep with Animal Model, Proceedings of 5th International Symposium on Machine Milking of Small Ruminants /Ed.: Kukovics S./, Hungary, May 1993, 289-303.

2.Kukovics S., Gyoker E., Nemeth T. and Gergatz E. (2011). Artificial Insemination of Sheep - Possibilities, Realities and Techniques at the Farm Level, Artificial Insemination in Farm Animals, Dr.Milad Manafi (Ed.), ISBN: 978-953-307-312-5, InTech, Available from.

3 Небогатиков, Г.В. Биологические основы и дальнейшее развитие искусственного осеменения овец [Текст]: учеб. пособие / Г.В. Небогатиков. – Волгоград : Перемена, 1998.

– 70 с.

4. Абдрахманов Т.Ж. Ветеринарное акушерство и гинекология. – Алматы: Полиграфсервис, 2018. – С.46-50. – На казахском.

5. В.С. Шипилова и др. Ветеринарное акушерство и гинекология. – М.: Агропромиздат, 1986. – 53 с.

6. Anel, L.etal. (2005). Factors influencing the success of vaginal and laparoscopic artificial insemination in Churra ewes: a field assay, Theriogenology, 63, 1235-1247.

7. Salamon, S., W.M.C. Maxwell (1995). Frozen storage of ram semen. I. Processing, freezing, thawing and fertility after cervical insemination, Animal Reproduction Science, 37,185-249.

8. Donovan A. et al. (2004). Fertility of the ewe following cervical insemination with fresh or frozen-thawed semen at natural or synchronised oestrus, Animal Reproduction Science, 84, 359-368.

9. Stefanov R., Krumova E., Dolashka M., Voelter W., Zachariev Z. (2006). Artificial insemination of sheep and cow with semen treated by Cu/Zn-superoxidedismutase from fungal *Humicola lutea* 103, World Journal of Zoology, 1 (1), 36-39.

10. Небогатиков, Г.В. Биологические основы и дальнейшее развитие искусственного осеменения овец [Текст]: учеб. пособие / Г.В. Небогатиков. – Волгоград : Перемена, 1998. – 70 с.

11. Небогатиков, Г.В, Практикум по акушерству, гинекологии и биотехнике размножения животных [Текст]: учеб. пособие / Г.В. Небогатиков. – Москва: Мир, 2005. – 280 с.

ҚОЗЫЛАР АҒЗАСЫНА ВЕТОМ 1.1 ПРОБИОТИКТИҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

*Ануарова Аиза, 5 курс студенті
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті»,
Нұр-Сұлтан қ.*

Қазіргі заманғы тенденциялардың бірі ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру және сапалы өнім алу үшін малды ынталандырудың табиғи көздерін, сол сияқты ферменттік препараттар, пробиотиктер немесе пребиотиктері қолдану болып табылады. Олар жануарлардың өнімділігін арттыру ғана емес сонымен қатар организмдерін сыртқы ортадан келетін патогендік әсер ету факторларынан қорғау, емдеу және алдын алу қызметтерді қамтамасыз етеді [1].

Қарын-ішек жол микробиоценозын реттеу үшін қолданылатын биологиялық белсенді заттар, диеталық қосымшаларға, қызметтік қоректенулерге, пробиотиктер, пребиотиктер, синбиотиктер, бактериофагтер және биотерапиялық агенттерге бөлінеді [2]. Денсаулық сақтауды бүкіләлемдік ұйыммен (WHO, 2002) қабылданған анықтамасы бойынша «Пробиотиктер – адекватты мөлшерде қабылдау кезінде адамның денсаулығына оң ықпал ететін тірі микроорганизмдер». Коррекция заттарына – микробиоттарға, пробиотиктерден басқа пребиотиктер және синбиотиктер жатады. Пребиотиктер қоршаған ортаны тұрақтайтын және қалыпты микрофлораның өсуін белсендіретін заттар. Бұл топқа фармакология жағынан әр түрлі, бірақ жалпы бір негізгі қасиеттері бар препараттар жатады. Бұл қасиеті – қалыпты ішек микрофлорасының өсу және даму процестерін белсендіру. Пребиотиктерге лактоза, глюкоза, протеиндер, камедь, аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар, инулин, азықтың талшықтары, дрожжілер жатады (Кесте) [3].

Кесте. Кәдімгі пробиотиктер мен пребиотиктер [3].

ПРОБИОТИКТЕР		
	• Lactobacilli	▪ <i>S. diaacetylactis</i> ▪ <i>S. intermedius</i>
▪ <i>L. acidophilus</i> ▪ <i>L. casei</i> ▪ <i>L. delbrueckii subsp. Bulgaricus</i> ▪ <i>L. reuteri</i> ▪ <i>L. brevis</i> ▪ <i>L. cellobiosus</i> ▪ <i>L. curvatus</i> ▪ <i>L. fermentum</i> ▪ <i>L. plantarum</i>		• Bifidobacteria
	• Gram-positive cocci	▪ <i>B. bifidum</i> ▪ <i>B. adolescentis</i> ▪ <i>B. animalis</i> ▪ <i>B. infantis</i> ▪ <i>B. longum</i> ▪ <i>B. thermophilum</i>
▪ <i>Lactococcus lactis subsp. cremoris</i> ▪ <i>Streptococcus salivarius subsp. thermophilus</i> ▪ <i>Enterococcus faecium</i>		ПРЕБИОТИКТЕР
		○ Фруктозо-олигосахаридтер ○ Инулин ○ Галакто-олигосахаридтер ○ Лактулоза ○ Лактитол

Құрамына кіретін культуралардың санына байланысты пробиотиктер 2 топқа бөлінеді - монокомпонентті (Бифидумбактерин, Энтерол, Бактисубти) және поликомпонентті (Линекс). Культуралардың қасиеттеріне байланысты пробиотиктер өздері элиминацияға ұшырайтын антагонистерден және құрамына бифидо- лакто- және колимикрорағзалар кіретін пробиотиктерге бөлінеді. Мысалы, Линекс препараты поликомпонентті, құрамында бифидо-, лактобактериялар (*Bifidobacterium infantis*, *Lactobacillus acidophilus* және *Enterococcus faecium*) бар пробиотик. Лактобактериялар мен энтерококктар көбінесе аш ішекте колониялар құрса, бифидобактериялар – тоқ ішекте мекендейді. Сондықтан пробиотиктер колонизациялық орнықтылықты ең физиологиялық түрде қамтамасыз етіп индигенді ішек микрофлораның қызметін орындауына ықпал тигізеді. Көрсетілген микроорганизмдерді шығу тегі бойынша да жіктеуге болады:

1 топ: сүтқышқыл штаммдар (*L. Acidophilus*, *L. Plantarum*, *L. Bulgaricum*, *L. Casei*, *L. Fermentum*, *Str. Thermophylus*, *Enterococci L-3*, *B. Lactis*)

2 топ: донорлық штаммдар (*Bifidobacteriae bifidum*, *B. Longum*, *B. Infantis*, *B. Adolescents*, *L. Rhamnosus GG*, *L. Gassed*, *Enterococci Faecium*, *Salivarius*).

3 топ: антагонистер (*B. Subtilis*, *S. Boulardii*).

Пробиотикалық препаратты таңдау кезінде бірнеше мәселен сұрақтар пайда болады, ең біріншісі - тірі қалу. Пробиотикалық қасиеттері тек тірі микробтарға тән болады да мағыналы әсерді жүзеге асырылуға қабілетті минималды жеткілікті доза не кемінде 10⁷ КОЕ болып есептеледі [1,2].

Құрама жемге қосылған пробиотиктер жануарлар мен құстардың микрофлора микроорганизмдерінің пайдалы және зиянды арақатынастарын өзгертіп, соның арқасында қоректік заттардың таралуы, сіңірілуі және ассимиляциясы сияқты ас қорыту процестерін түзетіп, иммунитетті қалыптастырады. Пробиотиктер мен табиғи микроорганизмдер метаболизмінің арнайы заттары қарапайым бактериялардың симбиозын қамтамасыз етеді.

Өндірісте жоғары сұранысқа ие пробиотиктердің қатарына "Целловередин", «Субтилис», «Ветом», «Бацелл» және басқалары жатады. Ветеринарияда пробиотикалық препараттардың кең қолданылуына қарамастан, олардың көпшілігінің жас жануарлардың ағзасына әсері толық зерттелген жоқ. Сол себептен, зерттеудің мақсаты «Ветом 1.1» пробиотикалық препараттың қозылар қанының құрамына және ағзасының жалпы жағдайына әсерін зерттеу.

Таңдалған пробиотикалық препараттың белсенді көзі – *B. Subtilis* ВКПМ В 7092 штам-

мы болып табылды. Зерттеулер Ақмола облысының ШҚ-да 1-3 айлық жастағы жергілікті тұқымды қозыларға жүргізілді. Ол үшін ұқсастық принципі бойынша әрқайсысы 5 бастан тұратын 1 тәжірибелік және 1 бақылау тобы құрылды. Пробиотикалық препаратты алдын ала сүтте ерітілген 50 мг/кг дозада тәулігіне 2 рет ішкіздік [4]. Зерттеу барысында клиникалық белгілерінің көрінуін есепке алып, қозылардың қанына зерттеулер жүргізілді (тәжірибенің алдында және соңында) және олардың өсуін есепке алдық (зерттеудің басында, 14-ші күні, 28-ші және 42-ші күндері). Қанның зерттеуі ветеринарлық медицина кафедрасының зертханасында жүргізілді (С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ). Зерттеу барысында қозылардың азықтандыруы бірдей шартта сақталды, басқа дәрілік заттар берілмеді.

Зерттеулер нәтижесінде «Ветом 1.1» пробиотик препаратын енгізуі қозылардың өсуі мен дамуын арттыра отырып, тәжірибедегі қозылардың гематологиялық көрсеткіштеріне оң әсер ететіні дәлелденді. Осылайша, бақылау тобының жануарларымен салыстырғанда орташа тәуліктік салмақ өсімі 25,5% - ға өсті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Егунова А.В, Зирук И.В. Пробиотики в организме мелкого рогатого скота / Вестник КрасГАУ, 2018 (1). – С.55-58.

2 Корниенко Е.А. Современные принципы выбора пробиотиков.//журн. «Детские инфекции», 2007, № 3, с. 64-69.

3 Julio, Plaza-Diaz. Mechanisms of Action of Probiotics / Francisco Javier Ruiz-Ojeda, Mercedes Gil-Campos, Angel Gil // Adv Nutr. 2019 Jan; 10(Suppl 1): S49–S66. doi: 10.1093/advances/nmy063 <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC6363529/>

4 Ноздрин, Г.А. Хронофармакологические аспекты влияния пробиотического препарата Ветом 1.1 на содержание общего белка и его фракций в крови у здоровых телят. / Г.А. Ноздрин, Е.Н.Демина // Сибирский вестник сельскохозяйственной науки - №8. – 2007. - С. 74-79.

Рахимжанова Д.Т., ғылыми жетекші

СЫЫРЛАРДЫҢ СУБКЛИНИКАЛЫҚ ЖЕЛІНСАУЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ЕМДЕУ ӘДІСТЕРІ

Ж.Ж. Рысбекова магистрант

Т.Ж. Әбдірахманов в.ғ.д., профессор

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Сүт өндіретін шаруашылықтар Қазақстан Республикасы бойынша өз жұмысын жандандыра бастады. Қазіргі кезде еліміздің тәуелсіздігін дамытып, экономикасын жоғары деңгейлерге жеткізу мақсатында мал шаруашылығының алатын орны ерекше.

Сүттің сапалылығына желінсауға шалдыққан сауын сиырлардан алынған сүті себепші фактор болып табылады. Қазіргі уақытта желінсаулар барлық шаруашылықтарда кең тараған. Осы көрініс шаруашылықтың дамуына едәуір зиян келтіреді [1].

Көптеген отандық және шет елдік әдебиеттерде желінсауға шалдыққан сиырлардың сүт өнімділігі 15 % дейін төмендейді, сонымен бірге ауырған сиырлардың 20-25% саууға жарамсыз болып, олардың шаруашылықта пайдалану мерзімі 2-3 жылға қысқарады [2,3].

Субклиникалық желінсаудың қауіптілігі оның ешбір белгісі білінбей жабық түрде өтуі, мұның клиникалық белгілері жоқтығымен сипатталады. Бұл жағдайда сүтті зертхалалық

зерттеу әдістері: бромтимолмен көгімен, мастидин немесе димастидин, индимаст, сульфурмастпен реакция жасау, тұндыру пробасымен және басқа әдістермен анықтауға болады [4,5,6].

Цифрландыру есебінен астық жинау жылына 25 млн тоннаға дейін жетеді деген болжамдардың жасалуы да бекер емес. Жалпы, ауыл шаруашылығы мақсатындағы 100 млн гектардан астам жер алдағы 5 жылдың ішінде цифрландырудан өтеді. Оған Үкімет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 50 млрд теңге инвестиция тарту көздеп отыр. Бұл дегеніңіз саладағы сан-алуан түйткілдердің түйінін шешіп, көз қысты, бармақ бастылықты жояды. Және саладағы қағазбастылық пен әкімшілік кедергілердің жолы кеседі. Нәтижесінде қарапайым шаруа жоғары төмен жалтақтамай, өз ісімен ғана айналысады. Мемлекет оған қолдау көрсетеді. Ал өнімді сұрыптап өткізетіндер таза сервистік қызметтерімен айналысады. Бастысы шаруадан шыққан өнім, сапалы әрі қолжетімді бағаман халыққа жетеді. Өйтпесе, қазір бір ғана ветеринариялық паспортты алудың өзі шаруалар үшін машақаты көп жұмыс. Енді алдағы 5 жылда осындай істер толық автоматтандырылмақ. Жер телімдері де сандық жүйеге көшіріледі. Өйткені, төрт облыста шаруашылыққа деп берілген 8 млн гектардан астам жер пайдаланылмай бос жатқаны анықталып отыр. Енді цифрландыру жер телімдерін, телімдерді тиімді игеруге мүмкіндік беріп, түрлі кемшіліктердің орнын толтырады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолданатын ауыл шаруашылығы өндірушілерінің үлесі көп емес. Цифрлық

технологиялардың көмегімен ауыл шаруашылығында түрлендірудің үлкен әлеуеті бар, және цифрландырудың ауқымды бағдарламасы жағдайында ауыл шаруашылығы дамудың сапалы жаңа деңгейіне шығуға және ел экономикасының драйвері болуға қабілетті. Ауыл шаруашылығын цифрландыру бағдарламасының іске асырылатын іс-шаралардың негізгі бағыттары шығымдылық пен еңбек өнімділігінің артуы, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау болып табылады [3].

АҚШ, Канада Жапония және Австралия сияқты дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, цифрлық технологиялар осы дәстүрлі саланы түбегейлі өзгертті. Заманауи геоақпараттық жүйелер мен IoT қоса алғанда, түрлі қайнар көздерден алынатын үлкен деректер топырақтың азып-тозуынсыз әрі ресурстарды ұтымды пайдаланумен өсімдік және мал шаруашылығының барлық салаларында жоғары өнімді алуға мүмкіндік береді

Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде нақты егін шаруашылығы мен нақты мал шаруашылығы элементтерін дамыту және енгізу сектордағы қызметті оңайлату, өнімділікті арттыру және еңбек өнімділігін жоғарылату үшін көзделінеді. Өндіруші нақты уақыттағы егістік, ылғалдың, қоректік заттардың, зиянкестердің, ықтимал жауын-шашынның жағдайы мен жануарлардың жай-күйі, денсаулығы, рационы, тіршілік барысы, жүрген жері туралы келіп түскен деректер негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік алады.

Дегенмен ауыл шаруашылығында цифрлық технологияларды қолдану барысында бірқатар кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, кадрлардың жетіспеушілігі, фермерлердің білім деңгейінің төмен болуы. Осы орайда көптеген істер атқарылуда. Соның бірі, Еуропалық Одақтың қолдауымен «Нақты ауылшаруашылығы саласындағы жаңа және инновациялық курстар» New and Innovative Courses for Precision Agriculture (NICOPA) атты арнайы халықаралық жоба ұйымдастырылды. Жоба құрамына Қазақстан Болгария Чехия Германия Түрікменстан Өзбекстан жоғары оқу орындарының педагогиялық профессорлық құрамы қатысып отырған бұл жобаның мақсаты ГАЖ, Жерді қашықтықтан зондау деректері, жаһандық навигациялық спутниктік жүйелер, Web, Big Data және т. б. негізінде зияткерлік технологияларды пайдалана отырып, нақты ауыл шаруашылығы саласындағы еуропалық университеттердің үздік тәжірибесін пайдалана отырып, бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларын жетілдіру және енгізу.

Қазіргі таңда, С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінде 9 білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға цифрлық технологиялардың қыр-сыры үйретіліп, жаңа инновациялық технологиялармен жұмыс жасауға машықтандырылып білімдерін жетілдіруде.

Соңғы онжылдықтарда қоғамның мал шаруашылығына деген талаптары едәуір өзгеріп, өсті. Сондықтан нақты мал шаруашылығын дамыту әр түрлі себептермен және әр түрлі мақсаттар үшін қажет, ең алдымен:

- ресурстарды тиімді пайдалану;
- мал шаруашылығы өнімдерінің сапасына қол жеткізу және қамтамасыз ету;
- жануарлардың өнімділікке дайындығын қамтамасыз ету;
- құжаттама және сыртқы ортаға жағымсыз әсерді азайту.

Бұдан шығатыны, нақты мал шаруашылығы - бұл ауылшаруашылық жануарларының жекелеген түрлеріне немесе мал шаруашылығындағы өндіріс салаларына арналған тақырып емес, барлық мал өсіру процестеріне қойылатын жаңа жалпы талап [4].

Осылайша, адамзат өзінің ақылды технологияларымен ақылды ауыл шаруашылығы дәуіріне қадам басты. Қазақстан бұл межеге жеткілікті дайындықпен келсе де, іс жүзінде әлі де атқарылатын істер аз емес. Сонымен қатар, мемлекеттік деңгейде шешілуі қажет бірқатар проблемалар бар. Ақылды ауыл шаруашылығын енгізу мен дамытуда ең алдымен сандық сана қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://informburo.kz/kaz/mazilis-pen-maslixat-sailauy-qalai-otip-zatyr>

2. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
3. Banhazi T M, Lehr H, Black J L, Crabtree H, Schofield P, Tschärke M, et al. Precision Livestock Farming: An international review of scientific and commercial aspects. Int J Agric & Biol Eng, 2012; 5(3): 1
4. Алипбеки О.А. Точное сельское хозяйство / Астана-2018

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰЙРЫҚТЫ ҰЯҢ ЖҮНДІ ҚОЙЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ

Ибраев Д.К., PhD доктор, аға оқытушы

Шауенов С.К., а.ш.ғ.д., профессор

Долдашева Г.К., ассистент

Мухаметжарова И.Е., ассистент

Мулдашева А.Х., 3-курс докторанты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ-сы

Адам баласы пайдаланатын азық-түліктердің ішінде сүт ерекше орын алады. Қой сүтінің адам ағзасына пайдалы қасиеттері туралы ерте заманнан бері белгілі болған. Қой сүті құрамындағы ақуыз, ағзаға қажетті дәрумендер, микро және макроэлементтерге өте бай, әрі басқа мал сүттерімен салыстырғанда аллергиялық қасиеті төмен болғандықтан жеңіл қорытылады [1].

Елімізде қой сүті өндірісілік деңгейде өндірілмейді, алайда БҰҰ азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (FAO) статистикалық деректеріне сүйенсек қой сүтін дамыған мемлекеттермен қатар дамушы мемлекеттерде де тұтыну көлемі артуда. Әлемдік сүт өндіру деңгейінде қой сүті сиыр және ешкі сүттерінен кейінгі үшінші орын алады. FAO STAT мәліметі бойынша өндірілген қой сүтінің көлемі 2019 жылы 10,6 млн. тоннаға жеткен, яғни 2010 жылмен (10,5 млн. т) салыстырғанда өсімі 4,95%-ға артқан [2]. Қой сүтін негізгі өндіруші елдер - Азия және Еуропаның мемлекеттері.

Соңғы уақытта нарықта қой жүніне деген сұраныс айтарлықтай төмендеп, сәйкесінше жүн шикізатының да бағасы азайған [3]. Қой көп өнімді мал, яғни бұл саланы тек бір бағытта ғана дамытпай, ет өнімділігін арттырумен қатар, елімізде қой сүті өнімділігін зерттеу жаңа бағыт ретінде қойылу қажет. Әлемде қой шаруашылығы дамыған мемлекеттердің қазіргі тәжірибесінде саланы бәсекеге қабілетті ету мақсатында қойдың етті бағытында ғана әлеуетін жоғарлатпай, сонымен қатар қойлардың сүт өнімділігін арттыру бойында ғылыми-ізденіс жұмыстары жасалуда [4, 5]. Бүгінде әлемдік қой шаруашылығы саласынан алынатын өнімнің жалпы құнынан қой сүтінің үлесі 30-35% құрап отыр [6].

Қой сүтінен қатты және жұмсақ ірімшіктердің (кавказдық, пекарино, рокфор, брынза және т.б.) құнды сорттары және әртүрлі сүт қышқылды өнімдер (қатық, айран, мацони, сүзбе, йогурт және т.б.) дайындалады. Сонымен қоса қой сүтін тиімді пайдалану үшін аталған өнімдерді сиырдың майсыздандырылған сүтімен де қосып сүт өнімдерін дайындауға болады. Осыған сәйкес жоғарыда айтылған қой сүті маңыздылығының негізінде қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының сүт өнімділігін және сапасын зерттеу, химиялық құрамын анықтау бойынша ғылыми-ізденіс жұмысының өзектілігі өте жоғары.

Елімізде өсірілетін қой тұқымдарының басым бөлігі етті-майлы бағыттағы қылшық жүнді қойлар. Тауарлы сүт өндіру мәселесінде көбіне қылшық жүнді қойлардан сүт сауылады. Осыған орай, зерттеу объектісі ретінде Қарағанды облысы жағдайында өсірілетін қазақтың құйрықты ұяң жүнді қой тұқымының саулықтары пайдаланылды. Зерттеу тәжірибесін жүргізу үшін 4 және 5 жасар ІІ және ІІІ тума 30 бастан әр топта жалпы 60

бас саулықтар алынды. Саулықтардың сүттілігін анықтау үшін сауым кезінде қозы емген сүттің мөлшерін өлшеу арқылы жүргізілді. Белгілі бір уақыт аралығында (2, 4 немесе 8 сағат) қозыларды 10, 15 немесе 20 күн аралықпен 24-48 сағат бойы емгенге дейін және одан кейін өлшеп, саулыққа жіберіліп отырылды. Қозының емуге дейінгі және кейінгі салмағын өлшеп, алынған нәтижені анықталған сүтею уақыты аралығына көбейтіп, саулықтардың сүттілігі анықталып отырды.

Зерттеуге алынған қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының сүт өнімділігін анықтау үшін сауу кезеңінде жеке есебі күн сайын килограммен немесе 10-15 күнде бір рет жүргізілді және қой сүтінің физикалық-химиялық қасиеттері зерттелді. Сүттің химиялық құрамын зерттеу, сондай-ақ олардың салыстырмалы сипаттамаларын зерттеу С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» кафедрасының зертханасында нормативтік құжаттарға сәйкес және жалпы қабылданған зерттеу әдістерін пайдалана отырып жүргізілді [7].

Саулықтардың тірілей салмағы мен физиологиялық жағдайына (буазыдылығының I және II жартысы және сауым кезіндегі саулықтар) байланысты БМҒЗИ ұсыныс бойынша азықтандырудың нормасына сәйкес рациондар құрылды. Буаз саулықтардың азықтандыру рационы шаруашылық дайындаған азық түрлері бойынша құрастырылды. Азықтардың химиялық құрамы «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының азық сапасын талдау зертханасында «FOSS» NIRS DS2500 азық сапасын талдаушы құрылғысы көмегімен жүзеге асырылды. Зерттеуден алынған сандық нәтижелер Microsoft Excel 2017 бағдарламасында статистикалық өңделді.

Тәжірибедегі қазақтың құйрықты ұяң жүнді қойларының желіні тостаған тәрізді, ешкілердің желінімен салыстырғанда едәуір кішірек, еміздіктері бүйір жағына қарай бағытталған. Саулықтардың орташа тірілей салмағы $61,6 \pm 0,36$ кг құрады.

Қарағанды облысы жағдайында өсірілетін қазақтың құйрықты ұяң жүнді қойлары көктемгі және жазғы-күзгі уақыттарда жайылымда, ал қыс мезгілінде қорада күтіп-бағылады. Қойдан жоғары сапалы сүт өнімін алу үшін күтіп-бағу және толық құнды азықтандыруды ұйымдастыру шешуші орын алады.

Тәжірибедегі саулықтар буаздылығының I жартысындағы азықтандыру рационында 1 басқа берілетін шаруашылықта дайындалған шабындық және бидайық пішені 1,6 кг, арпа жармасы 0,4 кг және ас тұзы 12 г болды. Рацион құрамында 60 кг тірілей салмаққа 13,3 МДж алмасу энергиясы, 107,4 г қорытылатын протеин және 1,38 кг құрғақ заттардан тұрды. Етті-майлы бағыттағы қойлардан жоғары сүт өнімділігін алу үшін 1,36 ЭАӨ және 100 г қорытылатын протеин қажет, яғни құрастырылған азықтандыру рационы нормасына толық сәйкес келді. Саулық буаздылығының II жартысында іштегі төлдің өсуін толық қамтамасыз ету үшін, ағзадағы қоректік заттардың азаюына байланысты энергияға деген қажеттілік 30-50%, қорытылатын протеинге қажеттілік 40-60% және кальций мен фосфорды 2-3 есеге дейін ұлғаяды. 1 бас саулыққа арналған азықтандыру рационында шабындық және бидайық пішені 2,4 кг, арпа жармасы 0,4 кг және ас тұзы 15 г болды. Рацион құрамында алмасу энергиясы 18,4 МДж, қорытылатын протеин 149,4 г және құрғақ зат көлемі 1,97 кг құрады. Лактация кезінде саулықтарда ең қарқынды метаболизм жүреді, нәтижесінде азыққа деген қажеттілік артады. Қозы емізетін қойлардың метаболизмі қоздамаған қойларға қарағанда 25-40% жоғары болады. Осыған сәйкес сауым кезіндегі саулықтардың 1 басқа арналған азықтандыру рационында шабындық және бидайық пішені 1,9 кг, арпа жармасы 0,6 кг және ас тұзы 13 г болды. Рацион құрамында алмасу энергиясы 17,6 МДж, қорытылатын протеин 139,9 г және құрғақ заттың мөлшері 1,76 кг құрады.

Жалпы сауым маусымы барысында қазақтың құйрықты ұяң жүнді II тума саулықтардың орташа сүт сауымы 102 кг құраса, III тума саулықтардың сүт өнімділігі 110 кг құрады. II тума саулықтардың тәуліктік сүт сауымы лактацияның алғашқы бірінші және екінші айында жоғары деңгейіне жетіп, сәйкесінше 0,948 және 0,908 кг құраса, ал жалпы 4 айда

орташа 0,830 кг құрады. III тума саулықтардың тәуліктік сүт сауымы 4 ай лактацияда 0,905 кг құрады.

Қой сүтінен сүт қышқылды өнімдер дайындау технологиясын зерттеу мақсатында алынған сүт үлгілерінің физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталды. Сүт үлгілерін талдау үшін сиыр сүтін зерттеу үшін қолданатын стандарттық әдістер пайдаланылды.

Қазақтың құйрықты ұяң жүнді саулықтарының (n=30) сүтінде ақуыздың мөлшері 3,34% құраса, майдың үлесі 9,13% жетті, яғни сиыр сүтінің орташа стандарттық майлылығынан 5,63% артық болды. Сонымен қатар алынған сүт үлгілерінде лактозаның мөлшері сиыр сүтінен төмендеу 4,62%, ал құрғақ майсыздандырылған сүт қалдығы 11,14%, сүт қышқылдығы 22 °Т және тығыздығы 1032,6 кг/м³ құрады.

Алынған зерттеу нәтижелерін талдай келе, тәжірибеге қойылған қазақтың құйрықты ұяң жүнді қойларының сүтінен құндылығы жоғары ірімшіктер дайындауға болатынын алдын ала тұжырым жасалды. Сондықтан зерттеу объектісі ретінде алынған қазақтың құйрықты ұяң жүнді қойларының сүт өнімділігін анықтау бойынша ғылыми-ізденіс жұмыстары жалғастырылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Миллз О. Молочное овцеводство. – М.: Агропромиздат, 1985. – 244 с.
- 2 ФАОСТАТ Основные продукты животноводства - URL:<http://www.fao.org/faostat/ru/#data/QL> (дата обращения 28.08.2020)
- 3 Костылев М.Н., Барышева М.С., Хуртина О.А. Молочная продуктивность овец романовской породы // Современные наукоемкие технологии. Региональное приложение. – 2015. – №4 (44). – С. 179-183.
- 4 Thomas D.L., Berger Y.M., McKusick B.C., Mikolayunas C.M. Dairy sheep production research at the University of Wisconsin-Madison, USA – a review // Journal of Animal Science and Biotechnology, – 2014, – V5. – P.22 <http://www.jasbsci.com/content/5/1/22>
- 5 Nezamidoust M., Razzaghzadeh S., Ezatiand E., Ghorbani R. Impact of Oxytocin-Milking Method on Lactation Performance and Lactation Length of Sheep // Iranian Journal of Applied Animal Science, – 2015. – V. 5(1). – P.105-113.
- 6 Berger Y.M., Billon P., Bocquier F., Caja G., Cannas A., McKusick B., Marnet P., Thomas D. Principles of sheep dairying in North America, 2014. – P.154.
- 7 Жақупова Г.Н., Мулдашева А.Х. Қой сүтінің биохимиялық құрамын зерттеу // Механика және технологиялар, – 2020. – № 1. – Б.115-121.

«БАЙСЕРКЕ-АГРО» ЖШС ЖЫЛҚЫЛАРДЫ СЫРТҚЫ ПШШІ, ДЕНЕ БІТІМІ БОЙЫНША БАҒАЛАУ

Сұлтанов Ө.С., а.ш.ғ.к., доцент

Бақыт Ш., магистрант

Еимұрат Р.О., студент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстанда жылқы шаруашылығы – мал шаруашылығының жетекші саласының бірі. Бұл саладан өндірілетін ет, сүт тағамдарымен қатар, жылқы терісі жеңіл өнеркәсіптік былғары бұйымдарына, вакцина және қан сарысуын (сыворотка) жасауға кеңінен қолданылады. Халықаралық көрмелерде де жылқыға деген талап артып отыр.

Республика жылқы шаруашылығында бие сүтінен жасалатын шипалы сусын – қымыз, диеталық жылқы еті өндіріледі және ол бағалы тері өнімдерін алудың да қосымша көзі.

Сонымен қатар қазіргі кездері Қазақстан Республикасында ат спортының классикалық және ұлттық түрлері, жазықтағы ат шабыстары, ат туризмнің жұмыстары қарқынды дамуда.

Осы бағыттағы зерттеу жұмыстары Алматы облысындағы «Байсерке – Агро» ЖШС-де жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде онда өсірілетін таза қанды салт міністі жылқы тұқымдары алынып, олардың түр-тұлғасы, дене тұрқының даму көрсеткіштері бағаланды.

Жылқылардың зоотехникалық қасиетін көрсететін маңызды көрсеткіштің бірі - малды экстерьері мен конституциясына қарап бағалау, яғни сыртқы пішіні, дене бітімі, түр-тұлғасына қарап белгілі бір қорытынды жасауға болады.

Экстерьер туралы ілім малдың сыртқы пішіні мен қызметінің арасындағы байланыс барлығына, яғни бұрыннан диалектикалық даму ұғымына негізделген. Сыртқы пішіні, дене бітімі, түр-тұлғасы мен физиологиялық қызметтің арасындағы нақтылы байланысты П.Н. Кулешов зерттеп [1] малға тәжірибе барысында дәлелдеген.

Малдың дене бітіміне баға беру үшін, алдымен оның түр-тұлғасын зерттеу керек. Бұл тақырыпты П.Н. Кулешовтан басқа зерттеген Богданов Е.А.[2], Лискун Е.Ф. [3], Свечин К.Б. [4], Демин В.А. [5] және қазақстандық Барминцев Ю.Н. [6], Беляев А.И. [7], Садыков Б.Х. [8], Dashper K. [9], секілді ғалымдар мал организмнің формасы мен қызметінің, дене бітімі мен өнімділігінің арасындағы байланысты дәлелдеп, экстерьерге баға бергенде малдың өнімділік бағытын басшылыққа алу қажет екендігін баса айтады.

Бұл істерді жүзеге асыруда көзбен көргенді толықтыратын маңызды көрсеткіш - малдың дене өлшемдері. Дене өлшемдері малдың даму көрсеткішін, экстерьерлік ерекшелігін сипаттайды [10].

Біздің зерттеуде алынған таза қанды салт мінетін тұқымдық жылқыларының саны-15 бас. Жұмыстың нәтижесі, яғни таза қанды салт мінетін жылқылардың дене өлшемдері 1-кестеде берілді.

1-кесте. Жылқылардың дене өлшемдері (см)

№	Жылқы аты	Туған жылы	Шоқтығының биіктігі	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
1	Фракассант	2000	160,0	166,0	188,0	23,5
2	КингОфМаппен	2001	160,0	162,0	190,0	21,5
3	Merlini	2003	163,0	171,0	193,0	21,5
4	Эдельвейс	2003	162,0	167,0	192,0	22,5
5	Кризби	2006	157,0	163,0	185,0	21,5
6	Хазар	2010	158,0	162,0	182,0	19,0
7	Одиссей	2010	163,0	168,0	193,0	24,5
8	Лафит	2011	158,0	160,0	180,0	18,8
9	Подарок	2011	158,0	162,0	183,0	20,0
10	Суфлер	2011	157,0	162,0	184,0	20,5
11	Господарь	2011	162,0	169,0	195,0	23,5
12	Посол	2012	161,0	167,0	196,0	21,5
13	Тамерлан	2012	156,0	161,0	181,0	19,5
14	Султан	2013	159,0	163,0	188,0	22,0
15	Хан	2017	158,0	163,0	185,0	19,0

1- кесте бойынша берілген мәліметтерге сәйкес "Байсерке-Агро" ЖШС шаруашылығының таза қанды салт мінетін жылқыларының дене өлшемдері алынды. "Байсерке-Агро" ЖШС шаруашылығының таза қанды салт мінетін жылқыларынан алынған дене өлшемдері бойынша: шоқтығының биіктігі – 157 – 163 см аралықты құрады, тұрқының қиғаш ұзындығы 161 - 169 см, кеуде орамы 181 см мен 196 см аралығын, жіліншік орамы – 18,8 - 23,5 см аралығын құрады. Шоқтығының биіктігі мен тұрқының қиғаш ұзындығы арасындағы қатынас, байланыс жылқының денесінің пропорционалдығын көрсететіні белгілі. Бұл белгі бойынша, яғни шоқтығы мен денесінің ұзындығы арасындағы айырмашылық аттарда 4 – 6 см құрады. Бұл қалыпты көрсеткіш. Келесі көрсеткіш кеуде орамы арасында айырмашылық әжептәуір – 15 см болды. Бұл аттардың сүйектілігі арасы мен интерьерлік ерекшеліктеріне байланысты болар деп ойлаймыз.

Кестеде берілген мәліметтер бойынша, «Байсерке - Агро» ЖШС өсірілетін салт мінетін жылқылардың орташа дене өлшемдері: 152,5-153,0-175,8-0,20,

«Байсерке - Агро» ЖШС өсірілетін салт мінетін жылқылардың дене өлшемдері (шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы) тұқымдық стандартымен салыстырғандағы мәліметтері 2- кестеде берілген.

2-кесте. Таза қанды салт мінетін жылқылардың дене өлшемдерін тұқымдық стандартымен салыстыру

Көрсеткіштері	Дене өлшемдері, см			
	Шоқтық биіктік	Тұрқының қиғаш ұзындығы	орама	
			Кеуде	Жіліншік
M±m	159,5	164,4	187,6	22,6
Тұқым стандарты	155-170	158,0	175-185	18-21
Ауытқуы ±	+4,5	+6,4	+1,6	+1,6

Шаруашылықтағы өсірілетін салт мінетін жылқылардың айғырлары мен биелері әжептәуір ірі және тұқым стандартынан орташа дене өлшемдері деректерінің артатындығы 2-кестедегі мәліметтерден көрінеді. Мәселен, жылқылардың шоқтығының биіктігі бойынша тұқым стандартынан –4,5 см, тұрқының қиғаш ұзындығы –6,4 см, кеуде орамы –1,6 см және жіліншік орамы –1,6 см-ге артады.

Қорыта келгенде, «Байсерке - Агро» ЖШС өсірілетін таза қанды салт мінетін жылқылардың дене өлшемдері (шоқтығының биіктігі, тұлғасының қиғаш ұзындығы, кеуде орамы, жіліншік орамы) тұқымдық стандартымен салыстырғанда кем еместігі, қайта кейбір көрсеткіштер бойынша жоғары екендігі байқалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Кулешов П.Н. Выбор по экстерьеру лошадей, скота, овец и свиней. -М.:Сельхозгиз, 1937. - 207с.
2. Богданов Е.А. Типы телосложения с.-х. животных и человека (обще зоотехнические основы экстерьера).- Госиздат.-1923.-311с.
3. Лискун Е.Ф. Экстерьер сельскохозяйственных животных. М.: Государственное издательство с.-х. литературы, 1949. - 312с.
4. Свечин К.Б. Индивидуальное развитие сельскохозяйственных животных /Свечин К.Б. //- Ордена «Знак почета». Киев: Урожай 1976. - С. 286-290.
5. Демин В.А. Формирование отдельных экстерьерных признаков буденновской породы / Демин В.А. // Автореф. дис. канд. с.-х. наук. - М., 2002. - С. 12-13.
6. Барминцев Ю.Н. Эволюция конских пород в Казахстане / Барминцев Ю.Н. // Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. С. 112-123.

7. Беляев А.И. Методы и результаты улучшения лошадей казахской породы типа джабе. / Беляев А.И // Автореф. дис. канд. с.-х. наук. -Москва, 1969. -15 с.
8. Садыков Б.Х. и др. Сравнительные показатели комплекции казахских и улучшенных лошадей / Садыков Б.Х. // Тр. Семипалат. зоовет. ин-та. -Алма-Ата: Кайнар, 1971. - С. 43-49.
9. Dashper K. Tools of the Trade or Part of the Family? Horses in Competitive Equestrian Sport // Web of Science SOCIETY & ANIMALS - Volume 22, Issue 4, 2014, P. 352-371
10. 12. Бегімбетова Г., Исхан Қ. Жылқы шаруашылығы практикумы: оқу құралы. – Алматы: Нұр-Принт, 2014.-16-22-б.

EFFECT OF STORAGE PERIOD AND WEIGHT OF TURKEY EGGS ON HATCHABILITY

*Dilora Senkebayeva, PhD, senior teacher
S.Seifullin Kazakh AgroTechnical University, Nur-Sultan*

Sex is a set of genetically determined properties that determine its role in reproduction. Sex differentiation of embryos formed when fused is affected by sex determination factors during the ontogenesis of autosomal sex chromosomes and epigenetic factors of the environment.

Significant sex determination in poultry development actualizes the task on early detection of young birds of incubated young birds. Earlier differentiation of feeding and keeping of grown young by age-sex group allow it firstly to reduce the cost of feed per unit of production, which creates opportunities for reducing the cost and increasing the profitability of industry reference.

According to the classical theory of Fischer [1] on sexual determination of animals, the sex ratio in a large number of samples must be approach 1/1, but this ratio in small samples can move under the influence by both internal genotype and external paratypic factors. In particular, the lengthening of egg pre-incubation storage periods reduces the hatchability of young because of different life potential of embryos that increases the density of males [2].

Ferguson [3] suggested a hypothesis about the possibility of existence of allelic forms of enzyme aromatase or female factor in W-chromosome in different populations of birds that have negative impact on viability of female chromosomes with different sensitivity to external influences (temperature, long-term storage, and etc.), which leads to displacement of sex ratio.

The issue on early sex determination of incubated young birds has a great scientific and practical value that allow to differentiate the technology of its growing and specific feeding rate and diet, which is a determining factor of reduction of costs and feed per unit of production and increasing the economic efficiency of poultry production.

Brood of day old chicks was determined by their quantity and quality. To examine the relationship between hatchability and sexual differentiation with eggs parameters, eggs were placed in control trays setters, differing only by studied parameter: in the 1st experiment - on storage period, in the 2nd experiment - by weight. Storage periods of eggs was controlled by date of receipt in the hatching house, weight – by weighing. Sex of day-old chicks was determined by Japanese method – differentiation of rudimentary hills in the mucous membrane of cloaca.

Study on evaluation of young hatchability and sex determination were carried out on poultry farms "Ordabasy Kus" of South Kazakhstan.

When collecting, storage and incubation of eggs the temperature and humidity conditions recommended for these hatcheries were reserved. At the initial stage of selection and sorting the eggs looked around topside and sorted according to storage period. The most dirty eggs and eggs with cracked or too thin shell, with calcareous nodules and marble shell, too small and too large, as well as irregular shapes were left.

In the pre-candling were determined the homogeneity of shell, volume and strength of air chamber, mobility of yolk, location of embryonic disc and reject eggs with wrong location or

blurred boundaries of air chamber, double-yolk, blood or meat clots, with broken chalaza.

Selected eggs with a clearly distinguishable in candling germinal disc of 4 mm in diameter with a slightly flattened yolk, held on both sides chalaza in a tightly liquefied protein layer were placed in trays of setter.

The incubation of eggs of white broad-breed turkeys was carried out in setters "Petersime" with automatically save of optimal parameters of temperature and humidity of incubation.

The results of incubation allowed to observe the connection of hatchability and sex differentiation of turkeys with parameters of hatching eggs in the form of pre-incubation periods of storage, weight.

In the first study were monitored the hatchability and sex of young from eggs with equal weight, shape and density, but with different pre-incubation periods of storage (Table 1).

Table 1. Hatching and sex of young from eggs with different terms of pre-incubation storage

Control trays	Number of eggs, pieces	Period of storage, days	Fertilizedegg		Hatched young		
			pieces	%	sex	among them	
						♀	♂
1-st	126	6	111	88,1	91	45	46
2-nd	126	8	108	85,7	89	44	45
3-rd	126	9	98	77,8	86	38	48

The results of incubation, represented in Table 1, have shown a connection of hatching and sex of day-old chicks with pre-incubation egg storage periods. Thus, the hatching of healthy turkey poults from set eggs in amount of 126 with a shelf life of less than 6 days was 72.2% at the same time from 91 chicks where 49.5% were females, 50.5% males; with a shelf life of 8 days the hatch was 70.6% and from 89 chicks where 49.4% were females, 51.6% males; with a shelf life of 9 days of the hatch was 68.2% and from 86 chicks 44.2% were females, 55.8% males.

In the second study were studied the hatching and sex of young from eggs with different weight, excluding shelf life, shape and density (Table 2).

Table 2. Hatching and sex of young from eggs with different weight

Control trays	Number of eggs, pieces	Period of storage, days	Fertilizedegg		Hatched young		
			pieces	%	sex	among them	
						♀	♂
1-st	126	< 80	108	85,7	94	48	46
2-nd	126	80-90	107	84,9	95	45	50
3-rd	126	> 90	96	76,2	72	35	37

Hatching of turkey chicks from eggs with weight less than 80 g was 74.6% so from hatching 94 chicks where 51.1% were females, 48.9% males; weight 80-90 g hatching was 75.4% and from hatched 95 chicks females were 47.4%, 52.6% males; weight more than 150 g hatching was 57.1% and from hatched 72 chicks females were 48.6%, 51.4% males.

Embryogenesis and sex differentiation are related to both genetic and paratypic factors of hatching eggs parameters in the form of pre-incubation periods of storage, weight, shape and density.

Internal genetic factors and external epigenetic factors are influenced on the formation of sex of young bird. During the early embryogenesis at the genetic level there is a sex differentiation of zygote caused by homozygous or heterozygous gametes, which have affected also by paratypic factors.

Ismailov and others [4] in their researchs indicate the connection embryogenesis and sex differentiation with genetic and paratypic factors of hatching eggs and the establishment of parameters of a healthy young goslings with high growth. So, Tagirov found a significant shift of sex ratio towards males formation in hatching of eggs Rhode Island Red after their storage

within 15-21 days. In his studies the number of males is almost twice higher than females.

Interconnection of hatchability and sex differentiation with parameters of eggs confirmed by studies of Francis and Barlow [5], Holmgren and Mosegaard [6] on the impact of sex determination in the early stages of embryogenesis temperature and acidity (pH), buffer and salinity of environments. Romanoff [7], Rolnik indicate the impact of paratypic factors of environmental on the formation of sex cells, concentration of estrogen, gas production rate and metabolic processes in different steps of embryogenesis.

Thus, the results of study of communication of parameters of hatching eggs of turkeys with hatchability and sex differentiation of young animals are agreed with the earlier results of study and indicate the possibility to influence on hatchability of young and sex differentiation paratypic factors.

Hormonal methods, giving the opportunity to determine sex of embryo in the early embryogenesis at 3.5-4.5 hours by biopotentials gonads and level of estrogen is acceptable poor in scale of production.

Extension of pre-incubation storage of egg has reduced biocapacity of embryo development. The dependence of hatchability and sex of embryos from egg weight demonstrated by a higher hatching of a healthy day-old chicks from the average egg weight.

References

1. Fisher R. A. The genetical theory of natural selection. Oxford University Press. - 1930. Volume 3, p-47.
2. Tagirov M.T. The shift of sex ratio in chickens after prolonged storage of eggs. Moscow. - 2010. Biotechnology, No. 3, p - 84-90.
3. Ferguson M. W. J., 1994. Method of hatching avian eggss. Pat. WO 94/13132
4. Ismailov R. A, Temirbekova G.A and Sharipova R.I., Preserving and rational use of gene pool of geese of Northern Kazakhstan. Materials of the IV Kazakhstan International Forum of Poultry Farmers, Astana, 2015. - p - 28-30.
5. Francis R. C. and Barlow G. W., 1993. Social control of primary sex differentiation in the Midas cichlid. Proceedings of the National Academy of Sciences, 90: 673-675.
6. Holmgren K. and Mosegaard H., 1996. Implications of individual growth status on the future sex of the European eel. Journal of Fish Biology, 49:910-925.
7. Romanoff A. L., Chemical and physiological sex differences in newly hatched chicks.. Poultry Sci. , 2012. - 275:643.

СИЫРЛАРДЫҢ КӨБЕЮ ҚАБІЛЕТІН САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ АРТУ ДИНАМИКАСЫ

*Ерсайынов Н. Н. II курс магистранті
С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Керімбек М.М. а.-ш.ғ. магистірі
ҚМЖЖҒЗИ*

Сүтті мал шаруашылығы сүт өнімдері үшін шикізат өндіруді қамтамасыз ететін жетекші сала болып табылады. Цифрландыру – сүт өндіру және сату процесін түбегейлі жаңғыртуға мүмкіндік беретін цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдануды көздейтін, сүтті мал шаруашылығын дамытудың жаңа деңгейі ретінде қарастырылады [1].

Сүтті ірі қара малдың өндірістік циклі экономиканың аграрлық секторының басқа салаларымен салыстырғанда ұзақ дамығандықтан, инновацияларды енгізу процесін баяулатады. Заманауи цифрлық, ақпараттық технологияларды қолдану сүт өнімділігінің

есебін жедел жүргізуге, мал денсаулығының өзгеруіне уақытылы жауап беруге, табынның көбею процесін тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, сүтті мал шаруашылығының табысы фермерлер үшін артады [2].

Қазіргі таңда, Қазақстандық фермерлер GPS-жүйелерін, мобильді қосымшаларды, жоғары технологиялық датчиктерді, алгоритмдерді, спутниктік бақылауларды белсенді енгізуде. Бұл технологиялар, әрине, фермерлерге озық әдістерді қолдануға, өндіріс нормаларын бақылауға, оларды жан-жақты пайдалануға қолайлы жағдай жасайды, сонымен қатар, сүтті мал шаруашылығы саласын дамытуға негіз болады [3].

Табынның көбеюі – табынның санын бір деңгейде ұстап тұру (қарапайым) немесе оның санын көбейту (кеңейтілген) процесі. Шаруашылықтағы мал басының өсуі сиырлардың фертильділігі мен оларды пайдалану мерзімдерімен анықталады. Ірі қара малдың көбеюі мал шаруашылығы өнімдерін өндіру деңгейін реттейтін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Бұл мәселені шешудің кешенді тәсілі репродуктивті функцияға әсер ететін факторларды ескеруге және оны оңтайлы деңгейде ұстауға мүмкіндік береді [4-8].

Бұл зерттеудің мақсаты: Қазақстанның солтүстік аймағындағы сүтті мал шаруашылығында цифрлық технологияларды қолдану кезінде сиырлар мен қашарлардың репродуктивті функцияларын зерттеу.

Ғылыми жобаның зерттеу объектісі Қостанай облысындағы модельдік шаруашылық болып табылады (голштино-фриз тұқымы). Ал, зерттеу нысаны ретінде ондағы сүттейту кезеңі әртүрлі, буаз емес немесе буаздығы 5 айдан аспайтын 200 бас сауын табыны іріктеліп алынды. Зерттеулер цифрлық технологияларды енгізгенге дейін және одан кейінгі модельдік шаруашылықтардағы сиырлар мен қашарлардың репродуктивті функцияларының деңгейін көрсетеді. Бұл зерттеулер 2018 жылдан 2020 жылға дейін жүргізіліп, мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулердің жалпы қабылданған әдістері, статистика RStudio бағдарламалық жасақтамасымен өңделді.

Smactec болжос жүйесі 2009 жылы Австрияда ойлап табылды. Ірі қара малды бақылау жүйесі 2014 жылы іске қосылып, қазіргі таңдағы компанияның веб-сайтында жарияланған мәліметтеріне сүйенсек, олардың жүйелері 25 елде қол жетімді және 20 000-нан астам сенсорлары сатылды [9].

Мишель А. фермадағы қашарлар мен сиырлардың фертильділігін дұрыс бақылауға және репродуктивтілік қабілетінің толық көрінісі үшін көрсеткіштердің неғұрлым үлкен тізімін ескеру қажет деп санайды [10]. Ғалымның әдістемесі бойынша шаруашылықтағы репродуктивті функция деңгейінің егжей-тегжейлі көрінісі үшін біз 1-кестеде көрсетілген көрсеткіштерді зерттедік.

Кесте 1 – Шаруашылықтағы репродуктивті функцияның көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау тобы (табын бойынша орташа)	Тәжірибелік топ(болжоспен)
305 күнге сауын, кг	5836,8±125,25	6355,6±125,6
Ұрықтану индексі	1,95±0,2	1,52±0,1
Алғашқы ұрықтандырудағы ұрықтандырылған мал, %	23,7	43,4
3-ші рет ұрықтандыру алдында ұрықтандырылған қашарлар, %	88,1	94,7
Төл-аралық кезең, күн	401,6±2,68	375,1±3,45
Суалу кезеңі, күн	56,5±1,20	61,0±1,22
Сервис кезеңі, күн	101,0±3,07	91,9±3,12
100 басқа бұзау шығымы, %	93,8	94,3
Репродуктивті қабілет коэффициенті	1,05±0,22	1,02±0,27

Түсіктер, %	4,3	3,7
Гинекологиялық проблемалар әсерінен брактау, %	8,4	4,1

Қазақстан жағдайында 6000-7000 кг сүт өнімділігі жоғары болып саналады және бұл шаруашылық өнімділігі жоғары шаруашылықтардың біріне жатады. Кестеден көріп отырғанымыздай, тәжірибелі және бақылау топтарының сиырларындағы өнімділік деңгейі айтарлықтай ерекшеленбейді. Бірақ өнімділіктерінің арасы, шамамен, 520 кг құрайды. Сиырлардың ұрықтану индексі 1,7 мәні болуы керек, егер ол көп болса, онда бұл фермада сиырлардың репродуктивті функциясында проблемалар бар дегенді білдіреді. Алайда, күйлейтін сиырларды уақтылы анықтауға байланысты болюстар жүйесі ұрықтану индексі 1,5±0,1-ге дейін қысқартуға мүмкіндік берді, ал шаруашылық бойынша болюссіз сиырларда орташа есеппен 1,95±0,2 құрайды. Осы себепті бақылау топтағы алғашқы ұрықтандырудағы ұрықтандырылған мал пайызы төмендеп, тек 23,7%, ал тәжірибелік топта 43,4% құрады. Болюсі бар сиырлардың барлығы дерлік 2 рет ұрықтандырғанда ұрықтандырылды, ал 3-ші рет ұрықтандырғанда ұрықтанған сиырлардың орташа пайызы 88,1% құрайды. Сонымен қатар, екі топта да ұзақ сервис кезеңі байқалды, шаруашылықта алғашқы ұрықтандыру 60-шы күнге келеді, тәжірибелік топтағы сиырларда статистикалық өңдеу кезінде сервис кезеңі норманың төменгі шегінде 91,9±3,12 болды, ал бақылау тобы табын бойынша орташа есеппен 11 күнге нормадан асады және 101,0±3,07 құрайды. Бұл шаруашылық өзінің барлық дамыған инфрақұрылымына қарамастан туылған кезде бұзаулардың көп санын жоғалтады, бұл екі топта да 93,8-94,3% нормадан төмен, ал норма кемінде 95% болуы керек. Репродуктивті қабілет коэффициенті және түсік пайызы рұқсат етілген мән шегінде болды. Бірақ гинекологиялық мәселелерге байланысты брактау тәжірибелік топта орташа табынға қарағанда 2 есе төмен – егер бақылау тобында 8,4% болса, онда тәжірибелік топта 4,1. Жоғарыда айтылғандай, жүйе сиырлардың фертильділігі мәртебесі туралы шаруашылық бойынша нақты мониторинг жүргізеді.

Сонымен қатар, бұл шаруашылықта сиырлардың өнімділігі мен көрсеткіштерінің өзара байланысын анықтау бойынша зерттеулер жүргізілді. Ол үшін сиырлардың сауымы табын бойынша орташа сауымынан жоғары және төмен болатын 2 топқа бөлінді: бірінші топта 6100,7±102,7 кг, ал екінші топта 4078,3±74,4 кг құрады. Мысалы, өнімділігі табын бойынша жоғары сиырларда ұрықтану индексі 2,13±0,7 құрады, сондай-ақ зерттелетін барлық басқа көрсеткіштер бойынша олардың барлығы рұқсат етілген мәндерден тыс болды.

Біздің зерттеулеріміз басқа да авторлармен сәйкес келеді [11,12]. Осылайша, Smaxtec болюстер жүйесін қолданудың жоғарыда келтірілген мысалы, тәулік бойы сиыр денесінің мінез-құлқын, функцияларын және олардың өнімділігін нақты бақылау мамандарға сүт өндіру технологиясының әртүрлі мәселелері бойынша туындаған мәселелерді уақтылы және тез жоюға мүмкіндік береді деп айтуға негіз береді.

Зерттеу жұмыстары 2018-2020 жылдары 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қол жетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы, 101 «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» кіші бағдарламасы шеңберінде «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі», «Қарқынды мал шаруашылығын дамыту» бойынша «Солтүстік Қазақстанның сүт фермаларындағы өндірістік процестерді оңтайландыру үшін инновациялық технологияларды трансферттеу және бейімдеу» бағдарламасы аясында жүргізілді. Жоба Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қаржыландыруымен жүзеге асырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 10 Қаңтар 2018 ж. 136.
- 2 Санду И.С., Рыженкова Н.Е., Афонина В.Е., Доцанова А.И. Цифровизация как инструмент инновационного развития АПК // АПК: экономика, управление. – 2018. - №8. – С.12-18.
- 3 Бельков Григорий Иванович, Панин Виктор Алексеевич Повышение генетического потенциала продуктивности и устойчивости к биотическим и абиотическим факторам крупного рогатого скота в условиях Южного Урала // Животноводство и кормопроизводство. -2015. -№2 (90). -С. 134–142.
- 4 Бельков Григорий Иванович, Панин Виктор Алексеевич Хозяйственно полезные признаки голштин × симментальская первотёлок в условиях Южного Урала // Известия ОГАУ. -2014. --№5 (49). -С. 143–146.
- 5 Крылов В.Н., Косилов В.И. Показатели крови молодняка казахской белоголовой породы и её помесей со светлой аквитанской // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. -2009. -№ 2 (22). -С.121–125.
- 6 Мироненко С.И., Косилов В.И. Мясные качества бычков симментальской породы и её двух-трёх породных помесей // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. -2008. -№ 1 (17). С. 73–76.
- 7 Спешилова Н.В., Косилов В.И., Андриенко Д.А. Производственный потенциал молочного скотоводства на Южном Урале // Вестник мясного скотоводства. -2014. -Т. 3. -№ 86. С. 69–75.
- 8 Амерханов, Х.А. Научное обеспечение конкурентности молочного скотоводства/ Х.А. Амерханов, Н.И. Стрекозов //Молочное и мясное скотоводство (спецвыпуск). -2012. №S1. -С. 2-6.
- 9 [Электрон. ресурс]. URL: <https://smaxtec.com/en/> (өтініш берген күні: 26.04.2020).
- 10 [Электрон. ресурс]. URL: <https://vetkrs.ru/vospr11.php> (өтініш берген күні: 26.04.2020).
- 11 Hansen P.J., Arechiga C.F. Strategies for managing reproduction in the heat-stressed dairy cows // Journal of Dairy Science. –2003. – Vol. 82 (Suppl. 2). – P. 36-50.
- 12 Wolfenson D., Roth, Z., Meidan, R. Impaired reproduction in heat-stressed cattle: basic and applied aspects // Anim. Reprod. Sci. – 2000. – Vol. 60-61. – P. 535-547.

ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛЫН БОРДАҚЫЛАУДА ҚҰРАМА ЖЕМ ҚОСПАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

*Ибатуллинов Д., I курс магистранты
Исабекова С.А., аға оқытушы, а.-ш.ғ.к.
С.Сейфуллин ат. ҚАТУ*

Еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің басым міндеттерінің бірі сиыр етін өндіруді ұлғайту, оның сапасын жақсарту және өзіндік құнын төмендету болды және солай болып қала береді.

Негізінен, мал шаруашылығының дамуы 60% малдың азық базасына және толыққанды азықтануына, 40% оның технологиясы мен селекциялық асылдандыру жұмыстарына байланысты деп есептеледі. Сондықтан етті ірі қара мал шаруашылығын дамыту үшін негізінен тұрақты азық қорын және малды қажетті азықпен толықтай азықтандыруды қалыптастыру қажет [1].

Ірі қара мал етін өндіру және сапасын көтеру үшін, көбінесе оны интенсивтендіру,

жас малды жеделдете өсіру, бордақылау, жайып-семірту жұмыстары үлкен рөл атқарады.

Сиыр етін өндіру тәжірибесінде жас малды өсіру мен бордақылаудың үш жүйесі дамыған: интенсивті, орташа интенсивті және экстенсивті. Экстенсивті технологияны дала мен шөлді аудандарда орналасқан фермаларда мал өсіру және бордақылау кезінде қолданады, сонымен қатар бордақылау соңында малдың тірілей салмағы 400-450 кг, жасы 28-30 ай, барлық қосатын тірілей салмағының өсімі 370-420 кг, тәуліктік өсімі 400-450 г құрайды. Ал, көптеген сүт-ет және сүтті мал шаруашылығымен айналысатын фермаларда орташа интенсивті технологиясы қолданылады, бұл кезде бордақылау соңында малдың салмағы 400-450 кг, жасы 16-18 ай, барлық тірілей салмақ өсімі 370-420 кг, ал тәуліктік өсімі 700-750 г құрайды. Үшінші жүйе, интенсивті технология - жемшөп базасы жақсы ұйымдастырылған үлкен шаруашылықтарда қолданылады және бордақылау соңында мал салмағы 400-450 кг, жасы 13-14 ай, барлық тірілей салмақ өсімі 370-420 кг, ал тәуліктік өсімі 1000 г және одан жоғары болады.

Ірі қара малдың төлдерін қарқынды өсіру мен бордақылауды ұйымдастыру кезінде жоғары сапалы жемнің арқасында қол жеткізілетін толыққанды азықтандыруға, азықтардың рационда оңтайлы үйлесіміне, сондай-ақ әртүрлі азық қоспаларын пайдалануға аса мән беріледі [2].

2013 жылы азық қоспаларының әлемдік нарығы 14,9 млрд долларға бағаланды, ал 2020 жылға қарай сарапшылардың бағалауы бойынша 20 млрд долларға жетеді делінген, бұл азық қоспаларын өндіру мен қолданудың негізгі қозғаушы факторы болып табылатын әлемдегі ет тұтыну дәрежесінің ұлғаюына сәйкес келеді. Ауыл шаруашылық өндірісінде бүгінде барлық жерде құрамында гормондары, өсу стимуляторлары және антибиотиктермен қоса фармакологиялық препараттары азық қоспалары қолданылады [3].

Өз кезегінде мал шаруашылығында қолданылатын азық қоспалары технологиялық, сенсорлық, азықтық, зоотехникалық, аралас құрама жемді қоспалар деп бөлінеді [4].

Бұл жемшөп қоспаларын Сидорова В.Ю., мен Петров Е.Б. өздерінің зерттеу нәтижелерінде көрсеткендей, зерттелген түрлердің ішінен биотехнологиялық әдістермен: синтез, экстракция, ферменттеу арқылы өндірілетін қоспаларды қолдану арқылы ең көп орташа тәуліктік салмақтың өсімін (650-750 г, 30-25%) алуға мүмкіндік берді. Механикалық немесе электрлік механикалық әдістермен өндірілген азық қоспаларын қолданудың нәтижесі орташа тәуліктік салмақтың 130-113 г-ға артуына әкелді. Малдарға 1 кг азықта қолданылатын әр түрлі азық қоспаларының дозалары шамамен бірдей (40-50 г) болды [4].

Қазіргі уақыттағы заманауи бордақылау жүйесін құрама жемсіз елестету мүмкін емес. Шаруашылықтардағы негізгі азықтардың (шөп, сүрлем, пішендеме) сапасы төмен болатындықтан рационды құрама жем қоспасымен теңестіру қажеттілігін туындатады.

Көп жағдайларда фермерлер жас малдарды, жоғары өнімді жануарларды және асыл тұқымды малды бордақылау кезінде экструдалған құрама жемді пайдаланады. Себебі, экструдалған құрама жемде токсиндер (зиянды қоспалар) жоқ, ол биологиялық қол жетімді - экологиялық таза өнім. Егер мал басына күніне 7 кг қарапайым астық қоспасы берілсе, онда тәуліктік өсім 200 - ден 400 граммға дейін жетеді, ал егер қоспа токсиндермен зақымданған болса, онда тәуліктік өсім аз немесе нөлге тең болады (жануар ауырады). Ал, малдарды аз мөлшерде экструдалған құрама жеммен азықтандырса (оның сіңімділігі 95%), онда тәуліктік өсімі 1000 г дейін жетеді және таза тұқымды малдар үшін тәуліктік өсім одан жоғары болады.

Инновациялық әдіс нәтижесінде алынатын экструдалған құрама жемді қолдану келесідей бірқатар басым ерекшеліктерге ие:

Жоғары сіңімділік. Азықтың шамамен 95%-ы жай ұсақталған астықпен салыстырғанда жануарларға оңай сіңеді (40% дейін). Бұл өнімділікті арттырады, мал шаруашылығынан барынша пайда алуға мүмкіндік береді.

Үнемділік. Экструдалған құрама жем қарапайым дәнді дақылдармен салыстырғанда

екі есе аз жұмсалады.

Ресурстардың минималды шығындары. Астықты алдын-ала сұрыптаусыз және кептірусіз өңдеуге болады. Шикізатта топырық, сабан, тастар және т.б. болмауы керек.

Тиімділігі. Бірнеше жыл бойы астық қоймасында жатқан дымқыл астықты экструдтауға мүмкіндік береді. Астық өндірісінің қалдықтарын өңдеу арқылы қоректік жем алуға мүмкіндік береді.

Құрама жемнің жағымды дәмі мен хош иісі арқасында малдардың жақсы жеуі.

Өсуді ынталандырады және иммунитетті нығайтады.

Азықтық қоспаларды қолданбай мал ағзасын қажетті қантпен қамтамасыз етеді.

Азықтандырудың гигиенасы. Қосымша өңдеусіз құрғақ түрінде беруге болады. Малдарға шашырамайды немесе азық қалдықтарына көмілмейді. Нәтижесінде ауаның қосымша шаңы болмайды. Бұл персонал үшін жұмыс жағдайларын жақсартуға, жабдықты мерзімінен бұрын бұзылудан қорғауға көмектеседі.

Ылғалдылықтың төмен деңгейіне байланысты ұзақ сақталады.

Азықтың стерильділігіне байланысты жас малдардың өлімін, асқазан-ішек ауруларынан 2 есеге азайтады.

Тыңайтқыш ретінде қолдану. Ағзадағы сіңімділігі мен қорытылуының жоғары деңгейіне байланысты малдардың нәжістерінде шөп, қауыз және т.б. түріндегі қажетсіз қалдықтар болмайды, бұл өз кезегінде дереу органикалық тыңайтқыш ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Төменде ірі қара малды экструдталған құрама жеммен азықтандыру және бордақылау бойынша кейбір зерттеулер келтірілген.

Claassen R. M. және басқа авторлармен экструдталған жемді пайдалану кезінде органикалық заттардың, шикі ақуыздың, эфир сығындысының және крахмалдың жалпы сіңімділігі жоғары екендігі анықталды [6].

Алдын ала өңдеудің белгілі бір жағдайларында қоспаны экструзиялау өңделмеген қоспамен салыстырғанда қарындағы ақуыздарды аз ыдыратады, азоттың таралуында өзгерістер болған жоқ. Mendowski S. және басқа авторлардың нәтижелері экструзияны ірі қараға арналған жемшөптің сіңімділігін жақсартудың перспективті тәсілі екенін растайды [7]. Ал, Убушаев Б. С., Мороз Н. Н., Буваева Д. Д. өз зерттеу нәтижелерінде көрсеткендей эксрудталған жеммен азықтандырылған бұқалардың дене салмағы тезірек жоғарылаған, 12 айда тірі салмағы 318,0 кг құрады, бұл бақылау тобымен салыстырғанда 4,7% жоғары. Союдың бақылау нәтижелері экструдталған жемнің бұқалардың ет өнімділігіне оң әсерін көрсетеді [8].

Сонымен қатар, Воеводина Ю. А. және басқа авторлардың зерттеуі бойынша, бұқашықтарды бордақылау кезінде экструдталған астық пен экструдталған астықты фитобиотикпен 60 күн бойы азықтандыру олардың тірі салмағы мен орташа тәуліктік өсімінің өсуіне ықпал етті. Тәжірибе айында орташа тәуліктік өсім 999-дан 1070 г-ға және 1078 г-ға (7,8 және 8,3% - ға) өсті [9].

Зерттеулерінің қорытындысында Погосян Д. Г., Чудайкин В. В. көрсеткендей, күйіс қайыратын малдарға арналған жемді физикалық өңдеудің ең тиімді тәсілі барогидротермиялық өңдеу болды, ол жемдік астық протеинінің сапасын оның қарындағы сіңірілуін 25,2-70,3%-ға едәуір төмендету есебінен жақсартуға мүмкіндік берді □10□. Ал, Радчиков В. Ф. және басқа авторлардың зерттеуінде, байытылған экструдталған құрама жем ірі қара малдың жас төлдерінің салмағы бойынша 10%-ға азықтандыру, бұқашықтардың орташа тәуліктік өсімінің 7%-ға артуын және жемшөп шығындарының 1 ц өсімінің 6%-ға төмендеуін, қосымша табыс алудың 11%-ға бақылауын қамтамасыз етеді [11].

Етті бағыттағы малдарды бордақылауда экструдталған құрама жемді қолдану олардың өнімділігін және олардан алынған өнім сапасын арттыруға, шаруашылықтағы

қолданылатын азық шығынын азайтуға әкеледі. Бұл көпфункционалды азық қоспаларын қолдану қазіргі заманғы жоғары өнімді мал шаруашылығын жүргізу үшін қажет көптеген артықшылықтарымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенов А.К., Аманжолов Қ.Ж. Әлемдегі ет өндірудің деңгейі және елімізде ет өндіруді қарқынды дамытудың негізгі мәселелері // Жаршы. – 2016. - №7-8. - б. 13-28.
2. Макарец Н.Г. Кормление сельскохозяйственных животных. Калуга. - 2012. – 639 б.
3. Laura Wood. Global Animal Feed Additives Market (Types, Livestock, Geography) // Analysis, Growth, Trends and Forecast 2013-2020. 2014. May 27.
4. Сидорова В.Ю., Петров Е.Б. Классификация кормовых добавок как компонентов энергоэффективных технологий откорма крупного рогатого скота // Вестник ВНИИМЖ. – 2019. - №2(34).
5. Абилов В.Т. Кормовая бактериальная добавка «Баксин- КД» в технологии выращивания ремонтных бычков казахской белоголовой породы / В.Т.Абилов, Г.Т.Бобрышова, В.В.Хабибулин, Н.А.Болотов, А.И.Зарытовшая // Зоотехния. - 2016. - №11. - Б.18-21
6. Claassen R.M., Christensen D.A., Mutsvangwa, T. Effects of extruding wheat dried distillers grains with solubles with peas or canola meal on ruminal fermentation, microbial protein synthesis, nutrient digestion, and milk production in dairy cows // Journal of Dairy Science – 2016. – Vol. 99 – No. 9.
5. Исинтаев Т. И., Хасенов Н. С., Ушаков Ю. А. Механизация кормления телят профилакторного периода / Т. И. Исинтаев, Н. С. Хасенов, Ю. А. Ушаков // Известия Оренбургского государственного аграрного университета: научный журнал. - Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Оренбургский государственный аграрный университет», 2016. – Т. 3, № 59. – С. 95-98.

6. Сизова Ю. В. Влияние кормления на рост и развитие телят / Ю. В. Сизова // Известия Оренбургского государственного аграрного университета: научный журнал. -, 2016. – Т. 2, № 58. – С. 106-108.

7. Соболева Н.В. Рост и развитие ремонтных телок в зависимости от их породной принадлежности / Е.А. Китаев, С.В.Караматов, Х.З.Валитов // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2009. – №4 (24).

8. Alimzhanov, B.O., Alimzhanova, L.V., Bostanova, S.K., Sheiko, Y.N., Isabekova, S.A. Milk productivity and natural resistance of holstein-breed heifers of own generation http://www.biolmedonline.com/Articles/Vol8_2_2016/BM-171-16_Milk-productivity-and-natural-resistance-of-Holstein-breed-heifers-of-own-generation.pdf (2016) *Biology and Medicine*, 8 (2), art. no. 2

9. Lyashenko, V.V., Balakirev, N.A., Yuldashbayev, Y.A. (2020). Modern technologies for increasing the reproduction level in dairy cattle // *BULLETIN OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN*, 1, 72-79.

10. Шайкенова К.Х., Современный опыт использования заменителя цельного молока в кормлении телят в молочный период. // Шайкенова К.Х., Беккожин А.Ж., Исабекова С.А. Многопрофильный научный журнал «3: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация. Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова № 1 2019, С.129-136

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНДА СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМЫ МАЛДАРЫН ӨСІРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

А.Р.Сыдыкова, 1 - курс магистранты

А.Ж. Бекқожин, а.ш.ғ. кандидаты, доцент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мал шаруашылығын дамытудың қазіргі кездегі маңызды, күрделі және өзекті проблемалары - ет пен сүт өндірісін ұлғайту және сапасын арттыру.

Сыыр еті мен сүт өндірісінің өнеркәсіптік технологиясы, жануарлар өнімділігінің генетикалық потенциалының толық көрінісін қамтамасыз етуі керек, бұл ең алдымен технологияның жекелеген элементтерін жетілдіру арқылы іске асады, бұл жас төлдердің өсуі мен даму қарқындылығына айтарлықтай әсер етеді. Төлдердің өсуі мен дамуының жеке ерекшеліктері олардың жасына сәйкес дұрыс азықтандыруды ұйымдастыру жануардың түпкілікті қалыптасуына оң әсер ететіндігін көрсетеді.

Сүтті және етті мал шаруашылығын дамыту тұжырымдамасында симментал тұқымы-прогрессивті және жергілікті жағдайларға жақсы бейімделетін тұқымдардың бірі болғандықтан, елімізге басқа тұқымдарды импорт жасаудың қажеттілігін жоқ қылады.

Мал шаруашылығының заманауи технологиялары ауыл шаруашылығы малдарын физиологиялық және экономикалық тұрғыдан негізделген азықтандыру және күтіп-бағу жүйелерін жасауды талап етеді.

Ет, атап айтқанда сыыр етін өндіру көлемін ұлғайту, оның сапасын арттыру және өзіндік құнын төмендету проблемасы Қазақстан агроөнеркәсіптік кешенінің өзекті

мәселелерінің бірі болып табылады. Табиғи-климаттық жағдайлар, жерді пайдаланудың тарихи қалыптасқан жүйесі, табиғи азықтық алқаптардың болуы көптеген өңірлерде етті мал шаруашылығының дамуына бейімелген. Бұл мәселені шешу көбінесе жас малды өсіру мен бордақылаудың тиімді технологияларын әзірлеуге және практикада қолдануға, азық-түліктің, өнімнің бірлігіне шаққандағы қаражат пен еңбектің минималды шығындарымен ет өнімділігінің максималды генетикалық потенциалын толық пайдалануға байланысты [1].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілігінде сиыр етін өндіру кезінде ірі қара мал төлінің генетикалық потенциалы толық көлемде іске асырылмайды, өйткені бұқашықтарды өсіру немесе бордақылау үлкен материалдық-техникалық ресурстардың және еңбек шығындарымен қатар жүреді, бұл сиыр етін өндірудің төмен тиімділігі мен рентабельділігін негіздейді, саланы нарықтық экономикаға көшудің жаңа жағдайларында бәсекеге қабілетсіз етеді. Н.Дракозовтың айтуынша, еліміздің климаттық жағдайларының әртүрлілігі малды өсіру мен бордақылаудың әртүрлі технологияларын қолдануды мүмкіндік береді. Бұл симменталдарға да қатысты, олардың өнімділік қасиеттері көбінесе оларды өсіру аймағының табиғи-жемдік жағдайларына байланысты болып келеді.

Сүтті және қосөнімді тұқымдардан ет өндірудің тиімділігі туралы әртүрлі пікірлер бар. А.Ю. Медведевтің пікірінше, елімізді сиыр етімен қамтамасыз ету мәселесі алдағы онжылдықтарда қосөнімді бағыттағы тұқымдық бұқаларын бордақылау тиімділігін арттыру арқылы шешілетін болады.

Елімізде етті тұқымдардың айтарлықтай аздығына байланысты қосөнімді тұқымдарды, атап айтқанда симменталдың ет сапасын арттыру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл мал кеш жетілетіндігіне қарамастан, ол ұзақ уақыт бойы бұлшықет тінін айтарлықтай майсыз құра алады, жоғары абсолютті және салыстырмалы өсу энергиясына ие, жайылымдарды жақсы пайдаланады. Симментал малының сойыс жағдайына ертерек қол жеткізу үшін жас малды қарқынды өсірудің әртүрлі технологиялық әдістерін іздеу сияқты ет өнімділігін арттыру резервін кеңінен қолдану қажет [2].

Соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей, қазіргі заманғы азықтандыру, және күтіп-бағу технологиялары сиырлардың өнімділігінің артуына әкеледі.

Қазіргі кезде мал шаруашылығы саласында шаруашылықтарда бар астықты қанттың едәуір мөлшері бар өнімге айналдыруға және оны аз шығынды, экологиялық қауіпсіз тәсілмен жасауға мүмкіндік беретін заманауи технологияларға қажеттілік туындап отыр.

Сапропельден сұйық жем мен қоспаларды дайындау технологиясы ең заманауи және жоғары технологиялық өнімдерге жатады. Бұл технология жемшөптің өзіндік құнын төмендетуге, оларды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, яғни өсіру уақытын қысқартып, мал фермасындағы орындарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Азықтарды дайындау технологиясы кавитациялық зарарсыздандыруға, шикізатты сумен араластыруға, ұнтақтауға, қыздыруға, содан кейін крахмалды қантқа гидролиздеуге негізделеді.

Аталып өткен технологиялық процесстен алынатын жемнің келесі ерекшеліктері бар:

1. Ол жұқа, біркелкі құрылымға ие;
2. 80-85 градусқа дейін термиялық өңдеу;
3. Крахмалды оңай сінетін глюкозаға, фруктозаға, мальтозаға және т. б. айналдыру, бұл сінімділікті 30% арттырады;

4. Пісіру кезінде жем тиімді дезинфекцияланады;

Бұл технологияны қолдану:

1. Орташа тәуліктік салмақтың 1 кг-ға дейін өсуі;
2. Өсім бірлігіне азық шығынын 95% - ға төмендету;

Бұл технологияны кавитациялық ұсақтағышты қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Кавитациялық ұсақтағыш - бұл әртүрлі мақсаттағы эмульсиялар мен суспензияларды

өндіруде қолданылатын жабдықтың түбегейлі жаңа түрі [3].

Малды күтіп-бағу жүйелері мен әдістері деп мал шаруашылықтары орналасқан ауданның табиғи және экономикалық жағдайларына қарай материалдық және еңбек ресурстары шығындарын аз жұмсай отырып, мал өнімдерін барынша мол алуды көздейтін шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық, гигиеналық және ұйымдастыру шараларының жиынтығын айтады.

Малды толыққанды азықтандыруға қанша көңіл бөлінсе, оларды күтуге де соншалықты көңіл бөліну қажет. Мал теріні тазалау эпидермис қабыршағын кірден, паразиттерден, түлеген жүндерден, әртүрлі микроорганизмдерден босатуға жағдай жасайды. Жүйелі түрде дұрыс тазалау нәтижесінде сиырларда сүт өнімділігі 5-7% көтеріледі, бұзаулардың салмақ қосуы артады деген тұжырым бар. Күтімнің маңызы әсіресе мал тазалаушы атмосфера әсері (жел, жаңбыр, күн көзі) болмайтын кезде, қорада ұстау кезеңдерінде зор.

Шаруашылықтар қазіргі заманға сай көптеген тазалағыш щеткаларды қолданады. Солардың бірі Швейцариялық DeLaval компаниясы ұсынатын SCB360 маятник щеткасы болып табылады. Ол сиырлардың денсаулығын, жайлылығын және жалпы жағдайын жақсартуға арналған. Сиыр жақындаған кезде щетка қолайлы жылдамдықта айнала бастайды. Ол барлық бағытта еркін, сиырдың денесінде тегіс қозғалады. Арнайы қылшықтарының ұзындығы мен қаттылығы сиырдың тазалығы мен тыныш күйін сақтай отырып, сонымен қатар қан айналымын ынталандырады.

Айрықша сипаттамалары:

- 50-60 сиырға есептелген;
- Қорадағы сиырлардың дұрыс қозғалысын ұйымдастыруға көмектеседі;
- Сиырлардың денсаулығын және жануарлардың жалпы жағдайын жақсартуға көмектеседі;
- Табынның өнімділігін арттырады;
- Жылдам және оңай орнату;
- Оңай тазалау;
- Қабырғаға немесе тірекке қою мүмкіндігі;
- Төмен қуат тұтыну [4].

Сонымен қатар, күтіп-бағу жұмыстарындағы тағы бір жаңашыл техникаға тоқталатын болсақ, 2020 жылы З.Златоновичтың жүргізген зерттеуі барысында, тырнақ бұзылыстарының сиырлардың сүт өнімділігіне әсері зерттелінді. Зерттеу жұмысы бір жыл ішінде 226 симментал сиырларына жүргізілді. Бірінші тәжірибелік топқа 42, екінші 37 және үшінші 34 сиыр кірді, тырнақтардың өзгеруі лактацияның алғашқы жүз күнінде, 101-200 күнге дейін, сәйкесінше 201-305 күнге дейін байқалды. Бақылау тобына бақыланатын өзгерістерсіз 113 сиыр кірді. Ақсақтықтың қарқындылығы аптасына бір рет бақыланып отырды. Сүт өнімділігі туралы мәліметтер үш апта бұрын, тырнақтарды емдеу аптасында және үш аптадан кейін жиналды. Үшінші топта қалған екі топқа қарағанда ақсақтығы бар сиырлар, сондай-ақ лактацияның алғашқы жүз күнінде бір аяғы зақымдалған сиырлар көп болды ($p < 0,05$). Бірінші топта екі аяғы бар сиырлар едәуір аз болды. Екінші топта бірінші топқа қарағанда екі аяғы бар сиырлар көп болды ($p < 0,05$). Тырнақтардың жиі кездесетін аурулары: күн жарасы, ламинит, Digitalis дерматиті. Лактацияның 101 және 200 күндері арасында тырнақтары әсер еткен сиырлар бақылау тобындағы сиырларға қарағанда 231 кг аз сүт өндіріді; лактацияның соңғы үштен бірінде тырнақтары әсер еткен сиырлар 26 кг аз сүт өндіріді. Соған қарамастан, бақылау және тәжірибелік топтардың сүт өнімділігі арасында айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ ($P > 0,05$). Лактацияның бірінші үштен бір бөлігінде зардап шеккен сиырлар сау және тырнақтары өзгерген сиырларға қарағанда аз сүт (324 кг) өндіріді, олар лактацияның кейінгі кезеңдерінде көрінеді. Алынған мәліметтер тырнақтың бұзылуы сиырлардың сүт өнімдеріне әсер етуі мүмкін екенін растайды.

Сүт фермасындағы малдың өнімділігіне тікелей әсер ететін факторлардың ішінде

жануарлардың тұяқтарының денсаулығы маңызды орын алады. Бұл сүт жануарлардың шығымдылығына, көбеюіне және дұрыс тамақтануына әсер етеді. Тұяқтарды өңдеуге арналған автоматтандырылған заманауи ванналар жануарлардың аяқ-қолдарына дұрыс күтім жасауды қамтамасыз етеді және тұя ауруларын емдеуге жұмсалатын шығындарды барынша азайтады. Жұмыс механизмі қарапайым болып келеді. Жұмыс кезінде ванна тігінен орналасады. Пайдаланар алдында ванна көлденеңінен түсіріледі және автоматты түрде бокстың үстінде орналасқан резервуардан сумен толтырылады, сумен бір мезгілде ваннаға дезинфекциялау сұйықтығы беріледі. Жұмыс аяқталғаннан кейін, ыдыс судан босатылады және жуылады. Әрбір манипуляция басқару түймесін бір рет басу арқылы жүзеге асырылады [5].

Қорыта келгенде, сиыр организмінің өзіне тән биологиялық және шаруашылық ерекшелігі - физиологиялық процестердің - буаздықтың және сүт беру мерзімінің бір мезгілде үйлесім табуы болып табылады. Бұл процестер организмнің алмасу процестеріне, күрделі физиологиялық қызметтеріне үлкен күш түсіретіндері мәлім. Осы кезеңде сиыр үшін азықтандыру да, микроклимат та, күтім де, бір сөзбен айтқанда жан-жақты қолайлы әсер ететін технологиялық шаралардың маңызы зор.

Сол себепті дұрыс күтіп - бағу жолдарымен малдың денсаулығын сақтап, оның өнімділігін арттыру қазіргі кезде қай шаруашылықтың болмасын мақсаты. Сондықтан малды күтіп-бағу және ұдайы өсіру жүйелерін жақсарту, микроклиматты ыңғайлы ету, азықтандырудың гигиеналық жағын жақсарту, селекциялық тұқым асылдандыру жұмыстарын жетілдіру, шымыр да шыныққан төл өсіру, малдың саналалы ауруларымен күрес, сауу гигиенасы, яғни тазалығы мен сүт сапасын арттыру басты міндет болып табылады. Осы міндетке жету барысында, жұмыс күшін жеңілдететін түсетін жаңа технологияларды қолдану қазіргі заманның талаптарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шевченко Н.И. Симментал тұқымы бұқашықтарын сүтті кезеңде өсіру / Н.И. Шевченко, Г.И. Рагимов // Мал шаруашылығы және сүт өндіру ісі. – 2017.- №1 - Б.25.
2. Эльжирокова З.Л. Сиыр етін өндірудің түрлі жағдайындағы симментал тұқымы бұқашықтарын өсіру тиімділігі / Эльжирокова З.Л // Жеке зоотехния. - 2017. Б.6.
3. <https://edrid.ru/rid/217.015.c404.html>
4. <https://ikaz.info/ktipbauzhnetllderdisiru-gigienasy.htm>
5. Zlatonovich Z. The effect of nail disorders on the milk productivity of Simmental dairy cows / Zlatonovich Z // Veterinary medicine. - 2020.- №1 – Б. 103-110.

ГОЛШТИН ҚАРА-АЛА ТҰҚЫМЫ САҚА СИЫРЛАРЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ЖЕЛІННІҢ МОРФОФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ЖАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Г.Г. Жанахметова, 4 курс студенті

А.Ж. Бекқожин доцент, а.ш.ғ. кандидаты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Аннотация

Ұсынылған мақалада «Астана-Өнім» АҚ өсірілетін голштин қара-ала тұқымды сиырлардың желінінің морфофункционалды қасиеттері мен сүт өнімділігін зерттеу нәтижелері берілген.

Желінің морфофункционалды қасиеттеріне жасалған талдау бойынша голштин қара-ала тұқымды сиырлардың жоғары сүт өнімділігі мен желінінің машиналық саууға

қолайлы екенін көрсетті.

Кілтгісөздер: голштин қара-алатұқымы, сүт өнімділігі, желіннің морфофункционалдық қасиеттері.

Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің құрамында ірі қара шаруашылығы маңызды орын алады. Себебі халыққа және өнеркәсіпке аса керекті ет, май, тері, сүт сияқты өте бағалы азық-түліктер мен шикізаттарды осы ірі қара шаруашылығы береді. Сондықтан, агроөнеркәсіп кешенін жеделдетіп дамыту міндеті ірі қара шаруашылығына да тікелей қатысты.

Сиырлардың сүт өнімділігі генетикалық факторлардан және желіннің морфологиялық көрсеткіштерінен анықталады. Малды дұрыс ұстау және тамақтандыру кезінде дамыған желін сүттің көп мөлшерін шығаруға қабілетті. Оның қасиеттері сиырлардың өнімді қабілеті мен олардың сауу машинасына жарамдылығы туралы бағаланады [1,2,3].

Зерттеу материалы мен әдістері

Жұмыс Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Краснояр ауылында «Астана-Өнім» АҚ жүргізілді.

Зерттеу нысаны голштин қара-ала тұқымының I, II, III сауым маусымындағы сиырлар болды. Эксперимент жүргізу үшін голштин қара-ала тұқымы ішінде 10 бастан 3 топ құрылды.

Малдар бірдей тамақтандыру және ұстау жағдайларында болды. Сүт өнімділігі бақылау сауыттары негізінде айына бір рет анықталды.

Желінді зерттеу лактация сауудан 1-1,5 сағат бұрын 2-3 айлық сиырларда жүргізілді, "Желінді бағалау және сүтті және сүтті-етті тұқымды сиырлардың сүт берілуі" әдістемелік ұсынымдары негізінде ЛСХА жобасын іске асырды. Олар желіннің пішінін, оны денеге бекіту әдісін көзбен бағалады, ширек дамудың симметриясы, бүйірлік бороздың және қосымша емізіктердің болуы, сауылымнан кейінгі төмендеу. Желіннің безеулігі сауудың алдында желіннің пальпациясымен бағаланды. Сүт беру жылдамдығын тәуліктік саууды секундомермен есепке алынған сауу уақытына бөлу арқылы, сауу стақандарын киген сәттен бастап және сүт беру аяқталғанға дейін, оның ішінде машиналық доданы қосу арқылы орнатты. Желіннің өлшемдері: өлшеуіш таспамен, циркульмен және штангенциркульмен алынды.

Зерттеу нәтижелері

Желінді бағалау кезінде оның формасы маңызды. Желіннің пішіні-бұл сүт шығымдылығына, қарқындылығына, сауудың жеңілдігіне және маститке төзімділікке әсер ететін сыртқы ерекшеліктерінің жиынтығы. Желіннің формасы генетикалық анықталған қасиет және мұра болып табылады. Ең өнімді сиырлардың желіндері ванна тәрізді және тостағанша тәрізді болады. Іріктеу кезінде сиырдың құрсақ қабырғасына желінді бекіту әдісіне көп көңіл бөлу керек. Жақсы дамыған, көлемді желіннің үлкен бекіту аймағы болуы керек. Алдыңғы бөлігі ішке тік бұрышпен емес, біртіндеп өтуі керек. Сиырлардың жасына байланысты желіннің жеткілікті тығыз бекітілмеуі оның салбырауына әкеледі, әсіресе жоғары өнімді сиырларда.

Сауу кезінде желіннің пішіні үлкен мәнге ие. Машинамен сауу үшін ұзындығы 6-8 см, диаметрі 2-3 см цилиндрлік және конустық пішіндегі емізіктер қажет. Желіннің морфологиялық қасиеттерін зерттеу нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте - Желіннің морфологиялық қасиеттері

Көрсеткіштері	Лактация		
	I	II	III
Барлық сиырлар	10	10	10
	%	%	%
Желіннің пішіні			
Ванна тәрізді	92	90	92,6
Тостағанша тәрізді	8	9	7,4
Бекіту әдісі:			
Тығыз	60	62	58
Жеткілікті тығыз	31	30	33
Жеткіліксіз тығыз	18	17	19
Емізікшенің пішіні			
Цилиндрлық	83,8	85,8	87,5
Конустық	16,2	14,2	12,5

1 кестеден көрініп тұрғандай, голштин қара-ала тұқымды сиырлардың салмағы, тостағанша тәрізді формасы бар - 92% және ванна тәрізді - 8%, жануарлардың жағымсыз (ешкі) формасы жоқ. Желіндерінің пішіні ванна тәрізді және тостаған тәрізді сиырлардың емізікшелері цилиндрлі пішінді болған, сондай-ақ сүт ағыны интенсивті тиімдірек болуымен ерекшеленеді.

Голштин қара-ала тұқымды сиырлардың желінін өлшеудің негізгі параметрлері 2,3 кестелерде келтірілген.

2 кесте - Голштин қара-ала тұқымды сиырлардың негізгі өлшемдері, см

Көрсеткіштері	Лактация		
	I	II	III
Желіннің орамы	113,1±0,77	123,7±0,60	121,9±0,71
Желіннің ұзындығы	34,9±0,68	36,0±0,52	36,9±0,50
Желіннің ені	29,2±0,32	30,8±0,48	31,2±0,51
Желіннің алдыңғы сүт ағымының тереңдігі	24,5±0,39	25,8±0,42	25,9±0,50
Желіннің артқы сүт ағымының тереңдігі	26,6±0,40	27,2±0,47	27,5±0,43
Желіннің түбінен жерге дейінгі қашықтық	63,7±0,31	64,1±0,35	64,5±0,41
Емізікше ұзындығы: алдыңғы	6,5±0,17	6,6±0,19	6,5±0,19
артқы	5,4±0,15	5,5±0,18	5,5±0,21
Емізікше арасындағы қашықтық: алдыңғы	17,3±0,49	16,5±0,43	16,8±0,53
артқы	8,9±0,36	9,1±0,35	9,4±0,38
алдыңғы және артқы	9,9±0,24	10,1±0,27	10,3±0,35
Емізікше диаметрі: алдыңғы	2,90±0,04	2,89±0,04	2,85±0,05
артқы	2,67±0,04	2,65±0,04	2,60±0,04

2 кестедегі мәліметтерден голштин қара-ала тұқымды сиырлардағы желіннің дамуының біршама жақсы параметрлері ІІ лактация сиырларымен сипатталғаны көрінеді. Сонымен, олардың желінің орамы сиырлармен салыстырғанда жоғары болды І лактация 10,6 см, ІІІ лактация - 1,8 см. Басқа көрсеткіштер бойынша айтарлықтай айырмашылықтар байқалмады. Желіннің функционалды қасиеттерін сипаттайтын маңызды параметрлері машинамен сауу ұзақтығы, сүт берудің орташа жылдамдығы, сүт шығымының үлесі мен желіннің индексі. Желіннің функционалды қасиеттері сиырларды машинамен саууға кететін уақытты және сүт бездерінің сауу қондырғыларының әсерінен туындаған ауруларға төзімділігін анықтайды. Сүт беру жылдамдығы - тәуліктік сүт шығымының деңгейіне және бөлінген сүт ағымының әр түрлілігіне байланысты шама (3 кесте).

Желіннің функционалды қасиеттерін бағалай отырып, сүт беру жылдамдығы голштин қара-ала тұқымының асыл тұқымды табынының сиырлары үшін оңтайлы мәнге ие екендігі анықталды, таңдалған жануарлардың орташа тәуліктік сүт мөлшері өте жоғары, бұл жақсы генетикалық әлеуетті көрсетеді, сауу уақыты қолайлы нормалар шегінде, шартты сыйымдылық өте жоғары мәнге ие.

3 кесте - Голштин қара-ала тұқымды сиырлардың желінінің функционалды қасиеттері

Көрсеткіштері	Лактация		
	I	II	III
Орташа тәуліктік сауым, кг	23,9±1,0	26,3±0,8	25,6±1,1
Сауу уақыты, мин	13,1±0,6	13,7±0,8	13,3±0,7
Сүт беру қарқындылығы, кг / мин	1,8±0,07	1,91±0,08	1,93±0,06
Желін индексі, %	47,3±0,6	48,3±0,3	48,4±0,5
Алдыңғы үлестердің сауымы, кг	11,3±0,8	12,7±0,6	12,4±0,8
Артқы үлестердің сауымы, кг	12,6±1,0	13,6±0,8	13,2±0,9

Сүтті мал тұқымдарын жетілдіру критерийлерінің бірі - сүт өнімділігі деңгейі бойынша генетикалық әртүрліліктің көрсеткіштері (сүт өнімділігі, сүттегі май мөлшері, сүт майы, сүттілік коэффициенті). Малдардың сүт өнімділігі 4 кестеде келтірілген.

4 кесте - Голштин қара-ала тұқымды сиырлардың сүт өнімділігінің көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Лактация		
	I	II	III
Сауу, кг	5829±247	6920±332	7035±239
Май мөлшері, %	3,68±0,09	3,71±0,3	3,63±0,11
Ақуыз мөлшері, %	3,36±0,18	3,39±0,45	3,18±0,64
Сүт майының мөлшері, кг	212,3±4,20	256,2±3,27	266,5±0,93
Сүт ақуызының мөлшері, кг	187,8±0,9	219,3±0,34	223±0,80
Сүт коэффициенті	1153±80,4	1172±100,2	1186±85,13

4 кестенің деректеріне сүйенетін болсақ, Голштин қара-ала тұқымды сиырлардың сүт өнімділігінің көрсеткіштері асыл тұқымды мал зауытының сиырларына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Сауу кезеңінде бірінші лактация сиырларының саууы 5829 кг, екінші және үшінші лактация сиырлары тиісінше 6920 және 7035 кг құрады. Бірінші және екінші лактация сиырларының сүтіндегі айырмашылық 1091 кг немесе 16%, екінші және үшінші лактация сиырларының сүтіндегі айырмашылық 115 кг немесе 2% құрады. Бірінші лактацияда май мөлшері 3,68%, екінші лактацияда - 3,71%, үшінші лактацияда - 3,63% болды. Бірінші лактация сиырларынан лактация кезеңінде 212,3 кг сүт майы болды, екінші лактация сиырларынан - 256,2 кг, бұл тиісті кезең деңгейіне 0,8% құрайды, үшінші лактация сиырларынан - 266,5 кг, екінші және үшінші лактация сиырларының айырмашылығы 10,3 кг, ал пайызбен 1,0% құрады. Сиырлар тобындағы сүттегі ақуыз

мөлшері бойынша қатты ерекшелік байқалмады. Сауу кезеңінде бірінші лактация сиырларынан 187,8 кг ақуыз, екінші лактация сиырларынан – 219,3 кг, үшінші лактация сиырларынан - 223 кг ақуыз алынды. Сүт коэффициенті бойынша сиырлар келесідей жіктеледі: бірінші лактация 1153 кг, екінші лактация 1183 кг, лактацияның I және II айырмашылығы 30 кг немесе 2,5% құрады, үшінші топ 1186 кг, II және III лактация сиырларының айырмашылығы 3 кг немесе 0,2% шамасын көрсетті.

Қорытынды

Желіннің морфофункционалды қасиеттерін зерттеу негізінде және сүт өнімділігі II, III лактациядағы голштин қара-ала тұқым сиырларының ұзындығы мен ені бойынша жақсы дамыған, біркелкі дамыған үлестерінің сауымы мен емізікшелері бар және сүт өнімділігі жоғары деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, барлық зерттеу кезеңінде сүт шығымы айтарлықтай жоғары деңгейде, тиісінше 6920 және 7035 кг болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мохов А. С. (2016), «Әр түрлі экологиялық-генетикалық типтегі голштин тұқымды сиырлардың сүт өнімділігі», КубГАУ. №122 (08) б.22-24.
2. Рузиев Т. Б. (2017), «Сүт өнімділігі және әр түрлі экологиялық типтегі бұқалардың қыздарының желінінің морфофункционалды қасиеттері» Самара мемлекеттік ауылшаруашылық академиясының жаңалықтары. №1 б. 82-85.
3. Хромова Л. Г. (2017), «Воронеж облысында өсірілетін негізгі сүтті бағыттағы сиырлардың морфологиялық белгілері мен функционалды қасиеттері», Воронеж мемлекеттік аграрлық университетінің хабаршысы. №4 (55) б.89-94.
4. Гогаев О. К. (2017) «Голштин қара - ала тұқым сиырының желінінің морфологиялық және функционалды қасиеттері», Зоотехния. №4 Б.10-14.
5. Коснор Л. Т. (2018) «Туу бөлмесінен ауыстыру кезіндегі сүт өнімділігінің динамикасы әр түрлі тамақтандыру және ұстау жүйелеріндегі бөлімдер.», Винница мемлекеттік университетінің хабаршысы, в.34, б.22-25.
6. Afiani F.A., Joezy-Shekalgorabi S., Amin-Afshar M., Sadeghi A.A., Jensen J. (2021): Additive genetic and permanent environmental correlation between different parts of lactation in moderate and cold regions. Czech J. Anim. Sci., 66: 112–121.

ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫ

*Әбілқадырова.А. - 4-ші курс студенті,
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
Нұр-Сұлтан қаласы*

Кіріспе. Етті бағыттағы ірі қара малдарды қарқынды өсіру, сонымен қатар мал басының өсуі оның генетикалық жетілуі мен өз төлінен өсірудің жақсы сапалығымен ерекшеленетін мал басын көбейту қажеттілігі туындап отыр. Бұл бағытта жұмыстың нәтижелі болуы үшін малды ата-тегі мен жанама туыстары арқылы олардың сапалылығын ұрпақтарына тұрақты беру жұмыстары қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады. [1,2].

Етті ірі қара мал тұқымдарының жоғары ет өнімділігімен және аса сапалығымен, тез жетілгіштігімен, өнімге азықты аз жұмсайтындығымен ерекшеленеді. Сойған кезде жеуге жарамды жұмсақ еті мол, халықаралық стандарт талабына сай ауыр ұша және сапалы тері, шикізат алынады. Етті ірі қара шаруашылығы саласына шығын аз жұмсалады және жерді экстенсивті пайдаланатын аймақтарда тиімді ет өндіруге мүмкіндік береді [3,6].

Жақын жылдары бұл саланы ірілендіруге, шаруашылық субъектілерін мамандандыруға, шаруашылықтарда етті ірі қара малдың көпшілік бөлігін шоғырландыруға, жергілікті азық жағдайы, ұдайы өндіруді қарқынды жүргізуге, төлдерді өсіруге, жайып семіруге және бордақылауға, өндіріс үдерісін ықшамдауға, сиырдың маусымдық төлдеуін реттеу-

ге байланысты көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс. [4-5].

Зерттеу әдістемесі. Зерттеу объектісі ретінде «Байсерке Агро» ЖШС өсірілетін герефорд тұқымының 8 айдан 15 айға дейінгі жастағы төлдері, яғни тайыншалар мен бұқашықтар алынды. Бұқашықтарының өсу, даму ет өнімділігінің ерекшеліктерін анықтау. Ет алу үшін ірі қара төлін өсірудің экономикалық тиімділігін есептеу жүргізілді. Тәжірибеге алынған тайыншалар мен бұқашықтардың азықтандырылуы мен күтіп-бағу жағдайы бірдей болды. Мал басының тірі салмағын анықтау барлық тәжірибелі төлдерді ай сайын бақылап өлшеу нәтижелері бойынша жүргізілді. Алынған деректерді биометриялық өңдеу Microsoft Excel операциялық жүйесін (9.0 нұсқасы) қолда отырып, Н.А. Плохинскийдің (1969) алгоритмдеріне сәйкес жасалды.

Нәтижелері. Етті ірі қара мал бұқашықтарын 15 айға дейін өсіргенде, олардың артқы ширек бөлігінің үлесі басым болды. Бұл 15 айға дейінгі аралықта етті ірі қара мал бұқашықтары ұшасының артқы ширегінің жақсы дамығандығын көрсетеді. Герефорд сиыры тұқымды өгізшелерінің күнделікті іс-әрекеті (жатуы, тұруы, азықтануы және т.б.) көрсеткіштері, әр тәжірибе тобынан 10 бастан құрылып зерттелді. Герефорд сиыры тұқымы өгізшелерінің өсу кезеңіне байланысты тірілей салмақтары 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Герефорд сиыры тұқымы өгізшелерінің жасына байланысты тірілей салмағының өсу динамикасы

Жасы, ай	n	Топтар					
		I			II		
		X±m	δ	Cv	X±m	δ	Cv
Жаңа туған	20	24,6±0,7	3,1	12,7	24,0±0,4	1,8	7,5
8	20	212,5±3,2	13,9	6,6	211,8±2,2	10,0	4,7
9	20	219,4±3,0	13,4	6,1	218,8±2,1	9,6	4,4
12	17	303,3±3,5	14,5	4,8	297,7±3,0	12,2	4,1
15	17	390,2±4,3	17,7	4,5	326,4±3,0	12,2	3,7
18	17	467,2±3,8	15,6	3,3	367,5±3,2	13,0	3,5

I-ші топтағы 15 ай мен 18 ай аралығында тәуліктік рационы 10 азық өлшем бірлігінде бордақылағанда, олардың тәуліктік қосымша салмағы – 846 г құрады, бұл жайылымда жайып-семіртілген қатарластарынан 394 г жоғары. Тірілей салмағының айырмашылығы 99,7 кг құрады (2-кесте).

Объективті зоотехникалық көрсеткіштердің бірі - ол малды ет алу үшін өсіру кезіндегі 1 кг тәуліктік қосымша салмаққа жұмсалатын азықтың мөлшері. Бұл белгі тұрақты тұқым қуалайды және малдың қарқынды өсуімен тікелей байланысты.

Құндылығы бірдей азықпен азықтандырылған жасы 9 айдан 12 айға дейінгі өгізшелер 1 кг қосымша тәуліктік салмақ өсіміне 6,09-6,78 азық өлшем бірлігін және 638-658 г қорытылатын протеин жұмсады. Ал, одан кейінгі малды өсіру технологиясының күрт өзгеруіне байланысты, бұл айырмашылық айтарлықтай арта түсті.

Кесте 2– Герефорд сиыры тұқымы өгізшелерінің салмақ өсіміне жұмсалған азық өлшем бірлігі (АӨБ), кг

Топ	Жас кезеңі, ай	Салмақ өсімі, кг	Желінген азық			
			бір өгізшеге		1 кг салмақ өсіміне	
			АӨБ, кг	қорытылатын протеин,г	АӨБ, кг	қорытылатын протеин,г
I	9-12	83,9	511,1	55,2	6,09	0,658
	12-15	86,9	673,7	75,6	7,75	0,870
	15-18	77,0	876,3	96,6	11,38	1,254
	9-18	247,8	2061,1	227,4	8,32	0,918
II	9-12	78,9	534,9	50,4	6,78	0,638
	12-15	28,7	486,8	48,7	16,96	1,696
	15-18	41,1	698,9	69,9	17,00	1,700
	9-18	148,7	1720,6	169,0	11,57	1,136

Қолда ұстап бордақылау алаңында семірітілген өгізшелер 1 кг тәуліктік қосымша салмақ өсіміне 7,75 азық өлшем бірлігін және 870 г қорытылатын протеин жұмсаса, жайылымда бағылған өгізшелер 16,96 а.ө.б. және 1696 г қорытылатын протеин жұмсады; 15 айлық және 18 айлық өгізшелер тиісінше 11,38 а.ө.б. және 1254 г қорытылатын протеин; 17,0 а.ө.б. және 1700 г қорытылатын протеин жұмсады. Жалпы тәжірибе барысында ІІ-ші топтағы өгізшелер 1 кг тәуліктік қосымша салмақ өсіміне І-ші топтағы өгізшелермен салыстырғанда 2,25 азық өлшем бірлігін (39%) артық жұмсады

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тәжірибедегі тайыншалар мен бұқашықтардың тірі салмағы жасына қарай әр түрлі болды. Біздің зерттеулерімізде өгізшелердің қарқынды өсуі кезіндегі айырмашылығы малдың белгілі. Кестедегі мәліметтен көрініп тұрғандай, барлық сойыс көрсеткіші бойынша қарқынды өсірілген өгізшелер, алты ай бойы жайылымда жайып семіртудің нәтижесіне өгізшелерден басым шықты енген салмақ мөлшерін әртүрлі мерзімде алуға болатындығын көрсетті. Герефорд тұқымы тайыншалары мен бұқашықтардың дене өлшемдерін 15 айлық жасында алынып тұқым стандартымен салыстырылды, айтарлықтай айырмашылық болмағанын көрсетті. Яғни, етті малға тән белгілері өте айқын, тез жетілгіш, кеудесі кең, етті, аяқтары қысқа, берік келген. Бұл шаруашылықта герефорд тұқымын өсіруде өнімділік және тұқымдық сапасы сақталып, сапалы тұқым алуға болатынын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов Қ.Ж., Қозыбаков Б.А., Ержігітов Е.С., Майлыбаев М.Х. Етті ірі қара мал шаруашылығының қалыптасуы, дамиды және ет өндіру технологиясы (Анатикалық толу). - Алматы, 2013. - Б. 4
2. Махметов Ж.Қ., Крючков В.Д., Жуманбай Ә.Қ., Шайымов А.Б. «Қараман асыл тұқымды шаруашылығында қан жаңарту арқылы будандастырудың нәтижесі // Жаршы. 2012. - №3. – Б. 66-68.
3. Қажғалиев Н.Ж. Қазақстан Республикасында ет өндірісінің даму барысы / Қажғалиев Н.Ж. //БҚО Жәңгір ханатындағы БҚАТУ «Батыс Қазақстанда халық шаруашылығы дамудың экономикалық аспекті» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Орал, 2007. -193-195 б
4. Абылгазинова А.Т. Изучение мясных качеств молодняка казахской белоголовой породы в зависимости от возраста, происхождения и классификации говядины в соответствии с международными требованиями: дис канд. с.-х. наук. – Шымкент, 2010. – 105 с.
5. Нұрғазы Қ.Ш. Мал шаруашылығы негіздері практикумы / Алматы, 2008. - Б. 105.
6. Kazhgaliyev, N., Kulmagambetov, T., Ibrayev, D., Bostanova, S., Titanov, Z. Adaptation

Ғылыми жетекшісі - Омарова Қ.М., а.ш.ғ.к., аға оқытушы

ӘРТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕ АЗЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ЗААЕНЕН ЕШКІ ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ТІРІЛЕЙ САЛМАҚ ӨЗГЕРГІШТІГІ

Камзина С., 4 курс студенті,

Байлина Г., 1 курс магистранты,

Омарова Қ.М., а.ш.ғ.к., аға оқытушы

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Кіріспе. Соңғы жылдар әлемнің көптеген елдерінде сүтті ешкі өсіруді дамытуға қызығушылық арта бастады - бұл бағалы өнімдер мен шикізаттардың алуан түрін өндіруге қабілетті сала. Ешкі шаруашылығы дамыған елдерде қаймағы алынбаған сүт ретінде және жұмсақ, қатты ірімшіктерді дайындау үшін қолданылады. Біздің ел үшін бұл әлемдік нарыққа енді шыға бастаған мал шаруашылығының дамып келе жатқан жаңа саласы. [1,2,3,9].

Ешкі сүті және оның қайта өңделген өнімдері балаларға, науқастар мен қарт адамдарға диеталық таптырмас компонент болып табылады. Ешкі сүтінің құрамы мен қасиеттері ерекше, оның құрамында макро-микроэлементтердің көп мөлшері, соның ішінде маңызды амин қышқылдары, минералдар, витаминдер бар.

Ғылыми зерттеулер бойынша ешкі сүтінің биологиялық құндылығының жоғары екендігін дәлелдеді, ол көп жағдайда аналық сүтке ұқсас, сондықтан ол жақсы қорытылып, адам ағзасына, әсіресе балалар ағзасына жеңіл сіңеді [4,5,6].

Қазіргі экологиялық жағдайдың нашарлауында адамның рационына ешкі сүті мен сүт өнімдерін енгізу өте маңызды және адамның денсаулығы мен иммунитетіне тиімді әсер етеді.

Сонымен қатар, ешкі сүті мен осы шикізаттан алынатын өнімдер халық арасында сұранысқа ие болуда. Негізінен пастерленген ешкі сүтімен және оның өңделген өнімдері: айран, йогурт, сүзбе және ірімшік халықты толығымен қамтамасыз ете алмауда [7]. Сондықтан сүтті ешкі өсіруді дамыту - еліміздің шикізаты мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басым міндеттердің бірі болып табылады.

Сүтті бағыттағы ешкілерді өсіруді одан әрі дамыту және халықтың қажеттіліктерін ешкі сүтінен алынатын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету - кезек күттірмейтін міндет.

Кейбір зерттеулер бойынша ешкілердің сүт өнімділігіне, сүттің құрамы мен қасиеттеріне генетикалық және әр түрлі паратиптік факторлар әсер ететіндігін анықтады: жануарлардың жасы мен физиологиялық жағдайы, лактация кезеңі, жылдың маусымы, күтім параметрлері, азықтандыру деңгейі және толықтығы, сауу технологиясы және т.б. [4,8]

Қазіргі уақытта зерттеулер бойынша сүтті бағыттағы ешкілерді азықтандыру жағынан зерттеулер аз жүргізілген және қолданыстағы «Ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыру нормалары мен рациондары» анықтамалығында сүтті бағыттағы ешкілерді азықтандыру келтірілмеген. Сондықтанда әртүрлі деңгейде азықтандырылған заанен ешкі тұқымы төлдерінің тірілей салмақ өзгергіштігін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу әдістемесі. Мақаладағы зерттеу жұмыстары Ақмола облысы, «Зеренді асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» ЖШС жағдайында сүтті бағыттағы Заанен ешкілеріне жүргізілді. Бұл шаруашылықтағы ешкілерден мол өнім алу үшін туылған кезінен бастап ересек ешкі болғанға дейінгі аралықтағы күнделікті берілетін азықтардың раци-

оны құрылған, әр малдан сапалы әрі мол өнім алу үшін азықтардың құрамына және азықтандыру жағдайы қадағаланып отырады.

Ғылыми-шаруашылық зерттеуге сүтті бағыттағы ешкілер алынды. Осыған байланысты сүтті ешкілерді азықтандыру деңгейі бойынша зерттеулер жүргізілді. Азықтардың химиялық құрамы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы» кафедрасының азық сапасын зерттеу лабораториясында FOSS «NIRS DS 2500» экспресс анализаторында зерттелінді. Азықтардың химиялық құрамы зерттелгеннен кейін, осыған сәйкес ешкілерге азықтандыру деңгейлері анықталды. Ешкілердің тірілей салмағы таразымен өлшеу арқылы анықталды.

Зерттеулер нәтижесі.

Ешкілер толығымен қолда ұстау технологиясы бойынша күтіп бағылды. Тәжірибеге алынған ешкілер 3 топқа бөлініп, олардың айырмашылықтары ірі азықтар мен құрама жем деңгейлеріне байланысты болды. Тәжірибе басында 3 топтың да тірілей салмақтары орташа 26,2 кг құрады.

Осы азықтандыру жағдайында ешкілердің тірілей салмағы да өлшеніп алынды. Төмендегі 1-ші кестеден ешкілердің азықтандыру барысындағы тірілей салмақ көрсеткішін байқауға болады.

Бұл жағдайда бірінші топ 900 г аралас шөп пішені мен 450 г құрама жемнен тұратын азықпен, яғни рационда 0,5 а.ө., алмасу энергиясы 9,0 МДж құрады. Екінші және үшінші топтар рациондарындағы азықтардың қоректілігі тиісінше 10% және 25% арттырылды. Зерттеу жүргізу кезінде тірілей салмақтардың өзгеруі ескерілді.

1 кесте - Заанен ешкі тұқымының өнімділік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Ешкі тұқымының топтары		
	I	II	III
Тірілей салмағы:			
7 айлық	26,3	26,2	26,15
13 айлық	35,5	36,4	37,8
180 күндегі өсімталдығы, кг	8,6	9,8	11,2
Тәуліктік өсімі, кг	48	54	60

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша рациондағы азықтандыру деңгейі 25% болған 3-ші топтағы ешкі төлдерінің 1 топпен салыстырғанда тірілей салмақтың өсуі жоғары болды. 1-ші топқа қарағанда рационда 10% артық алған 2-топтағы ешкі төлдерінің өсуі 8,2% жоғары болды. Осылайша тірілей салмақтың күнделікті өсуіне сәйкес, ең жақсы көрсеткіштер 3-ші топтағы ешкі төлдерінде байқалды. 13 айлық жасында ұрықтандыруға алынған ешкілердің тірілей салмағы 39,5 кг көрсетті.

Қорытынды. Заанен ешкі тұқымдарының төлдерін азықтандыруда рацион құрамындағы әртүрлі деңгейге байланысты зерттеу жұмыстары бойынша тірілей салмақ көрсеткіштері 3-ші топтағы ешкі төлдерінде байқалды, яғни рациондағы азықтандыру деңгейі 25% болған 3-ші топтағы ешкі төлдерінде анықталды. 13 айлық жасында ұрықтандыруға алынған ешкілердің тірілей салмағы 39,5 кг көрсетті.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Омарова Қ.М., Сәденова М.Қ. Қазақстандағы сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығының қазіргі жағдайы және дамыту жолдары. Қазақстан Оңтүстік-Батыс аймағының ауыл шаруашылығын дамытудың заманауи аспектілері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Шымкент, 2018 ж. 168-172 б

2. Селионова, М.И. О некоторых итогах научного обеспечения овцеводства и козо-

водства Российской Федерации // М.И. Селионова, В.А. Багиров // Овцы и козы, шерстное дело. - 2014.- № 1.- С. 2-4.

3. Мастерских, Д.Г. Свойства молока коз зааненской породы разного возраста / Д.Г. Мастерских, А.С. Шуварики // Овцы, козы, шерстяное дело. -2004.- № 3.- С. 39-40.

4. Протасова, Д.Г. Свойства козьего молока / Д.Г. Протасова // Молочная промышленность. -2001. - № 8. - С. 25-26.

5. Забелина, М.В. Козоводство - перспективная отрасль животноводства / М. В. Забелина, М. В. Белова, Е. Ю. Рейзбих // Овцы, козы, шерстяное дело. - 2009. - № 3. - С. 25-29.

6. Москаленко, Л.П. Козоводство : учебное пособие / Л.П. Москаленко, О.В. Филинская. - СПб.: Лань, 2012. - 272 с.

7. Хаертдинов, Р.А. Белки молока / Р.А. Хаертдинов, М.П. Афанасьев, Р.Р. Хаертдинов // Казань: Идел-Пресс, 2009. - 256 с.

8. Шуварики, А.С. Молочная продуктивность и качество молока зааненской породы коз в зависимости от некоторых генотипических и паратипических факторов / А.С. Шуварики, Ю.Н. Первалова, О.Н. Пастухов // Овцы, козы, шерстяное дело. - 2010. - № 3. - С. 58-61.

9. Luis Escareño, Homero Salinas-Gonzalez, Maria Wurzinger, Luiz Iñiguez, Johann Sölkner

10. Dairy goat production systems Accepted: Springer Science+Business Media B.V. 30 July 2012 DOI: 10.1007/s11250-012-0246-6

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЙЫНЫҢ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСІП ЖЕТІЛУІ

Молдахметова М., 1 курс магистранты

Омарова Қ.М., а.ш.ғ.к., аға оқытушы

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қой - ең сәтті және кең таралған үй жануарларының бірі. Археологиялық дәлелдер алғашқы үй қойларының Таяу Шығыста шамамен 9000 жыл бұрын пайда болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, көп ұзамай үй қойлары шығу орталығынан ағып, ауыл шаруашылығы кеңейгеннен кейін ежелгі әлемге тарала бастағаны белгілі. Қазақстандағы қой шаруашылығы-мал шаруашылығының ең ежелгі және дамыған саласы. Қазақстан қой шаруашылығының негізгі бағыттарының бірі ет-май болып табылады. Көшпелі өмір салтымен, көпғасырлық асылдандыру тәжірибесінің нәтижесінде ата-бабаларымыз ерте пісіп жетілуімен, мықты дене бітімімен, төзімділігімен, жақсы дамыған сүйегімен, үлкен тірі салмағымен және құрғақ жайылымдарды тиімді пайдалану кезінде жақсы жем-шөп қасиеттерімен сипатталатын бордақыланған қойлардың бірегей экологиялық популяциясын жасады. Сол себепті, әр түрлі тұқымдар мен түрлердің ішінде ет-майлы қойлар шөл және шөлейт жайылымдардың төтенше жағдайларына бейімделудің жоғары деңгейімен және осы құнды ерекшеліктің тұрақты берілуімен сипатталады. Мал саны бойынша құйрықты қойлар – 3,5 миллионнан астам, елдегі алғашқы орындардың бірін алады [1,2].

Еліміздегі қой шаруашылығынан алынатын өнімнің 80-90% үлесін қой еті құрайды. Аталған көрсеткіш етті қой шаруашылығының деңгейінің артуына алып келіп, қой шаруашылығының генетикалық әлеуетін нарықтық экономика жағдайында мақсаттылығын көрсетеді [3].

Қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойы еліміздің барлық аймақтарында кең таралған, оның себебі, етті-майлы қой шаруашылығы тиімді сала болып табылады, тағамдық құндылығы мен дәмі жағынан жоғары құнды арзан қой етін, әсіресе қозы етін,

кылшық жүнді, сондай-ақ тері-тон шикізатын өндіру көзі болып есептеледі [4].

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының өмір салтына байланысты құйрықты қой ұзақ уақыт бойы өнімділіктің әртүрлі бағыттарының басқа тұқымдардың арасында қой етін өндіруде айтарлықтай басымдыққа ие болатыны айқын. Бұған қой етіне өсіп келе жатқан нарықтық сұраныс ықпал етеді [5].

Әр түрлі тұқымды қойлардың онтогенезін басқару биология мен зоотехнияның маңызды мәселесі болып табылады, өйткені олардың өнімділігі жануарлардың өсуі мен даму сипатына байланысты [6].

Жануарлардың өнімділігін арттыру селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу, қойлардың құйрықты тұқымдарының ет-май өнімділігін сақтау және тиімді пайдалану деңгейіне тікелей байланысты.

Қойдың ет қасиеттерін өмір бойы бағалау босанғаннан кейінгі онтогенездің белгілі бір жас кезеңдерінде тірі салмақтың мөлшері бойынша жүргізілетіні белгілі. Қойдың ет сапасының қалыптасуы генетикалық және паратиптік факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің әсерінен болатындығын есте ұстаған жөн. Осылайша, қойдың тірі салмағы, дәлірек айтсақ, оның деңгейі, ең алдымен, асыл тұқымды қасиетіне тәуелді. Қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойларын өсіру кезінде тірі салмақ негізгі селекциялық белгі ретінде әрекет ететіні белгілі [7,8].

Сүт кезеңінде сүйектер ең қарқынды өседі және дамиды, осы кезеңде ең жоғарғы салмақ қосады [9].

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Зерттеу материалы қазақ құйрықты қойлары болды. Тірі масса жануарларды туылған кезде және төрт ай жасында 0,1 кг дәлдікпен өлшеу арқылы анықталды. Алынған мәліметтерге сәйкес өмірдің әртүрлі кезеңдерінде жануарлардың абсолютті және салыстырмалы орташа тәуліктік өсуі есептеледі.

Зерттеу нәтижелері. Белгілі бір жас кезеңіндегі жануарлардың ет өнімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі тірі салмақ болып табылады. Сонымен қатар, тірі салмақ пайдалы қасиет болып табылады, оған сәйкес жануарлардың беріктігі, денсаулығы, өсуі мен дамуы, ет және жүн өнімділігі бағаланады. Төмендегі бірінші кестеде тоқтылардың туылғаннан бастап төрт айға дейінгі салмақ қосуы көрсетілген.

Кесте 1 - Туғаннан кейінгі кезеңдегі тірі салмақтың өзгеру динамикасы, кг

Жасы, ай	Тоқтылар (n 30)	Ұрғашы тоқтылар (n 30)
0	3,95±0,013	3,75±0,01
1	12,8±0,03	11,5±0,035
2	18,7±0,02	17±0,038
3	24±0,04	22,2±0,05
4	30,9±0,06	28,6±0,06

Кесте 1-де берілген деректер туылған кезде тоқтылардың да, ұрғашы тоқтылары да тұқымдық қасиетіне сай оңтайлы тірі салмақ белгідерін көрсетті. Кесте 1-де берілгендей еркек тоқтылардың туылғандағы орташа тірілей салмағы 3,95±0,013 кг болса, ұрғашы тоқтыларда 3,75±0,01 кг-ды құрады. 1 айлық тоқтылар 12,8±0,03 кг, ал ұрғашы тоқтылар 11,5±0,035 кг болса, 2 айлық тоқтылар сәйкесінше 18,7±0,02 кг, ұрғашы тоқтылар 17±0,038 кг, 3 айлық тоқтылар 24±0,04 кг, ұрғашы тоқтылар 22,2±0,05 кг, 4 айлық тоқтылар 30,9±0,06 кг, ұрғашы тоқтылар 28,6±0,06 кг болды. Туылған кезіндегі тоқтылар мен ұрғашы тоқтылардың арасындағы салмақ айырмашылығы ең аз 0,2 кг болды, ал ең жоғары айырмашылық – 4 айлық кезеңде 2,3 кг.

Төмендегі екінші кестеде қозылардың тірілей салмағының өсу көрсеткіштері берілген. Туылғаннан бастап төрт айлық жасына дейінгі әр ай сайынғы және 0-4 айлар арасындағы тірілей салмағының өсуі, яғни, абсолюттік және салыстырмалы өсімі тиісінше есептелініп берілген.

Кесте 2 – Қозылардың тірілей салмағының өсу көрсеткіштері

Жасы, ай	Тоқтылар		Ұрғашы тоқтылар	
	Абсолюттік өсім, кг	Салыстырмалы өсім, г	Абсолюттік өсім, кг	Салыстырмалы өсім, г
0-1	8,85	295	7,75	258
1-2	5,9	197	5,5	183
2-3	5,3	177	5,2	173
3-4	6,9	230	6,4	213
0-4	26,95	225	24,85	207

Жоғарыдағы екінші кестеде берілгендей ең қарқынды салмақ қосу алғашқы айда абсолюттік өсім тоқтыларда 8,85 кг, ұрғашы тоқтыларда 7,75 кг, ал салыстырмалы өсім сәйкесінше 295 г, 258 г; бір мен екі айында абсолюттік өсім тоқтыларда 5,9 кг, ұрғашы тоқтыларда 5,5 кг, ал салыстырмалы өсім 197 г, 183 г; екі мен үш айында абсолюттік өсім тоқтыларда 5,3 кг, ұрғашы тоқтыларда 5,2 кг, ал салыстырмалы өсім 177 г, 173 г; үш пен төрт ай аралығында абсолюттік өсім тоқтыларда 6,9 кг, ұрғашы тоқтыларда 6,4 кг, ал салыстырмалы өсім 230 г, 213 г; жалпы төрт айда абсолюттік өсім тоқтыларда 26,95, кг, ұрғашы тоқтыларда 24,85 кг, ал салыстырмалы өсім 225 г, 207 г болды. Төмен көрсеткіштер 2-3 ай аралығында байқалды. Қорыта келгенде, туылғаннан бастап 4 айлық жасына дейін, тоқтылар 26,95 кг салмақ қосса, ұрғашылары 24,85 кг салмақ қосты.

Қорытынды. Қазақтың құйрықты қылшық жүнді төлдері күтіп-бағу мен азықтандырудың оңтайлы жағдайларында қалыпты өсіп, жетіліп, дамып, ет өнімділігінің генетикалық әлеуетін көрсетті. Тоқтылар тірлей салмағының өзгеруі бойынша айтарлықтай жоғары көрсеткіштер көрсетті, ал ұрғашы тоқтылар салыстырмалы түрде көрсеткіштері төмен болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Траисов Б.Б. Мясная продуктивность ягнят казахской курдючной грубошёрстной породы / Б.Б. Траисов, К.Г. Есенгалиев, А.Ж. Каражанов // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2013. – №3. – С.18.
2. Rocha, J., Chen, S. & Beja-Pereira, A. Molecular evidence for fat-tailed sheep domestication. *Trop Anim Health Prod* 43, 1237–1243 (2011). <https://doi.org/10.1007/s11250-011-9854-9>
3. К.М. Омарова., С.К. Шауенов, Д.К. Ибраев, Г.К. Долдашева. Нагул молодняка казахских грубошёрстных курдючных овец. *Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный)*. - 2018. - №2 (97). - С.103-112.
4. Есенгалиев Куанышкали Есенгалиевич, Есенгалиев Данияр Куанышкалиевич, Джанаев Дарыйн Саматович Результаты подбора родительских пар казахской курдючной грубошёрстной породы овец по живой массе // *Известия ОГАУ*. 2017. №2 (64).
5. Рахимжанов Ж. Современные породные ресурсы овец и коз Казахстана / Ж. Рахимжанов., К. Сабденов и др. // *Вестник с.-х. науки Казахстана*. — 2005. — № 9. — С. 50–53.
6. Способ выращивания ягнят мясо-сальных пород в подсосный период. Патент РК № 31589. 2016
7. Шкилёв П.Н., Газеев И.Р., Косилов В.И., Никонова Е.А. Качество мышечной ткани молодняка овец южноуральской породы // *Овцы, козы, шерстяное дело*. 2010. № 3. С. 66 – 69.
8. Бозымов К. К., Баяхов А. Н., Султанова А. К., Давлетова А. М. Эффективность вариантов отбора и подбора по живой массе казахской курдючной грубошёрстной породы овец в условиях Мангистауской области // *Вестник ФГОУ ВПО Брянская ГСХА*. 2015.

№2.

9. Справочник по овцеводству / под ред. Д.Г. Степанова. — К.: Урожай. — 1979. — 152 с.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СҮТТІ ЖӘНЕ ЕТТІ ІРІ ІРІ ҚАРА МАЛДЫ КҮТІП-БАҒУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Жүсіпбек А., 4-курс студенті
Сенкебаева Д.Т., PhD, аға оқытушы*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында: «Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керек. Негізгі міндет – еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту» делінген. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі боламыз.

Қалыптасқан әлемдік үрдістермен қолда бар әулетті ескерер болсақ, агроөнеркәсіп кешені біздің экономикамыздың жоғары маңызды, табысты саласы болуға тиіс.

Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің құрамында ірі қара шаруашылығы маңызды орын алады. Себебі халыққа және өнеркәсіпке аса керекті ет, май, тері, сүт сияқты өте бағалы азық-түліктер мен шикізаттарды осы ірі қара шаруашылығы береді. Сондықтан, агроөнеркәсіп кешенін жеделдетіп дамыту міндеті ірі қара шаруашылығына да тікелей қатысты.

Еліміздің үлкен табиғи жайылымдардың көп болуы және климаттық қолайлылық, бәсекеге қабілетті және ең бастысы экологиялық таза мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді [1].

Қазіргі уақытта ірі қара шаруашылығы саласында үлкенді-кішілі шаруа қожалықтары мен фермерлердің құрылып, жұмыс істеуі мен техникалық-материалдық жағдайларының жақсы деңгейде болуы, алынатын өнімдердің және сатып алу бағаларының қол жетімді және өзіндік құнның жоғары болуына байланысты бұл сала қарқынды дамуда. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен әлемдегі болып жатқан күрделі экономикалық дағдарыстар мен өзгерістерге байланысты агроөнеркәсіп кешенін дамыту және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржылық дағдарысқа қарсы мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, олардың ойдағыдай іске асуына алғы шарттар жасалып жатыр. Өткен жылдарда осы саланы дамытып, ет, сүт өнімін молайтып, сапаны жақсарту мақсатында шетелдерден жоғары өнімді, асыл тұқымды малдар әкелінді [2,3].

Елімізде сиыр етінің өндірісін арттыру ірі қара малдың жас төлін бірізді қарқынды өсіру және семіртумен, малды бағу және жемдеу технологияларын жетілдірумен, өсірілетін малдың генетикалық мүмкіндігін барынша пайдаланумен өте тығыз байланысты.

Елдің экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде отандық сүтті мал шаруашылығы бәсекеге қабілетті болу және елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін өнімділігі жоғары мал басына негізделуі керек. Сүтті мал шаруашылығы адамдардың жоғары құнды тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда және тамақ өнеркәсібін жануарлардан алынатын шикізатпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Әлемнің көптеген елдерінде сүтті мал шаруашылығы сиыр басын бір мезгілде сақтай отырып, яғни қарқындату жолымен сүт өндіруді ұлғайтады.

Сүт өндіру жүйесінде мынадай технология ұйымдастыру қажет: сүт өнімділігінің генетикалық потенциалы жоғары голштин, әулиеата, голланд сиырларын және оның бу-

дандарын пайдалану; малды жыл бойы қорада ұстап, сүтті цехтік жүйеде өндіру; сауым маусымында дайындалған бірінші тума сиырларды өзінің берген өнімімен тексеріп, бірінші тума сиырлар табынын құру, жыл бойы үздіксіз өнім алу; әртүрлі технологиялық топтарды ұстау, арнайы қоралар дайындау, мүмкіндігінше жануарларды сауым маусымында бір жерде ұстау, шығынды азайту, бөтен қораға суалғанда және төлдегенде ғана шығару.

Соңғы жылдары сауын сиыр шаруашылығы біркелкі өнеркәсіп аймақтарына шоғырландырылып дамуда [4]. Сауын сиырдан майлылығы 3,9%- дан жоғары 4,0-4,5 мың кг сүт алынуда. Жануарлардың санын ұлғайту және мал өнімділігінің генетикалық әлеуетін арттыру бойынша ғылыми- практикалық жұмыс дүние жүзіндегі асыл тұқымды малдардың генофондын пайдаланғанда жүзеге асырылады. Өнеркәсібі мейлінше дамыған қалалар мен аудандар маңында сүт барынша көп өндірілуі қажет. Ол үшін малазықтық жүгері, арпа, бұршақ тұқымдас дақылдарының егіс көлемін кеңейту қажет болды.

Қызылорда облысы, Бидайкөл өңіріде орналасқан «Бимағамбет» ШҚ жер көлемі 300,0 гектар, мұның ішінде негізгі жері табиғи жайылымдылық жерлер мал шаруашылығының барлық түрлерін өсіріп-өндіріп дамытуға, өркендетуге өте қолайлы. Негізгі бағыты – етті, сүтті бағыттағы мал шаруашылығы және солардың өнімдерін өсіп-өндіру болып табылады. Атап айтқанда, шаруашылық етті бағыттағы Қазақтың ақбас тұқымын қазіргі кезде өсіріп дамытуды қолға алған, жалпы саны – 130 бас. Бұл жерлер далалы, ойлы-қырлы, қыратты болып келеді де, мал өсіруге өте қолайлы. Осы жерлерде шаруашылықтың қыстаулары, күздеуі мен жайлауы сонымен қатар мал өсіріп-өндіретін бөлімшенің орталығы мен мал қоралары орналасқан. Малдар қыстауларда қыстатылып, ірі қара малдар қыс-көктем айларында төлдетіліп, қойлар көктемде төлдетіліп, ал жаз айларында алыстағы жайлауларында семіртіліп бағылады да, күзге қарай күздеулерге қайта оралады. Атап айтар болсақ, ірі қара шаруашылығы екі бағытта өсіріледі: бірі – сүтті бағытта болса, екіншісі – етті бағытта. Етті бағытта қазақтың ақбас тұқымды ірі қара малдары өсіріледі.

Қазақтың ақбас сиыры — ет бағытындағы тұқым. Қазақстан мен РСФСР-дың оңтүстік-шығыс аудандарында қалмақ және жергілікті сиырларды герофорд тұқымымен будандастырып, үшінші ұрпақ будандарын бірыңғай өсіру арқылы шығарылды. Жеке тұқым ретінде 1950 жылы қабылданды. Жайылымға жақсы, тез ет алады. Ыстық-суыққа төзімді. Денесі ықшам, сүйегі берік. Сирағы қысқа, төртбақ, мойны қысқа, жуан, жонды, кеудесі кең, төсі салыңқы. Шоқтығының биіктігі 124—125 см, тұрқы 152—156 см, жіліншілігінің орамы 18—20 см. Жайылымда семіртілген өгізшелердің сойыс шығымы 63—67%.

Шаруашылықтың сүт комплексінде: сиырлар – 28 бас, құнажындар - 11, тайынша - 9, бұқашықтар – 7; етті бағытта - 70, оның ішінде сиыр – 20, құнажындар – 8, тайынша – 6, бұқашық – 21, бордақы бұқашық – 10, асыл тұқымды бұқашық – 5 бас.

Жалпы шаруашылықта малдарға азықтың бірнеше түрлері мен минералды қоспалар беріледі. Күніне барлық сиырға 5 тонна 30 кг азық қоспасы беріледі. Азықты күніне 2 мезгілде : таңертең 6.00-8.00 аралығында және кешкі уақытта 16.00-17.00 аралығында береді. Азық түрлеріне тоқталатын болсақ: арпа –735 кг, жүгері – 350 кг, соя – 676 кг, тұз – 15 кг, сода – 28 кг, премикс – 76 кг, шөп – 2 тонна 50 кг, сүрлем - 650 кг.

Серуендеу-азықтық аймағы мал тобын ұстауға арналған қоршалған жеке аймақ. Ірі қара малды қысқы қорада ұстау жағдайына ауыстырмас бұрын, мал тұратын қорасын дайындап алады. Ол үшін қалың ауыстырылмайтын қалыңдығы 30-40 см болатын сабан төсеніш салады. Серуендеу-азықтық аймағының ортасында қорған салынады, ол аптасына 1 рет жаңартылып отырады. Азықтанғаннан кейін мал қорғанда демалады, сол себепті лас жерде аз уақыт болады.

Мал шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстары:

А) алғашқы зоотехникалық есеп. Ірі қара шаруашлығында зоотехникалық есепті

жүргізу үшін келесідей құжат түрлері қажет: туылған төлдің акты, төлді өсіру журналы, ұрықтандыру және төлдеу журналы, бұқалар мен сиырлардың асыл тұқымдылық карточкалары, жұмыстық және бонитировка жүргізу кітапшасы, бұқаның ұрпағының сапасы бойынша бағалау кітапшасы болуы керек.

Шаруашылықта зоотехникалық есепті Қазақстанда қазіргі кезде дамыған ААЖ (ИАС) бағдарламасы бойынша жүргізеді. Малдарды чип құрылғыларымен және сырғалар арқылы жекек нөмірлейді. Ай сайын №24 үлгідегі айлық табын айналымы жүргізіліп отырады.

Шаруашылықта жайылымды ұзақ уақыт бойы пайдалану, яғни жайылымдық әдісі қолданылады.

Жақсартылған құнарлы азықтарға бай жайылымдар сиыр және төлін, құнажындарды және ремонттық тайыншаларды қоректік заттармен бүкіл жайылымдық мерзімінде қамтамасыз етеді.

Жайылымда малдарды сумен қамтамасыз ету үшін су ішетін астаулар немесе суға арналған резервуар орнатады. Су жер астынан насос арқылы беріледі.

Мамыр айында малдар жайылымдық ұстауға көшіріледі. Бірақ бірте-бірте күніне 3 сағаттан бастап 2 аптаның ішінде 12-14 сағатқа дейін іске асырылу керек. Жайылымға шықпас бұрын ас қорыту механизмі бұзылмас үшін, сүттің майлылығы төмендемес үшін пішен берген дұрыс. Жайылымды аумақтарға бөліп пайдалу керек. Ол үшін қайда, қанша уақыт мал бағу керек екенін жоспарлап алу керек.

Малшы жайылымға 3-4 аптадан кем емес уақытта қайта келу керек. Жаздың екінші жартысында ірі қара қосымша көк шөпті қажет етеді. Оны есептеу үшін, жайылымда шөпті рейкамен қоршау керек. Содан кейін белгіленген аймақтың шөбін кесіп алып өлшеу керек. Орташа үлгісін шығару үшін әр жерінен шөп кесіп алу керек.

Ал сүт тауарлы фермасында сиырлар станокты ұстау тәсілі бойынша өсіріледі.

В) малды бонитировкалауды ұйымдастыру және жүргізу. Бонитировкалау кезінде малды тұқымық және шығу тегіне байланысты, тірілей салмағы бойынша, экстерьер және конституциясы бойынша, сүттілігіне, ұрпағының сапасы бойынша, денсаулық жағдайына, жүн түсімі бойынша бағалау жүргізіледі. Асыл тұқымдық шаруашылықтарда бұқаларды 100 балдық, ал сиырларды 30 балдық шкала бойынша жүргізеді.

Сиырлардың сүт өнімділігін төлдің салмағына қарап анықтайды: репродукторлы шаруашылықтарда 6 айлығында, тауарлы шаруашылықтарда 6-8 айлығында анықтайды.

Шаруашылықта көктем айларында қойлар төлдегенде және қозыларды енесінен айырған кезде банитировкалау жұмыстары жүргізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D0%B9%D0%BB%D0%B0%D1%83>
2. Исабеков К. И. Основы ведения мясного скотоводства /Исабеков К. И, Сагинбаев А. К, Нурманов К. К, Суминов А. А./ - Астана, 2011. – 70 б.
3. Төреханов А. Ә. Ірі қара мал шаруашылығы / Кәрімов Ж. К., Дәленов Ш. Д., Найманов Д. Қ., Жазылбеков Н. Ә./ - Триумф «Т» Алматы, 2006. – 123 б.
4. Birhanu Yeserah1. Handling Practices of Raw Cow's Milk and Major Constraints of Clean Milk Production in and around Bahir Dar City, Ethiopia /Asaminew T., Hailu M./ - Barcelona, Spain. - Adv Dairy Res 8: 234. doi: 10.35248/2329-888X.20.8.1.234.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЕТТІ ІРІ ІРІ ҚАРА МАЛ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Пианова А., 4-курс студенті
Сенкебаева Д.Т., PhD, аға оқытушы*

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына дейін және одан кейін қабылданған бәсекелестікке қабілетті тауар шығарып, қызмет көрсетуге бағытталған теориялық алғышарттарды экономикалық нақты көрсеткіштерге ұластыру қажет және ол бүгінгі күннің көкейтесті талаптарының бірі. Ол үшін, экономистердің пайымдауынша, әр ел әлемдік шаруашылықта өз тауарымен және қызметімен өз орнын табуы тиіс. Десе де, белгілі бір ел ішкі азық-түлік және киім-кешек сұранысын мейлінше өзі қамтамасыз еткен жағдайда ғана ұлттық экономика бәсекелестікке қабілетті болмақ және ол тұрақты экономикалық даму кепілі. Қалыптасқан әлемдік үрдістермен қолда бар әулетті ескерер болсақ, агроөнеркәсіп кешені біздің экономикамыздың жоғары маңызды, табысты саласы болуға тиіс [1].

2018 жылдың қорытындысы бойынша, мал шаруашылығының жылдық жалпы өнімі 13,2% өсіп, 2 трлн теңгеге жетті. Мал шаруашылығының ең қарқынды өсімі Алматы облысында байқалды. Облыстағы өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда 17,8% ұлғайып, 355,8 млрд теңгеге жетсе, екінші орындағы Шығыс Қазақстан облысында 11% өсіп, 291,8 млрд теңгені құрады. Ал Түркістан облысында мал шаруашылығының жалпы өнімі 255,7 млрд теңгені құраған. Одан кейін тиісінше Қарағанды облысы – 155,4 млрд теңге, Ақтөбе облысы – 148,1 млрд теңге, СҚО – 146,1 млрд теңге, Ақмола облысы – 136,8 млрд теңге, Жамбыл облысы – 120,2 млрд теңге, Қостанай облысы 117,7 млрд теңге және Павлодар облысы 116,2 млрд теңгенің өнімін шығарған. Өз кезегінде БҚО, Атырау облысы, Қызылорда мен Маңғыстау облыстары тиісінше 90,8 млрд теңге, 39,8 млрд теңге, 39,4 млрд теңге және 12,4 млрд теңгенің өнімін шығарған. Ал Шымкент, Алматы мен Астана қалалары сәйкесінше 16,6 млрд теңге, 1,6 млрд теңге және 0,2 млрд теңгенің өнімін өндірген екен [2].

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, қазіргі таңда ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімнің 45-ы мал шаруашылығына тиесілі. 2017-2021 жылдарға арналған ауыл шаруашылық кешенін дамыту аясында салаға салынған қаражаттың 30%-ы, яғни 35,9 млрд теңге мал шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобаларға бағыттталып отыр. Мал шаруашылығының ішінде ұзақмерзімді басты сектор – ет өндірісі деп танылуда. Елімізде сиыр етінің өндірісін арттыру ірі қара малдың жас төлін бірізді қарқынды өсіру және семіртумен, малды бағу және жемдеу технологияларын жетілдірумен, өсірілетін малдың генетикалық мүмкіндігін барынша пайдаланумен өте тығыз байланысты [3].

Елдің экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде отандық сүтті мал шаруашылығы бәсекеге қабілетті болу және елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін өнімділігі жоғары мал басына негізделуі керек. Етті мал шаруашылығы адамдардың жоғары құнды тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда және тамақ өнеркәсібін жануарлардан алынатын шикізатпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [4].

Қызылорда облысында орналасқан «Бимағанбет» шаруа қожалығының негізгі бағыты – етті ірі қара мал шаруашылығы және солардың өнімдерін өсіп-өндіру болып табылады. Шаруашылықтың мал құрамы: сиырлар – 20 бас, құнажындар – 8 бас, тайынша – 6 бас, бұқашық – 21 бас, бордақы бұқашық – 10 бас және асыл тұқымды бұқашық - 5 бас.. Атап айтқанда, шаруашылық етті бағыттағы Қазақтың ақбас тұқымын қазіргі кезде өсіріп дамытуды қолға алып келеді.

Қазақтың ақбас сиыры — ет бағытындағы тұқым. Қазақстан мен РСФСР-дың

оңтүстік-шығыс аудандарында қалмақ және жергілікті сиырларды герофорд тұқымымен будандастырып, үшінші ұрпақ будандарын бірыңғай өсіру арқылы шығарылды. Жеке тұқым ретінде 1950 жылы қабылданды. Жайылымға жақсы, тез ет алады. Ыстық-суыққа төзімді. Денесі ықшам, сүйегі берік. Сирағы қысқа, төртбақ, мойны қысқа, жуан, жонды, кеудесі кең, төсі салыңқы. Шоқтығының биіктігі 124—125 см, тұрқы 152—156 см, жіліншілігінің орамы 18—20 см. Жайылымда семірітілген өгізшелердің сойыс шығымы 63—67%.

Жалпы шаруашылықта малдарға азықтың бірнеше түрлері мен минералды қоспалар беріледі. Күніне барлық сиырға 5 тонна 30 кг азық қоспасы беріледі. Азықты күніне 2 мезгілде : таңертең 6.00-8.00 аралығында және кешкі уақытта 16.00-17.00 аралығында береді.

Пішен – етті тұқымды ірі қараның қыстық азық қорындағы құнарлы азықтың негізгі түрі. Оның сапасы шөп шабу мерзіміне, шөпжинау әдісіне және сақталуына байланысты.

Жақсы сапалы пішен дайындау үшін бұршақ тұқымдастарды бутонизация фазасы кезінде, астық тұқымдастарды – гүлдену кезінде шабады. Осы кезе өсімдіктер максималды қоректік заттарға ие болады. Пішеннің сапасы көбіне шөпті кептіру ұзақтығына байланысты болады. Неғұрлым ол тез болса, соғұрлым қоректік заттарын және каротинді жоғалту аз болады. Бұршақ тұқымдасты шөптер мен бұршақты-астық тұқымдасты шөптер және әртүрлі шөптерді ламинаттау олардың кебуін тездетеді. Ылғалды шөпті табиғи кептіру технологиясында, қоректік заттардың жоғалуы 25-50% құрайды. Ол жағдайды қысқарту үшін пішенді тюктарда және рулондарда престеп кептіру прогрессивтік тәсілі қолданылады. Тюкқа массаны престоу ылғалдылығы 18-20%, тығыздығы 150-200кг/м³ жағдайында жасау керек. Пішенді престеп дайындау ылғалды дайындауға қарағанда қоректік зат шығымы 1 га 1,5 ца, ал протеин 43 кг жоғары. Бұдан бөлек, 1 тоннаға еңбек шығымы 6%, қаражат 14% және азық өлшемінің өзіндік құны 20% аз шығындалады. Қоректік заттарды толық сақтау және жақсы сапалы пішен алу мақсатында солғын шөптерді аз тығыздықта активті желдету әдісімен кептіреді. Бұл жағдайда массаны 35% ылғалдылықта пресстейді. Тюктерді қысқа (40X36X52 см), тығыздығы 100-110 кг/м³ күйінде жасайды. Пішенді активті желдету арқылы дайындау поляда кептіргенмен салыстырғанда қарағанда биологиялық оруын 15 - 20%, азық өлшемі мен қорытылған протеинін 1,5 есеге, ал каротинді 3-4 есеге артырады. Активті желдету арқылы кептірілген пішенмен малды азықтандыру төлдің орташа тәуліктік өсімін 16,3% арттырады.

Сүрлем қысқы уақытта негізгі шырынды азық болып табылады. Сүрлем өзінің азықтық сапасын ұзақ уақыт бойы сақтағанда жоғалтпайды. Бұл қолайлы жылдары азықтың резервтік қорын жасауға мүмкіндік туғызады. Өсімдіктің ылғалдылығы 75% төмен болғанда кесу мөлшері 2-3 см, ылғалдылығы 75-тен 80%-ға дейін болғанда кесу мөлшері 4,5 см, ылғалдылығы 80% -дан жоғары болғанда 10-12 см болуы керек. Қойманы сүрлемдік массамен толтырған кезде біркелкі түзетіп және үздіксіз ықшамдап отырады. Дұрыс салынған сүрлемде температура 30-35°C жоғары көтерілмейді, жоғары сапалы сүрлем алуға кепіл болады. Жүгері сүрлемінің протеинін арттыру мақсатында сүрлемделетін массаға 1 т 3-5 кг карбамид қосады, ірі қараға жүгерілі-сабанды аралас сүрлем, жүгері – 85,5 %, сабан – 6 %, дән қалдықтары – 7,8 %, карбамид – 0,3 %, фторсызданған фосфат – 0,2 % және ас тұзы 0,2 % массасына ұсынылады. Мұндай сүрлем жақсы желінеді және де бұқашықтардың 850-900 г орташа тәуліктік салмақ қосуын қамтамасыз етеді, бұл қарапайым жүгері сүрлеміне қарағанда 130 г артық [5].

Пішендеме – бұл герметикалық жағдайларда, шөптерден жасалған, 45-55% ылғалдылықта шабылғаннан кейін поляда солған, консервіленген азық. Азықтың физиологиялық құрғақтығына байланысты қоректік заттары сақталады. Пішендеме дайындағанда сүрлемделуіне қарамастан барлық шөптер қолданылады, себебі сүрлемге қарағанда пішендеме дайындағанда өсімдіктердегі қанттың мөлшері

маңызды емес. Солғын шөпті ұсақтамай тығыздау арқылы пішендеме жасау керек. 45 - 55% ылғалдылыққа дейін шөп солып кесіледі, сосын жарты тюк көлемінде алынатын пресстегіште престеледі. Солғын массаның үстінен 50 сантиметрлік ұсақталған ылғал жүгері қабаты салынады және жақсылап тығыздалғаннан кейін траншеяның үсті полиэтиленді пленкамен және қалыңдығы 1 м сабан қабатымен жабылады. Мұндай жағдайда пішендеме сапасы жағынан және бағасы жағынан ұсақталған шөптерден жасалған пішендемеден асып түседі. Мал басын жеткілікті жемшөппен қамтамасыз ету үшін өз шаруашылығында өсірілген және дайындалған жақсы сапалы азықтармен азықтандырған жөн. Бұл шаруашылыққа тиімді өндірістік жағдай туғызады, себебі өзінде дайындалған азықтың өзіндік құндылығы сатып алынған азыққа қарағанда әлде қайда төмен. Жемшөп өндіру жұмыстары дұрыс жүргізілген жағдайда мекеме азықтың өзіне қажетті сапасын шығара алады.

Шаруашылықта асыл тұқымды бұқашықтарды азықтандыру үшін астық және бұршақ тұқымдастылардың пішендері, сүрлем, пішендеме, құрамажемдер немесе астық тұқымды концентраттардың қоспасы, оптималды түрде: ірі азық 25-30 %, шырынды азық 20-30 %, құнарлы азықтар 45-50 % рациондарына сіңірілуіне байланысты беріледі. Жыныстық функцияның дамуына шөп ұны, тары ұнындағы милиацин, витаминді-ақуызды қоспалар септігін тигізеді. Жазғы маусымда азық ретінде шабылған жасыл шөптерді береді. 1 жасқа дейінгі асыл тұқымды бұқашықтардың рационна 4-4,5 кг астық және бұршақ тұқымдастардың пішенін, 7-10 кг сүрлем, 2,5-3 кг концентраттар, 1 жастан үлкендеріне 4-4,5 кг пішен, 9-10 кг сүрлем, 3,5-3,8 кг концентраттар қосуға болады. Минералды азықтандыру мақсатында 100 кг массасына 10-11 г ас тұзы, мал басына тәулігіне 20-50 г азықтық фосфат және премикс түрінде микроэлементтердің тұздарын беруге болады.

Серуендеу-азықтық аймағы мал тобын ұстауға арналған қоршалған жеке аймақ. Ірі қара малды қысқы қорада ұстау жағдайына ауыстырмас бұрын, мал тұратын қорасын дайындап алады. Ол үшін қалың ауыстырылмайтын қалыңдығы 30-40 см болатын сабан төсеніш салады.

Қыстау кезінде төсенішті күнделікті немесе былғану дәрежесіне байланысты тәулігіне малдың басына қарай 1-2 кг сабан салынып отырады.

Қиды далалық алаңдарда, бұзау қоражайында төсенішімен бірге қорадан жылына екі рет бульдозермен немесе тракторлармен тазартылып отырады. Ал сүт өндіру цехтарында скреперлі қи шығарғыш жұмыс істейді.

Серуендеу-азықтық аймағының ортасында қорған салынады, ол аптасына 1 рет жаңартылып отырады. Азықтанғаннан кейін мал қорғанда демалады, сол себепті лас жерде аз уақыт болады.

Қысты күні де қорғандарда ұсталатын малдардың өзін жылытуға аз энергия жұмсалады, ол азықтың аз желінуіне және өнімділіктің артуына себепкер болады [6]. Серуендеу-азықтық аймағында алаңды мөлшермен пайдаланған дұрыс. Азықтық фронттың артуын оттықтардың қоражайларда ұзына бойы орналасуы қамтамасыз етеді.

Былтырғы төлдерді, суалғанбуаз сиырларды, бұзауы бар сиырларды және аталық бұқаларды азықтандыру серуендеу алаңдарында жүргізіледі.

Малдарды автосуарғыштармен суды жылыту арқылы суарады. Автосуарғыштар бетонда орналастырылған құрылғылар.

Автосуарғыштың модификациясына және маркасына байланысты бір мезетте 2 бастан 6 басқадейін малды суаруға қауқарлы. Жоғары қысымды қалқымалы клапанның эффективтілігіне байланысты автосуарғыш тақысты күні су +6°C құрайды.

Үздіксіз су тарату үшін аумақта насос қондырғысы болады. Құдықтардан су жиналатын резервуарларға толтырылады. Резервуарлардағы су насостың көмегімен ғимараттың ішіндегі желілеріне жеткізіледі. Ғимарат ішіндегі желілерге пайдалануға арналған ауыз суы және өрт сөндіруге арналған су тетіктерінен тұрады.

Малдарды желден қорғау мақсатында қораларды желден қорғайтын құрылғылар бар. Ол стационарлы және ауыспалы түрде болады. Ең тиімдісі ирек түрдегі желден қорғайтын құрылғылар. Шаруа қожалықта өсіріліп отырған мал жағдайын есепке ала отырып, бейімделу ерекшеліктері бойынша Қазақстанның оңтүстік өңірінде қазақ ақбас тұқымы сияқты етті малын өсіру мүмкіндігі зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Стратегия-2030.- М.,1997 г.
2. <https://stat.gov.kz>
3. <https://inbusiness.kz/kz/news/mal-sharuashylygynyn-ekonomikadagy-ulesi-artyp-keledi>
4. Jeffrey Gillespie, Berdikul Qushim, Narayan Nyaupane, Kenneth McMillin. Breeding Technologies in U.S. Meat Goat Production: Who are the Adopters and How Does Adoption Impact Productivity// Agricultural and Resource Economics Review , Volume 44 , Issue 3 . – England. - December 2015 , pp. 315 – 339.
5. Ысқақбаев Б. Ірі қара шаруашылығы\оқулық-Алматы «Қайнар» баспасы , 1996. ISBN 5-620-00781-2
6. А. Ә. Төреханов, Қ. Ж. Аманжолов, Б. Ө. Өмірзақов, Е. С. Ержігітов. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін ірі қара малының ет өнімділігі мен экономикалық тиімділігі.\\ Ғылыми- теориялық және практикалық журнал. Жаршы. – 2008. - №10. 43 б.

ҚЫМЫЗДЫҢ САҚТАЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Худайбергенова Д., магистрант

Сұлтанов Ө.С., доцент,

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Жылқы малының негізгі өнімі оның сүті және ет өнімдері. Әлемдік экономикада сүт тұтыну көрсеткіші бойынша ірі қара сүті – 85% құраса, бие сүті – 2% құрайды. Алайда, БҰҰ-ның бұйрығымен құрылған «Азық түлік және ауыл шауашылығы ұйымының» сипаттауы бойынша бие сүтінің құнарлығының жоғары болуы, оның ана сүтін ауыстыра алатынын көрсетеді, яғни басқа мал түрлерінен бұл артықшылығы құрамының сәйкес келуімен түсіндірген дұрыс болар демекпіз.

Бие сүтінің құндылығын сипаттау мақсатында, оның химиялық құрамын басқа сүт қоректілердің сүтінің құрамымен салыстырайық. Жылқы және басқа сүт қоректілердің сүтінің құрамы 1 - кестеде көрсетілген.

Кесте – 1. Сүт қоректілердің сүтінің құрамы

Құнарлы заттар	Бие	Сиыр	Қой	Ешкі	Адам
Май көлемі (г/кг)	12.0	36.1	75	41	36.4
Протеин (г/кг)	21.4	32.5	54.5	34	14.2
Лактоза (г/кг)	63.7	48.8	49	47	67.0
Минералдық заттар(г/кг)	4.2	7.6	8.5	7.7	2.2
Энергиялық құндылығы (ккал/кг)	480	674	-	670	677
Казеин	50.0	77.3	77.5	70.6	26.0
Шикі протеин	38.8	17.5	20.0	21.7	53.5

1-кестеде көрсетілген мәліметтерге қарағанда, бие сүтінің құрамындағы шикі протеиннің көреткіші жоғары болуы, оның ағзада жылдам қортылып сіңірілетінін көрсетеді. Сонымен қатар протеин және май қатынасы бие сүтімен адам сүтінің протеин – май қатынасымен сәйкес келетінін де көрсетеді.

Бие сүтін тұтыну алғаш Орта Азия елдерінде (Қазақстан, Моңғолия) бастау алғаны туралы деректер бар. Жаңа сауылған сүтті саумал деп атайды. Оның қасиеттері, дайындау технологиясы туралы әр түрлі әдебиет көздерінде жазылған [1], [2], [3]. Қымыз – ашытылған бие сүті. Қазақстанда қымыз – ұлттық сусын, оны күбіде дайындайды. Қымыз дәмі қышқыл, басқа ашыған сүт өнімдерімен салыстырғанда АА және С дәруменге бай, бұл оның адам ағзасында ас қорыту жолдары, бүйрек қызметін реттеуде, холестерин мөлшерін төмендетуде қолданылады. Қымызды Қымыздың дайындалуын ғылыми тұрғыда сипаттайтын болсақ: *Lactobacillus delbrueckii* subsp. *Bulgaricus* бактериясы әсерінен, *Lactobacillus casei*, *Lactococcus lactis* subsp. *lactis*, *Kluveromyces fragilis* және *Saccharomyces unisporus* ашытқысы есебінен, сүт қышқылы (7-18 г/кг), этанол (6-25 г/кг) және көмірқышқыл газы (5-9 г/кг) есебінен 3-8 сағаттан соң лактозаның өздігінен ашуы реакциясынан қымыз дайындалады. Қымыздың қышқылдық көрсеткіші рН-3,3-3,6 мен 4,5-5,0 аралықты құрайды. Құрамындағы *Lactobacillus acidophilus* және *Bifidobacterium bifidum* бактериарлардың болуы ішек микрофлорасына өз пайдасын тигізеді [4], [5].

Зерттеу жұмысының жүргізілу мақсаты-табиғи әдіспен дайындалған қымыздың сақталу мерзіміне қарай сапалық қасиеттерін сипаттау. Зерттеу жұмыстары 2020-2021 жылдары Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан ЖҚ «Нұржамал» қымыз өндіретін шаруа қожалығында жүргізілді.

Шаруашылықта өндірілетін қымыз сапасына оның өндіру технологиясы (әдісі), жылқылардың азық рационы, жылқы тұқымы, жасы, қымыздың сақталу мерзімі әсер етеді.

«Нұржамалда» ЖК қымыз өндірудің дәстүрлі әдісі, ешқандай қоспаларсыз таза қымыз өндіріледі, сондықтан 2017 жылы «Мемлекеттік үздік азық – түлік тауар өндіруші» деп танылып, 144 компания ішінен жеңіске жетті. Қазірде шаруашылықтың орташа тәуліктік өнімдік көрсеткіші – 150л құрайды. Өндірілетін қымыз «Qazaq House» брендімен сатылымға шығады. Қазіргі таңда, шаруашылық Парламент Мәжілісінің асханасымен, «Arka ST» мейрамханалар желісімен, Алматы және Астана қалаларындағы Галмарт гипермаркетінің желісімен және Кең Март гипермакеті желісімен ұзақ мерзімді келісім-шарттарға қол қойған [6].

Зерттеу нысаны ретінде шаруашылықта өндірілетін қымыз алынды. Қымыздың сапалық көрсеткіштерін анықтау үшін алдымен балғын жылқы сүтін, 1 тәулікте ашытылған қымыз және 2 тәулік сақталған қымыздың сапалық көрсеткіштері анықталып, салыстырылды. Зерттеу нәтижесін анықтауда, қымыздың сапалық көрсеткішіне әсер ететін факторлар ескерілді: жылқылардың азық рационы, қоршаған ортаның жағдайы, қымыздың сақталу мерзімі, қымыздың дайындау әдісі. Өндірілетін қымыздың сапалық көрсеткішін анықтауда ҚР СТ 1004-98 «Табиғи қымыз техникалық шарттар», ҚР СТ 1005-98 «Бие сүті» ҚР СТ 3625-84 «Сүттің тығыздығы анықтау әдістемесі», ҚР СТ 5867-90 «Майлылығын анықтау әдістемесі» қолданылды.

Зерттеу нәтижелері.

ҚР СТ 1004-98 «Табиғи қымыз техникалық шарттар» мемлекеттік стандартта қымыз аралас сүт қышқылы мен алкогольді ашыту және бие сүтін ашыту арқылы жасалған өнім ретінде анықталады.


ҚР СТ 1005 – 98 сәйкес (3-ші бөлім Техникалық талаптар):

- қымыз мөлдір емес сұйықтық болып табылады.
- Сусынның сәл өткір таза ашыған сүт дәмі бар.
- Өнімнің иісі қымызға тән.
- Қымызда әлсіз ашытқы дәмі болуы мүмкін, басқа дәм мен хош иістер алынып

тасталады.

- Бұл сусын сұйық біртекті консистенцияға ие.
- Ол газдалған және аздап көбіктенеді.
- Қымыз құрамында үлшектер мен май түйіршіктері жоқ.
- Түсі біркелкі сүтті ақ [7].

Төмендегі 1-суретте қымыз дайындау барысындағы сүттің органолептикалық қасиеттерінің өзгеруі көрсетілген.



1-Сурет. Қымыз өндірудегі сүттің органолептикалық қасиеттерінің өзгеруі

Зерттеу жұмысында бие сүтінің және қымыздың сапалық көрсеткіштері анықталды: майлылығы, тығыздығы және температурасы.

Жоғарыда келтірілген суретке сәйкес, дайын қымыз өндіргенге дейінгі процесте қымыздың органолептикалық қасиеттерінің өзгеруін байқалады. Алғашқы сауылған бие сүті балғын, түсі ақ, қою консистенциялы болып келеді. Күбіге құйылған, қордағы қымызбен араластырылған бие сүті саумал деп аталады. Мұнда ашу процесі толық жүрмеген бие сүті (а), сүттің түсі ақ-қоңыр түсті болып, газы көп, дәмі қышқыл-тәтті болып келеді, егер оны күбінде піспесе сүтті ішу жарамсыз болады. Дайын болған қымыздың (б,в) консистенциясы қою, майлы болып келеді, бірқалыпты түс, ашу процесі тоқтаған, кішкене қышқыл дәмді, иісі өткірлеу болып келеді [7,8].

Төмендегі 2-кестеде бие сүті және қымыздың сапалық көрсеткіштері арасындағы байланыс көрсетілді.

Кесте – 2. Бие сүті және қымыздың сапалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Стандарт- ҚР СТ 1005- 98 «Бие сүті»	Сүт	Стандарт ҚР СТ 1004- 98 «Табиғи қымыз т.ш. »	Қымыз (1 тәулік)	Қымыз (2 тәулік)
Майлылығы, %	1 – ден төмен емес	0,35	1-ден кем емес	2,07	2,12
Температура,	10-нан көп емес	8,39	6-дан көп емес	4,55	4,75
Тығыздығы, г/ см ³	1029 кг/м- ден аз емес	1031,75	-	1033,91	1032,87

2-кестеде келтірілген мәліметтердің нәтижесі «Нұржамал» ЖК қымыз өнімдерінің сапасы ҚР СТ 1004-98 «Табиғи қымыз техникалық шарттар» және ҚР СТ 1005-98 «Бие сүті» стандарттарына сәйкес келетінін көрсетті. Табиғи қымыздың сақталу мерзімі 6 0С – де сақталатын болса тек 7 күнге дейін жетеді. Берілген кестеге сәйкес қымыздың сақталу мерзімі артқан сайын, оның майлылығы көтеріледі. Қымыздың тығыздығы оның құрамындағы ақуыз санының көптігіне байланысты, сұйық болуы оның майлылығының көптігіне байланысты болады. Қымыздың майлылығы артқанда, тығыздығы азаяды, консистенциясы сұйық бола бастайды, қышықылдығы көбейеді, газтекес дене көлемі арта-

ды бұл оның ашу процесінің жалғасуын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жангабылов А.К. Саумал, кумыс – исцеляющие свойства. – Алматы: Дайк-пресс, 2015. – 182 с.
2. Кумыс / Краткая энциклопедия домашнего хозяйства // Под. ред. А.И. Ревина. – М.: Советская энциклопедия, 1960. – Т.1. – С. 308.
3. www.saumal.kz.
4. Ícaro M.L.G.B., Adriano H.N.R., Stella A.U., Joadilza S.B., Chiara A.A.O. Equine milk and its potential use in the human diet//Food Science and Technology – Volume 39, Issue 1, Jun 2019, Pages 1-7
5. Aizhan Rakhmanova, Tao Wang, Guo Xing, Lingling Ma, Yan Hong, Yingying Lu, Li Xin, Wang Xin Isolation and identification of microorganisms in Kazakhstan koumiss and their application in preparing cow-milk koumiss//Scopus Journal of Dairy Science – Volume 104, Issue 1, January 2021, Pages 151-166
6. «Qazaq House» журнал – «Лучший товар Казахстана». – Астана. – 2017.
7. ҚР СТ 1004-98 «Табиғи қымыз техникалық шарттар»
8. ҚР СТ 1005-98 «Бие сүті»

КӨШІМ ЖЫЛҚЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ОРТАША ДЕНЕ ӨЛШЕМДЕРІ МЕН ТІРІ САЛМАҒЫНЫҢ 6-8 АЙЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Есиркепов А.Е., магистрант
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, Орал қаласы*

Көшім жылқыларының төлдерінің орташа дене өлшемдері мен тірі салмағының көрсеткіштері. Көшім тұқымы жылқыларының өнімділігін зерттеуден бұрын олардың құлындарының өсу және даму заңдылықтарын жете түсіну өзекті мәселе болып табылады. Әр түрлі малдардың тұқымдық ерекшеліктері барлық өнімділік қасиеттері оның өсіп-даму жолында нәсілдік қасиеті мен сыртқы ортаның өзара қатынасы негізінде қалыптасады [1].

Негізінде, мал тұқымының фенотипі бойынша сұрыптау екі топ белгілерге баға беруге арналған. Біріншіден, дене бітімі мен сыртқы дене пішіні, екінші, негізгі өнімділік қасиеттері. Сұрыптаудың бұл әдісі мал тұқымын асылдандыру жұмысында ертеден қалыптасқан, бүгінге дейін жойылмаған түрі. Бұның себебі, біріншіден барлық түлік малдың дене бітімі мен сырт дене пішіні оның өнімділік бағытымен, өнімділігімен, әсіресе денсаулығының мықтылығымен тығыз байланысты. Осыған орай малды дене бітімі мен сыртқы пішінінің көрсеткіштері бойынша сұрыптау арқылы, оның өнімділік қасиеттерін жақсартуға болады. Екіншіден, негізгі өнімдері тек аналықтарының өнімділік бағытына сәйкестілігін олардың тек дене бітіміне және сырт дене пішініне тірілей салмақтарына қарап анықтауға. Бірінші айлығында тұқымына байланысты құлындардың тірілей салмағы күніне 1-2 кг-ға артады, 6 айлық жасында үлкен жылқының 45 % салмағына тенеседі, 1 жылдық жасында 62-65 %; 2 жылдық жасында 85-90% [2,3].

Құлындардың өсіп-жетілуін ағза құрылымының әр түрлі деңгейінде зерттеуге болады. Соған сәйкес зерттеу әдістері де әртүрлі. Асылдандыру тәжірибесінде малдың өсіп-жетілуін туылғаннан кейін оның салмағын, бойын және көлемін өлшеу арқылы анықтауға болады [4].

Жергілікті жылқылардың құлындары тәжірибе тобындағы көшім тұқымы құлындарымен салыстырғанда туылғаннан 3 күн өткен соң шоқтығының биіктігі 5,63

см-ге, тұрқының қиғаш ұзындығы 2,45 см-ге, кеуде орамы 1,35 см-ге, жіліншік орамы 0,6 см-ге, тірілей салмағы 3,7 кг-ға кем болды. Бақылау тобындағы жергілікті жылқылардың 12 айлық жасына дейін өсу қарқыны біршама тез, ал 12 айлық жасында өсу қарқыны баяулады. Тәжірибе тобында 6 айлық жасына дейін өсу қарқыны біршама тездеп, 6 айлық жасынан 12 айлық жасына дейін өсу қарқыны баяулады [5].

Тәжірибе және бақылау тобындағы көшім тұқымы жылқыларын бағалау инструкциясында I класқа берілген өлшемдерінде бақылау тобындағы сақа айғырлардың тірілей салмағы 400 кг, биелерінікі 355 кг, ал тәжірибе тобындағы айғырларда 500 кг, биелерде 460 кг болып, жеке-жеке 100 кг, 105 кг айырмашылық бар екені анықталды. Бұл құбылыс мал өсіру әдістерінің ішіндегі таза тұқымды мал өсіруден әсер еткен, аталық іздің өнімділік және тұқымдылық қасиеттері деп білеміз. Бұл туралы басқа да авторлар зерттеуінде құлындардың өсіп-жетілуін оның туылғандағы тірілей салмағымен байланыстырса, ал басқалары малдың жеген шөбі мен жем-шөп шығынын өтеу қасиетінде дейді [6].

Зерттеуге алынған құлындардың туылғанынан 3 күн өткен соң, тірілей салмақтары және өсіп дамуы барысында тәжірибе көрсеткіші ретінде туылғаннан кейін 1 ай кезіндегі салмақтары өлшенді. Зерттеуге алынған құлындардың өсіп дамуы 6 айлық жасынан бастап Крепыш, Гром, Самоцвет аталық іздері бойынша 3 топқа бөлініді, әр топқа 10 бас құлындан алынды бақылауға алынғын құлындардың 5 -і еркек 5-і ұрғашы.

Көшім тұқымының жас төлдерінің 6 және 8 айындағы тірі массаның негізгі өлшемдері, экстерьері, бойынша дене өлшемдері төмендегі кестелерде көрсетілген .

Кесте –1- Дене өлшемдері

Дене өлшемдері	Еркектері		Ұрғашылары	
	Жасы, ай			
	6	8	6	8
Шоқтығының биіктігі	134,8± 2,13	137,8±1,65	133± 1,12	137± 1,34
Дене тұрқының қиғаш ұзындығы	134,4± 1,91	136,8±1,55	133,4± 1,32	135,4± 1,24
Кеуде орамы	153,3 ± 1,48	156,4±1,49	151,6± 1,13	155,8± 1,71
Жіліншік орамы	15 ± 0,26	15,3± 1,35	15± 0,11	15,2± 1,55

Кесте –2 - Құлындардың тірілей салмағының өсіу көрсеткіштері

№	Жасы	Еркек			Ұрғашы		
		N	$\bar{x} \pm S_x$	$C_v, \%$	N	$\bar{x} \pm S_x$	$C_v, \%$
1	3 күн	5	35,0±0,31	3,89	5	32,0±0,32	7,5
2	1 ай	5	70,7±0,71	3,08	5	65,4±7,38	7,65
3	6 ай	5	259.7±7.3	8.87	5	242±6,91	9,51
4	8 ай	5	279,4±7.4	8.91	5	268,6±7,1	9,65

Жоғары кестеде көрсетілген көрсеткіштер жалпы ұрғашы және еркек құлындардың 6 -8 айлығындағы орташа дене өлшемдері және тірі салмақтары. Кестені талдай келе, 6 айлық еркек құлындардың шоқтығының биіктігі көріп тұрғанымыздай, 6 айлығында ерке құлындардың шоқтығының биіктігі 134,8 құрайды, ол дегеніміз ұрғашы құлындардан 2,38 асып түседі. Денесінің қиғаш ұзындығын алатын болсақ ұрғашы құлындардікі еркек құлындардан 3,6 см-ге асады, ал кеуде орамының өлшемі бойынша сәйкесінше бірдей болады. Еркек құлындардың тірілей салмағы ұрғашы құлындардан 11,7 кг-ға жоғары болады.

Көшім тұқымы төлдерінің Крепыш, Гром, Самоцвет аталық іздері бойынша салыстырмалы салмақ көрсеткіштері және дене өлшемдері төмендегі кестелерден көре аламыз.

Кесте –3. Көшім тұқымы төлдерінің аталық ізі бойынша салыстырмалы салмақ көрсеткіштері

Жасы, ай	Топтар		
	I	II	III
	Крепыш 33-64	Гром 98-58	Самоцвет 77-73
6 ай	250,3±7,3	254,3±2,40	252,5±4,71
8 ай	279,4,1±3,15	282,2±4,50	276,5±3,22

Кесте – 4 - Көшім тұқымы төлдерінің аталық ізі бойынша еркек құлындардың дене өлшемдері

Топ атауы	Жасы, ай	Шоқтығының биіктігі	Дене тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
Крепыш 33-64	6	134,8	134,4	152,8	15
	8	137,8	136,8	156,2	15,3
Гром 98-58	6	135,4	134	152,6	15
	8	137,6	137,4	155,8	15,2
Самоцвет 77-73	6	134,2	132,0	150,6	15
	8	137,4	136,6	153,4	15,2

4 кестенің деректерінен зауыттық із бойынша құлындардың 6 айлығында шоқтығының орташа биіктігі (152,1-152,7 см), тұрқының қиғаш ұзындығы (134,8-135,6 см), кеуде-орама (152,8- 152,3 см), жіліншік орамы (15,2 см), тірілей салмағы (250,3±7,3) екенін байқауға болады

Түрлі зауыттық іздердің айғырлары мен биелері құнды өнімдік қасиеттермен қатар өздерінің тән дене бітімінің типтеріне ие.

Осылайша, тұқымда бірнеше зауыттық және құрылатын зауыттық іздердің болуы, тұқымдарды бірнеше сапалы әр түрлі топтарға бөледі, олардың әрқайсысының популяцияны сақтау мен көбейтуде өзіндік ерекшеліктері бар.

Қортындылай келе, жас төлдің өсіп-жетілуіне оның тұқымқуалаушылық қасиетінен басқа өсірілетін экологиялық ортаның да әсері көп, әсіресе бұл табынды жылқы шаруашы-лығында ерекше байқалады. Жергілікті жылқы төлдерінің биологиялық ерекшеліктерінде ауа-райының қолайсыз уақытында өсу құбылысы баяулап, ауа-райының жағымды кезінде өсу қарқыны тездететіні байқалған. Жылқылардың сырт дене пішінінің өлшемдері құлынының өсуін толық сипаттай алмайды, өйткені басқа өлшемдермен байланысты болмайды. Сондықтан құлындардың аталық ізі бойынша өсірудіде кейбір кемшіліктері толықтырып отыруға жұмыстанған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ковешников, В.С. Пути повышения эффективности продуктивного коневодства в условиях рынка / В.С. Ковешников, В.В. Калашников, Р.В. Калашников //
2. Кикебаев, Н.А. Коневодство Казахстана в новых экономических условиях / Н.А. Кикебаев // Тезисы Межд. Конф. по коневодству. – Уральск.- 1993.- С.
3. Сизонов, Г.В.- Мясная продуктивность наиболее распространенных генотипов табунных лошадей Казахстана / Г.В. Сизонов // Автореф. дисс...д.с.-х.н.- Алматы. - 2010.
4. Дуйсембаев, К.И. Оценка дойных кобыл по оплате корма молоком / К.И. Дуйсембаев,

Б.Р. Акимбеков//Перспективы совершенствования конских пород на основе достижений научно – технического прогресса: Материалы научной конференции. – ВНИИК. - 1986.

5. Рзабаев, С.Рекомендации по использованию препотентных жеребцов-производителей / С.Рзабаев, А.Р. Акимбеков, А.Э. Тореханов, В.В.Степачев, Д.М.Нурмаханбетов, Т.С.Рзабаев, К.С.Рзабаев // Брошюра. - Алматы. - 2011.

6. Барминцев, Ю.Н. Продуктивное коневодство / Ю.Н. Барминцев, В.С. Кошевичев, И.Н.Нечаев и др. // Москва.- 1980.

CONDITIONS FOR KEEPING AND FEEDING COWS IN NORWAY

Kasyanchuk B.O. - student

Sementsova O.V. - student

Benis N.V. - student

Lavrinyuk O.O. - Associate Professor

Borshchenko V.V. - Associate Professor

Polissya National University, Ukraine

Animal husbandry is the second most important segment of the agricultural sector in Ukraine. In the total volume of gross agricultural output, the share of livestock products is 29.7%. The structure of livestock production is dominated by the breeding of livestock and poultry, as well as the production of milk. Along with this, production growth is limited. Therefore, the issue of studying the experience of animal husbandry in Norway is relevant.

Norway is a Northern European country on the Scandinavian Peninsula, with a total area of 385.25 thousand km² (69th place in the world). Norway borders three other countries: Sweden (1,666 km long) to the East, Finland (709 km) and the Russian Federation (191 km) to the northeast. The total length of the state border is 2566 km.

The country's agriculture largely meets the population's food needs, although only 3.5% of Norway's land area is suitable for cultivation. The basis of Norwegian agriculture is animal husbandry, which fully covers the needs of the country's population in meat, milk and dairy products. Due to climatic features, grain production only meets the needs of the domestic market by 40 %. Despite the difficult conditions of the Northern country, a significant part of vegetables and fruits is grown. Only 2.6% of the country's land area is under arable land, and just under 4% is used together with natural meadows.

The main direction of agriculture in Norway is dairy farming. It provides up to 80% of all income from agriculture. Pig and sheep farming are less important than cattle breeding. An important branch of agriculture is fur farming. The main part of agricultural products - root crops, fodder grain, hay is used for livestock feed. Almost two-thirds of the cultivated land is occupied under cultivated meadows. About a quarter of the arable land is under grain, mainly under barley and oats. Crops of rye and spring wheat are insignificant, and therefore more than half of the food grain is imported.

Animal husbandry forms the basis of rural production. There are 1.3 million cattle, 800,000 pigs, and 2.3 million sheep in the country. Approximately 50% of cattle are dairy cows, whose milk yield reaches 1.8 million tons of milk. Dairy and meat farming prevails in the southern part of the country. In the mountainous areas of Central Norway, sheep farming is developed, and in Northern Norway – reindeer husbandry.

Dairy farming accounts for 35% of all income. There are about 30 thousand specialized dairy farms in the country. As in the European Union, Norway has a system of milk quotas. Their value depends on the area of the farm (0.4 ha of farmland per cow or other head of livestock kept on the farm). The quota not only regulates milk production, but also helps protect

the environment by preventing pus and urea contamination.

Cooperation between farmers and the state is regulated by annual Agricultural agreements, in which the government partners are the Norwegian Union of farmers and small landowners (apx. 7 thousand members) and Associations of small farmers and hired workers (apx. 14 thousand members). These organizations maintain close contacts with 16 national cooperative organizations of the processing industry, which also include farmers.

The basis of agriculture in Norway is small farms that are scattered, usually at large distances from each other. Many farmers earn their main income from fishing and forest sales. If a farmer is engaged in various types of activities, then his farm is called a holding. In 2017, the average size of agricultural land in the holding was 20 hectares, and this is despite the fact that the country has intensified the process of concentration.

By Ukrainian standards, all Norwegian dairy farms are small: the average number of dairy herds is 23 cows. There are 233,500 dairy cows in Norway.

Farms with 30 or more cows in Norway 41.4%. Until 2010, the local government generally designed and implemented 90% of farm projects. Although in the late 90's in the Kingdom of Norway, there was no investments in agriculture. And the government began to send its farmers on excursions to the EU to study the experience and implement the best practices on its territory. And so gradually, investments began to flow into the agriculture of the Scandinavian state. But even without them, the state helps its farmers: if a farmer wants to build an agricultural facility, he can get up to 30% of subsidies. The milk producer also receives subsidies for every liter of milk supplied and for every tenth part of the processed hectare of land. But here there is a differentiation: the further North you are, the higher the subsidy under harsh conditions. Subsidies are mainly received by small farms (if the owner has less than 50 heads). There is also a state program, according to which the farmer is even provided with money to hire labor. Moreover, if a farmer becomes ill, they are provided with hired labor. It is at the expense of farmers that Norway is provided with 100% milk. With meat production is more difficult, because there are strict restrictions and quotas for such production. Moreover, their value is related to the area of land. There are many milk producers in Norway. But this problem is solved by cooperative associations that guarantee uninterrupted supply of high-quality products.

The company "Lian 49" is located at the address 7255 Sundlandet. The company is owned by Jon Lian.

From June to November, the animals are out for walking, for this purpose the entire territory is fenced with electric shepherds. Milking cows are kept loose in the premises of the farms. Meat livestock is kept outside in special houses all year round.

The milking process is performed using Lely milking robots. The Lely principle for all products is minimal energy consumption. Research conducted by Dansk Landbrugsredgivning shows that the Lely Astronaut system uses less energy and water than any other competitor. In addition, the long service life, maintainability and suitability for modernization of the Lely Astronaut robotic milking system guarantees a return on investment (fig. 1).




Fig. 1. Efficiency of the milking unit

For the most accurate operation of the manipulator, it is equipped with a 3D camera, which allows you to clearly track all the movements of the animal and perform all operations with minimal movements of the system. This also saves time spent on a single milking, which increases the robot's productivity. The manipulator is very strong and will withstand even if the cow accidentally steps on it. Specially designed brushes for mechanical cleaning of the udder skin rotate in different directions, perfectly perform washing and simultaneously massage the udder.

The robot works 24 hours a day. Given this, animals go to milking when they have a natural desire to give milk. The average daily productivity per cow reaches 37 liters. With the use of milking robot, the yield increased by 5-10%. Milking occurs only when there is a flow of milk. And if traditional milking systems are configured to work with the flow of the entire udder, the robot works with each teat separately. A special Lely 4Effect pulsator has been developed, which, providing an individual approach, regulates the pulsation separately for each quarter.

The robotic system allows you to quickly identify cows with mastitis, because it analyzes the milk of each quarter of the udder, and "remembers" the indicators of each milking section. Milk that does not meet quality standards, or from a sick animal, the robot hands over separately.

The robot automatically sends a sick cow to the sanitary zone using the selection gate. It is designed to keep up to five sick animals and is equipped with boxes for recreation, a drinking bowl, and access to a feeding table. In this zone, the sick animal can stay all the time while the treatment lasts. It is important that the sick animal does not need to be milked separately - it has the ability to go in and be milked at work, and non-market milk is sent to a separate container. At the same time, the system itself has many tools that help monitor the condition of cows and signal a problem before it occurs.

Milk is transported thanks to a special pump that does not destroy the structure of the milk, while maintaining its highest quality.

In addition, the advantage of this unit is that, in addition to milking, the device performs: cleaning of milking cups with steam, neutralizes up to 99% of all bacteria without the use of chemicals; the system determines the number of somatic cells in milk for each quarter of the udder Lely MQC-C, at the end of each milking, information is already available in the control system; the Lely Titania liquid feed dispenser - dispenses various liquids that are added to the concentrated feed (this dosing system is designed to prevent ketosis by directly adding propyleneglycol to the concentrate); compact pre - cooler, Lely m4use device - for separating of milk and storing it separately; a backup milk tank allows you to continue milking while the main cooler is being flushed; the Lely Shuttle device automatically takes a milk sample at each milking; the cow identification system using radio frequency (ISO / RF) or infrared tags also allows you to get additional information about the health and General condition of the cow, in particular: chewing time, its activity, weight, productivity, feed demand.

All animals are fed with compound feeds and feed mixes that are prepared on the farm. For this purpose, a separate building was built near the farm, which has equipment for mixing and grinding of the feed. From October to May, feed mixes are prepared once a day, and in summer (to prevent food spoilage) – twice. The feed is distributed during the milking process, in accordance with the productivity of the animal.

References

1. Alvarez V.B. Encyclopedia of Dairy Sciences (Second Edition), 2011
2. Bargo F., Muller L.D., Delahoy J.E., Cassidy T.W. Performance of high producing dairy cows with three different feeding systems // J. Dairy Science 2002.- Vol. 85,- № 11 - p. 2948 - 2963.
3. JEROCH, H., W. DROCHNER und O. SIMON, 2008: Ernährung landwirtschaftlicher Nutztiere. 2. Aufl., Eugen Ulmer GmbH. & Co, Stuttgart, 281-291.
4. Journal of Dairy Science. Factors associated with cattle cleanliness on Norwegian dairy

farms / Volume 95, Issue 5, May 2018

5. Keener K.M., in. Encyclopedia of Dairy Sciences (Second Edition), 2011
 6. Mc Phee J.D., Griffiths M.W., in. Encyclopedia of Dairy Sciences (Second Edition), 2011
 7. Park Y., in. Improving the Safety and Quality of Milk: Improving Quality in Milk Products, 2010
- Singh R.P., Zorrilla S.E., in. Encyclopedia of Dairy Sciences (Second Edition)

«СТЕПНОЕ» ЖШС МҰҒАЛЖАР ТҰҚЫМДЫ ЖЫЛҚЫЛАРЫНЫҢ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӨНІМДІЛІК САПАЛАРЫНЫҢ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

*Рзабаев С., ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, доцент
«Ақтөбе ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» ЖШС,
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: rzabaev@mail.ru
aktobeopyt@yandex.kz*

*Орынғали М.С., 2-курс магистранты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы*

Аннотация

Мақалада Ақтөбе облысындағы жылқы тұқымын асылдандыру нәтижесінде өсірілген мұғалжар тұқымды жылқыларының асыл тұқымдық және өнімділік сапаларының зоотехникалық сипаттамалары берілген. Асыл тұқымдық сапаларды сақтап қалудың алғышарттары ретінде жасалған жұмыс түрлері сипатталған.

Сондай-ақ мақалада селекциялық жұмыс кезінде ескерілуі тиіс мұғалжар асыл тұқымды жылқысының тұқымшылық ембі түріне тән сапалары келтірілген.

Ақтөбе облысында жылқылардың тұқымдық және таза тұқымдық түрлерінде ет-сүт өнімділігі бағытындағы жылқылардың жергілікті тұқымдары, яғни қазақы, мұғалжар және көшім жылқылары басым келеді [1].

1998 жылы Ақтөбе ауылшаруашылығы тәжірибе станциясының, ҚазҰТЗУ ғалымдары "Мұғалжар жылқы зауыты" АҚ (қазіргі "Мұғалжар-99" ЖШС) және оның еншілес шаруашылықтарының мамандарымен бірлесіп, республиканың Ақтөбе, сондай-ақ басқа өңірлеріндегі көп жылдық селекциялық-асыл тұқымды жұмысының нәтижесінде етті-сүтті өнімділік бағытындағы жылқылардың жаңа Мұғалжар тұқымы (ҚР АШМ 1998 жылғы 30 желтоқсандағы № 156 бұйрығы) селекциялық табындарда жабы түріндегі қазақ жылқыларын таза тұқымды өсіру және жетілдіру негізінде алынған негізгі шаруашылықтар.

Бұл селекциялық жетістіктің жаңалығы Ақтөбе ауылшаруашылығы тәжірибе станциясының жылқы шаруашылығы бөлімімен отандық табынды жылқы шаруашылығы және зоотехникалық тәжірибе тарихында алғаш рет әлемде теңдесі жоқ Зубр мен Барқыт айғырларының жоғары өнімді зауыттық іздері шығарылып, бекітілді [2]. Келесі кезеңдерде қазақ жылқыларының Қайыңды зауыттық типі айғырлардың базасымен және осы іздердің салтанатты және 10 аналық тұқымдастарымен сынақтан өткізілді. Жоғарыда аталған зауыттық іздің және зауыттық типтің құрылуы, негізінен, жаңа мұғалжар жылқы тұқымын сынақтан өткізуге ықпал етті.

Мұғалжар тұқымының Ембі тұқым ішіндегі жылқыларының селекциялық топтарының жылқылары республикадағы басқа түрлер мен аймақтарындағы Мұғалжар

жылқыларынан жоғары тірі салмағы мен салыстырмалы түрде үлкен өлшемдерімен ерекшеленеді (айғырлардың орташа биіктігі 145,5 см, денесінің қиғаш ұзындығы – 159,1 см, кеуде шеңбері – 185,8 см, жіліншігінің шеңбері – 19,9 см, тірі салмағы – 553 кг; биелер сәйкесінше: 145,1-155,6-180,6-19,0 см және 481,2 кг), ет өнімділігі жоғары (ұшаның салмағы 260-280 кг) және жайылымдық жағдайда жақсы сою өнімділігі (56-58%) [7].

Биелер жоғары құнарлылықпен (100 аналыққа 95 құлын) және сүтпен (лактация кезінде 2200-2500 литр) ерекшеленеді. Мұғалжар тұқымды биелердің тірі салмағы бойынша генетикалық потенциал 560 кг-ға жетеді, ал айғырлар – 595 кг. олардың өсіру аймағының жағдайларына байланысты олардың бейімделу қасиеттері ең жоғары бағаға лайық.

In this case, *HeLa* cells showed antigenic ability with β -*tubulmrabbit* antibodies. Black nuclei of cells are clearly observed in the figure, since *Alexafluor 488* tags have the ability to stain only the cytoplasm of cells.




Figure 5. *MA-104* cell line with *Nestin* antibodies, magnification 40x

Figure 5 shows single cells and a positive result of the binding of *MA-104* cell lines to *Nestin* antibodies, as well as a clear decomposition of fibroblasts between cytoplasm, moreover nuclei are noticeable.




Figure 6. MA-104 cell line with FSP antibodies, magnification 40x

Figure 6 shows how MA-104 cells contacted and tested positive for FSP antibodies. Here, the cells grew on top of each other, so a clear display of the cytoplasm is not visible, but a bright green color of the cytoplasm is seen under the fibroblasts. In this case, the antigenic ability of the cell was revealed.

3. Conclusion

Thus, 3 cell samples for immunocytochemistry gave negative results: the FLK cell line with FSP antibodies; MA-104 with β -tubulin rabbit antibodies; HeLa with Nestin antibodies. When studying the cells with a fluorescence microscope, the above cells with primary antibodies were not labeled and did not contact Antirabbit with the label Alexafluor 488. This indicates the non-specificity of the above cells with the given antibodies.

References

1. Coons, A. H., Creech, H. J., and Jones, R. N. (1941) Immunological properties of an antibody containing a fluorescent group. Proc. Soc. Exp. Biol. Med. 47, 200–202.
2. Morgan J.F., Campbell M.E., Morton H.J. The nutrition of animal tissues cultivated in vitro. Mediums. J. Natl. Cancer Inst., 1955. 557-567p.
3. Pollard J.W., Walker J.M. Basic cell culture protocols. Totowa, N.J.: Humana Press, 1998. 164p.
4. Sternberger, L. A. (1979) Immunocytochemistry, 2nd ed. Wiley, New York.
5. VanNoorden, S. and Polak, J. M. (1983) Immunocytochemistry today: techniques and practice, in Immunocytochemistry, Practical Applications in Pathology and Biology (Polak, J. M. and VanNoorden, S., eds.), Wright PSG, Bristol, England, pp. 11–42

ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖАҒДАЙДА TRICHINELLA NATIVA БАЛАҢҚҰРТТАРЫМЕН ЖҰҚТЫРЫЛҒАН ЖАНУАРЛАРДА АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУ ДИНАМИКАСЫ

*Шеруова Е. А. магистрант,
Казиева М., Диханбай Ә., 4 курс студенттері
Әкібеков Ө.С., в.з.к., қауымдастырылған профессор,
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ*

Трихинеллез - бұл әдетте жіті, айқын аллергиялық құбылыстармен немесе кейде созылмалы инвазиямен өтетін ауру. Трихинеллездің қоздырғыштары - кішкентай, жіп тәрізді нематодтар, ересек сатысында ішектің шырышты қабығында, ал балаңқұрт сатысында жолақты бұлшықеттерде тоғышарлық етеді. Трихинеллалармен адамдардың залалдануы трихинелла балаңқұрттарымен инвазияланған жануарлардың етін жегенде пайда болады. Осылайша, трихинеллез зоонозды ауруларға жатады [1, 2]. Трихинел-

лалар Еуропада, Азияда, Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Африка мен Австралияда сүтқоректілердің, құстардың және қолтырауындардың жүзден астам түрлерінде кездеседі.

Трихинеллалардың балаңқұрттарын Джемс Педжет ашқан және оны зоолог Оуэн сипаттаған (Оуэн, 1835). Кейіннен сүтқоректілердің әртүрлі түрлерінде трихинеллалардың табылғаны туралы хабарламалар пайда болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Лейкарт (1860), Вирхов (1859) және т.б. трихинеллалардың биологиялық даму циклін анықтады. Ценкер (1860) трихинеллалар адамның өліміне әкелуі мүмкін деп хабарлады [3, 4].

XIX ғасырдың аяғында Германияда трихинеллез кеңінен таралды. Германияда адамдардың трихинеллезінің бірнеше індетінен кейін Вирхов адамдарда бұл инвазияның алдын алу үшін шошқа етін трихинеллезге микроскопиялық зерттеуді ұсынды. Бұл Германияда 1866 жылы заңдастырылды. Петербургте трихинеллоскопия шошқа етін ветеринариялық тексеруден өткізудің міндетті шарасы ретінде 1881 жылы, ал Мәскеу мен Киевте - 1888 жылы енгізілді (Калюс, 1952) [5]. Қазіргі уақытта адамның трихинеллезі АҚШ, Оңтүстік Америка, Шығыс Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және Австралияда тіркелген. Адамдардың трихинеллезбен ауруы 1995-1997 жылдары 32 елде байқалды, 10000-нан астам адам ауырып, 18 өлім тіркелді (Murrell et Pozio, 2000; Dupouy-Camet, 2000). Трихинеллезді зерттеу тарихы А.Калюс (1952), А. С. Бессонов (1972), Ю. А. Березанцев (1974), С. Н. Боев (1978), В. А. Бритов (1982), Б.Ш. Шайкенов (2003) монографияларында егжей-тегжейлі сипатталған [6-10].

Трихинеллездің патогенезінде негізгі ағзаның иммунологиялық реакциялары маңызды рөл атқаратыны белгілі, олардың ауырлығы аурудың қоздырғышының мөлшеріне және оның вируленттілігіне, паразит пен иенің өзара бейімделуіне тікелей байланысты. Трихинеллалардың әрбір изолятының вируленттілігі өзгермелі, белгілі бір организм иелерінің генетикалық қасиеттеріне, сезімталдығына және сезімталдығына байланысты (паразитоздарға ерекше және телімді емес төзімділік деп аталады).

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере келе *Trichinella nativa* балаңқұрттарымен жұқтырылған қояндардың гематологиялық көрсеткіштері мен антиденелердің түзілу динамикасын айқындауды мақсат тұттық.

Зерттеу жұмыстары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің Н.Т. Қадыров атындағы паразитология зертханасында № AP09058176 «Трихинеллезді балауға арналған экспресс – тест» жоба тақырыбы аясында жүргізілді. Зерттеу барысында қояндарға жұқтыруға қолданылаған *Trichinella nativa* балаңқұрттары 2017-2020 жылдар аралығында компрессорлық трихинеллоскопия және бұлшықет ұлпасын жасанды асқазан сөлімен қорыту арқылы Еліміздің әр түрлі аймақтарынан (Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола облыстары) ауланған 3 түрлі жабайы жануарлардың (қасқыр, түлкі және борсық) бұлшықет сынамаларынан бөлініп алынды [11]. Жабайы жануарлардан анықталынған трихинелла балаңқұрттарының түр ерекшелігі (*Trichinella nativa* екендігі) Берлин қаласындағы Тәуекелділікті бағалау бойынша референттік орталықтың «Диагностика, генетика және қоздырғыштардың сипаттамасы» зертханасында нақты уақыт режиміндегі ПТР арқылы анықталды. *Trichinella nativa* балаңқұрттарын жұқтыру үшін 7-8 айлық тірі салмағы 4,4 - 4,6 кг. болатын 9 бас үй қояндары қолданылды. Аталған қояндар 3 топқа бөлініп ауыз қуысы арқылы 1000-20000 дана *Trichinella nativa* балаңқұрттарымен жұқтырылды. Соның ішінде 3 топ (3 бас қоян) аталған инвазиямен залалданған жоқ, яғни бақылау ретінде қолданылды. Жұқтырылған қояндардан әр 7 күн сайын гематологиялық, биохимиялық және серологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қан алынып отырды. Қанның гематологиялық және биохимиялық зерттеулері Нұр-Сұлтан қаласындағы «Олимп» клиникалы-диагностикалық зертханасында жалпыға бірдей әдістермен жүргізілді. Ал телімді аниденелердің түзілу динамикасы ИФТ-дың жанама қойылымында анықталды.

Зерттеу нәтижелеріне көңіл аударатын болсақ 1-2 топтағы жұқтырылған қояндардың жалпы клиникалық көрінісі 3 күнге қарай айқындала бастады. Яғни азықтан бас тарту, шөлдеу және іш өту көріністері белең алды. 2-6 күндері 1-2 тәжірибелік топтағы жануарларда нәжістерімен бірге шырышты зат бөлінді. Тәбеттің жоғалуы 7-21 күндері аралығында байқалды. Гипертермия 1-2 топта 14 тәулікте байқалды. Салмағының артуы бақылау топтарынан төмен болды. Жұқтырылудың 68 тәулігіндегі қояндардың салмағы 4,0 кг., ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 4,6 кг. құрады. Жұқтырудан кейінгі қанның динамикалық және биохимиялық көрсеткіштері 7, 14, 31, 45 және 69 күні алынды. Инвазия қарқындылығы қандағы эритроциттермен гемоглобиндердің санына, нейтрофильдердің саны мен сапасына ешқандай айқын айтарлықтай өзгерістерге алып келген жоқ. Бақылау тобына қарағанда $929,6 \pm 107,38$, негізгі топта жұқтырудан кейін 14-27 тәулігінде креатинкиназа ферментінің төмендеуі байқалды $771 \pm 21,09$. Бұл процессі 43-68 тәулікке дейін жалғасты $625,7 \pm 19,79$.

Қандағы лейкоциттердің көбеюі эозинофилдердің санының өсуіне тікелей байланысты. Эозинофилдердің максималды бөлінуі 27 тәулікте байқалды. IgG-ның қарқынды бөлінуі 14-27 тәулік пен 39-43 тәулікте өтті. IgM жоғарлауы жұқтырудан кейін 14-27 тәулікте $1,1 \pm 0,07$, 39-43 тәулік арасында $0,92 \pm 0,7$ болды.

ИФТ-дың жанама қойылымымен серологиялық зерттеу нәтижесінде, тәжірибелік жағдайда трихинелла балаңқұрттарымен жұқтырылған қояндарда 14-күнінің өзінде ЭС-АГ-ге телімді антиденелердің титірі 1:1600-1:3200 дейін жетті, бұл көрсеткіш тәжірибенің соңғы 70-күнінде де қайталануы байқалды.

Атқарылған зерттеу жұмыстары барысында *Trichinella nativa* балаңқұрттарымен жұқтырылған қояндардың 70 күн ішінде физиологиялық көрінісі бақыланды, үш зерттеу топтарының қанның гематологиялық көрсеткіштері және антиденелердің түзілу динамикасын салыстырмалы түрде зерттелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асатрян А.М. Биологические и морфологические особенности *Trichinella spiralis* и *T. pseudospiralis* у различного вида хозяев: Дис. ... док. биол. наук. - М., 1998.
2. Ахмуртова Т.Л. Особенности тканевых реакций у разных хозяев при экспериментальном трихинеллезе: Автореф. дис. ... канд. биол. наук. - Алма-Ата, 1990. – 17 с.
3. Митникова О.А. Экспериментальный трихинеллез животных, вызванный *Trichinella pseudospiralis* Garkavi, 1972 и *T. spiralis* (Owen, 1835): Автореф. дис. ... канд. вет. наук. – Ставрополь, 1998. – С. 22.
4. Ali S.M. et al. Immunization against trichinellosis using microwaved larvae of *Trichinella spiralis* // J. of the Egyptian Soc. of Parasitol. – 2007. – V. 37, № 1. – P. 121–33.
5. Хрисанфова Г.Г. Генотипическая изменчивость рода *Trichinella*; клонирование и характеристика RAPD-фрагментов *T. spiralis* и *T. pseudospiralis*: Автореф. дис. ... канд. биол. наук. - М., 2000. – С. 24.
6. Murrell K.D., Pozio E. // Intern. J. fur Parasitol. - 2000. - V. 30. - P. 1339-1349.
7. Dupouy-Comet J. // Vet. Parasitol. - V. 93. - P. 191-200.
8. Бессонов А.С. Эпизоотология (эпидемиология) и профилактика трихинеллеза. – Минтос, Вильнюс, 1972. - 304 с.
9. Бритов В.А. Возбудители трихинеллеза. - М.: Наука, 1982. - С. 272.
10. Шайкенов Б.Ш. Биология возбудителей трихинеллеза и альвеолярного эхинококкозов. - Алматы НИЦ "Ғылым", 2000. - 308 с.
11. Ө.С. Әкібеков, Л.А. Лидер, Ж.Қ. Байболин, Н.С. Ержанова "Қазақстанның әр түрлі аймақтарында жабайы жануарлардың арасында трихинеллездің таралуы" // "Аңшылық шаруашылығын жетілдіру және Ұлттық аңшылық түрлерін дамыту" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.– Нұр-Сұлтан, 2019, Б. 71 – 74.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СҰР ТҮСТІ ТОПЫРАҚТА ӨСІРІЛГЕН СОЯ ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨСІП ДАМУЫНА ТЫҢДАЙТҚЫШТЫҢ ӘСЕРІ

Пошаева Гүлжамила Серікбайқызы б.ғ.к., аға оқытушысы

Исамет Фалия Асхатқызы 4-курс студенті

«Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті», Шымкент қаласы

Барлық дақылдарды, атап айтқанда, майбұршақты өсірудегі ең үлкен мәселе ылғалдың жетіспеушілігі. Бірақ ылғалмен қамтамасыз етудің қолайлы жағдайында да тұқымның 2 т/га-дан жоғары өнімін алу әрдайым мүмкін емес. Мұндай төмен нәтижелердің негізгі себептерін дақылдың жеткіліксіз және дұрыс таңдалмаған минералды қоректенуімен байланыстыруға болады. Өсімдіктің өсуі мен дамуына минералды қоректену негізгі қызмет атқарады. Әрбір қоректендіру элементінің өзіндік мақсаты бар және оның жетіспеушілігі өнімге айтарлықтай әсер етеді. Майбұршақтан 2,5т өнімділікті қалыптастыру үшін, гектарына 124 кг азот, 22 кг фосфор, 102 кг калий, 34 кг кальций, 23 кг күкірт, 191 г мырыш, 18 кг магний, 207г марганец, 865 г темір және 75 г мыс үстемелі қоректендіру қажет [1].

Соңғы жылдары Қазақстанда соя дақылдарының егістік алқаптарын энергетикалық, азық-түліктік және мал азықтық дақылдар ретінде кеңейту динамикасы байқалуда, ол бүгінгі таңда, зерттеушілердің пікірінше, экспорттық әлеуетке ие. Қазіргі кезде республикада майбұршақтары шамамен 120 мың гектар алқапта өсірілуде, болашақта 2025 жылға қарай оның егіндерін 400 мың гектарға дейін едәуір кеңейту жоспарланып отыр [2].

Қазіргі заманғы ауылшаруашылық өндірісінде дақылдың пайда болуын тездететін, өсімдіктің өсіп-дамуын қарқындататын, еңбек пен ресурстарды аз жұмсап және де физиологиялық белсенді заттарды қолдана отыра жоғары өнім алуды көздеп отыр [3].

Зерттеу нәтижелері. «Ласточка», «Аққу» және «Галина» соя сорттарын зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Соя бұршақтары суармалы жерге орналастырылды, алдындағы егіс күздік бидай болды. Нұсқалардың орналасу әдісі - бөлінген учаскелер.

Тәжірибе алаңының топырағы қара сұр топырақ, құрылымы орташа саздақ. Топырақтың жоғарғы қабатында қарашірінді мөшері 1,77%. Егістік қабаттағы нитрат азотының мөлшері 50,8мг/кг топырақ, жылжымалы фосфор - 11,4мг/кг, алмасатын калий - 162,1мг/кг. Топырақтың жоғарғы қабатындағы ерітінді реакциясы аз сілтілі болады (рН-7.47).

Климат континентальды, маусымнан маусымға күрт ауысады және күндіз температураның үлкен ауытқуы бар. Ауаның орташа жылдық температурасы 10-120С құрайды. Жауын-шашынның жылдық мөлшері - 500 мм, тербелісі 400-900 мм.

Ауылшаруашылық технологиясы Түркістан аймағында жалпы қабылданған технология бойынша қолданылды. Тәжірибиелер күзгі жырттып дайындалған егістік алқабына жүргізілді. Ерте көктемде ылғалды сақтау үшін соқамен екі ізбен тырмаланды. Соя бұршақтарын себуден бұрын арамшөптерді жою және топырақты копсыту мақсатында культивация жүргізілді: біріншісі 10-12 см тереңдікке, екіншісі тұқым себу тереңдігіне дейін тырмаланды.

Майбұршақтың егу мерзімі топырақтың жылуына байланысты 10 мамырда жүргізілді. Егіс әдісі қатар аралықтары 70 см-ге тең. Гектарына 500 мың майбұршақ дәні себілді.

Топырақтың ылғалдылығын НВ 75% деңгейінде сақтап қалу үшін әр арыққа су мөлшерін 500-600 м³ / га мезгілімен жеткізіп, топырақты 0,5 м тереңдікке дейін ылғалдандырумен 5 вегетациялық суару жүргізілді. Далалық тәжірибелер, есептер мен

бақылаулар мемлекеттік қабылданған сорттарды сынаудың жалпы қабылданған әдістері мен әдістеріне сәйкес жүргізілді [4].

Зерттеу нәтижелері: Көптеген зерттеулерге сәйкес қоректік режимнің өзгеруімен өсімдіктердің өсуі мен дамуының артықшылығы байқалды. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, үш сорттағы эксперименттің барлық нұсқаларында майбұршақтың саны 10-13 дана / шаршы метрді құрады. (кесте 1).

Өсімдіктің биіктігі мен төменгі бұршақ қауашығының орналасу биіктігі механикаландырылған жинау кезінде шығынды азайту үшін маңызды. Өсімдіктердің биіктігі және олардың өсу динамикасы сорттың биологиялық ерекшеліктеріне және қоршаған орта факторларына байланысты.

Өсімдіктердің өсуіне қарай қоршаған ортаның қаншалықты қолайлы екендігіне баға беруге болады. Майбұршақ «Ласточка» сортының биіктігі бақылауда 83,2 см-ден фосфор-калий тыңайтқыштарының варианты бойынша жоғары концентрациялы суспензиялы әмбебап вуксал тыңайтқышын 2,5л/га мөлшерде қолдана отырып, 90,3 см-ге дейін өзгеретінін анықтадық. Ал, «Акку» және «Галина» сорттарының биіктігі сәйкесінше 93,9-106,8см және 89,4-97,5 см болды.

Майбұршақтың «Ласточка» сортына тыңайтқыштар мен өсу стимуляторларын қолданған кезде төменгі дән қауашақтарының орналасу биіктігі 0,6 см-ге артып, 9,8 см құрады.

«Акку» сортында төменгі дән қауашақтарының орналасу биіктігі (8,0-8,7 см) «Ласточка» және «Галина» сорттарына қарағанда төмен болды (9,3-9,9 см).

«Ласточка» сортының буынаралық саны 8,3-тен 8,4 данаға дейін, сәйкесінше «Акку» және «Галина» сорттарында 10,4-10,6 және 10,5-10,6 дананы құрады.

Әр қауашақтың ішінде 3 дәннен орналасқан, дегенмен көбінесе бір дәннен болады. Біздің зерттеулерімізден байқағанымыз бақылау вариантында «Ласточка» сортында бір өсімдіктетегі қауашақтар саны 149, «Акку» сортында 161 дана фосфор-калийлі және жоғары концентрациялы суспензиялы әмбебап вуксал 2,5л/га тыңайтқыштарын бірге қолданылғанда «Ласточка» сортында 154 дана, «Акку» сортында 166 данаға артты.

Кесте 1. Майбұршақтың өсу және даму динамикасы

№	Сұрыптардың атауы	1 п.м. өсімдік саны	Өсімдіктің биіктігі, см	Төменгі дән қауашағының орналасу биіктігі, см	Буын аралық саны, шт.	Бір түп өсімдіктегі қауашақ саны, шт.
Контроль Р60К45						
1	Ласточка	10,0	83,2	9,2	8,3	149
2	Акку	12,0	93,9	8,0	10,4	161
3	Галина	13,0	89,4	9,3	10,5	157
Р60К45 + Мо,В						
1	Ласточка	11,0	85,3	9,3	8,4	150
2	Акку	10,0	100,6	8,0	10,5	164
3	Галина	12,0	91,3	9,3	10,5	159
Р60К45 + эпин 50 мл/га						
1	Ласточка	10,0	88,5	9,4	8,4	152
2	Акку	11,0	102,0	8,1	10,5	165
3	Галина	13,0	94,0	9,4	10,6	165
Р60 К45 + вуксал универсал 2,5 л/га						
1	Ласточка	11,0	90,3	9,8	8,4	154

2	Акку	12,0	106,8	8,7	10,6	166
3	Галина	12,0	97,5	9,9	10,6	163

Қорытынды: Осылайша, жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Қазақстанның оңтүстік жағдайындағы сұр түсті топырағында өсірілген майбұршақ дақылына фосфор-калийлі және жоғары концентрациялы суспензиялы эмбебап вуксал 2,5л/га тыңайтқыштарын бірге қолданылғанда өсіп дамуына оң әсер етті деп қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Какие минеральные удобрения необходимы для сои. <https://plantagroup.com/news/40-udobrenia-dlya-soi/ru>.
2. Руководство по минеральному питанию для сои, нута, гороха и других зернобобовых культур http://www.agroplus-group.ru/rukovodstvo_soybean.
3. Магомедов К.Г., Ханиев М.Х., Ханиева И.М., Бозиев А.Л., Кишев А.Ю. Влияние регуляторов роста на структуру урожая и урожайность сои в условиях предгорной зоны КБР // Фундаментальные исследования. – 2008. – № 5. – С. 35-37.
4. Методика государственного сортоиспытания. - М.- В.1. - 1985.

ЗАКОНОМЕРНОСТИ БИОТОПИЧЕСКОГО РАЗМЕЩЕНИЯ САРАНЧОВЫХ В ЗАПАДНО-АЛТАЙСКОМ ПРИРОДНОМ ЗАПОВЕДНИКЕ

Карменова Б.К., магистр биологии, старший преподаватель

Садыканова Г.Е., к.б.н, доцент

Восточно-Казахстанский университет им.С.Аманжолова, г.Усть-Каменогорск

Западно-Алтайский государственный природный заповедник (ЗАГПЗ) - один из молодых заповедников Казахстана. Организован в июле 1992 года. Территория заповедника находится в бассейнах Черной, Белой Убы и Тургусуна, включает хребты: Ивановский, Линейский, Холзун. Во флоре ЗАГПЗ насчитывается 804 видов растений из 339 родов, 84 семейств. Здесь произрастает 60 эндемичных и субэндемичных видов [1]. Такое разнообразие флоры природного заповедника благоприятно влияет развитию многочисленных видов насекомых. Из них особенное место занимает саранчовые отряда прямокрылых [2].

Саранчовые часто являются господствующей группой среди растительоядных животных в травянистых экосистемах. На фоне временного естественного снижения численности саранчи, интерес к этому вредителю проявляется в меньшей степени. Однако в благоприятные для развития годы численность их может возрасти настолько, что потери сельскохозяйственных культур могут достичь колоссальных размеров. Кроме высокой численности, саранчовые отличаются сравнительно высоким видовым разнообразием [3].

Фауна саранчовых Казахстана, благодаря обширности территории и разнообразию природных ландшафтов, достаточно богата и своеобразна. В ней насчитывается 271 видов и подвидов саранчовых, относящихся к 75 родам, 5 семействам, 3 надсемействам [4].

Фаунистическое богатство Западно-Алтайского заповедника играет значительную роль в сохранении биоразнообразия Казахского Алтая. Учитывая полное отсутствие в литературе каких-либо сведений об отряде прямокрылых, мы провели обследование с целью выявления его видового разнообразия и закономерности биотопического размещения в заповеднике.

Саранчовые играют важную роль в населяемых ими биотопах, так как наряду с некоторыми другими группами травоядных животных (копытными, грызунами и термитами) поддерживают эндогенность механизмов, стабилизирующих биогеохимический круговорот на климаксных стадиях в сукцессионных системах травяных биомов. Роль саранчовых значительно увеличивается при обеднении комплекса других травоядных животных, в частности при уменьшении численности диких копытных и ослаблении выпаса [5].

Для исследования использовались материалы сбора саранчовых, сделанные в различные годы в ЗАГПЗ. Учет саранчовых проводился кошением стандартным энтомологическим сачком и методом сбора на время [6-8].

На территории заповедника встречается несколько десятков видов саранчовых. Как известно, в зависимости от природно-климатических условий численность популяции тех или иных видов саранчовых может увеличиваться, или уменьшаться [9,10].

Саранчовые территории ЗАГПЗ различаются по своему отношению к почвенно-растительному покрову.

Во-первых, довольно хорошо выделяется многочисленная группа видов, обычно живущих на злаках, питающихся ими, и довольно редко их покидающих. Это преимущественно лугостепные и степные саранчевые: белополосая кобылка *Chorthippus albomarginatus*, степной конек *Euchorthippus pulvinatus*, темнокрылая кобылка *Stauroderus scalaris*, многие травянки (*Stenobothrus*). К этой же группе можно отнести обитающих в зарослях тростника азиатскую саранчу и сопутствующие ей виды (*Tropidopola turanica*, *Oxya fuscovittata*). Обычно они обгрызают листья злаков сбоку, нередко фиксируя лист с помощью специальной выемки на верхней губе.

Во-вторых, многочисленные виды, предпочитающие существовать в основном на поверхности почвы и подстилки. Такой образ жизни типичен для видов родов *Oedaleus*, *Sphingonotus*, *Oedipoda*, *Bryodema*, *Dociostaurus*, *Pyrdodera* и др. Саранчовые этой группы могут питаться как злаками, так и разнотравьем. Сюда же следует отнести и своеобразных обитателей песчаных и каменистых субстратов – *Leptopternis*, *Hyalorrhypis*, *Strumiger*, *Trinchus*, *Pezotmethis*, *Saxetania* и др.

В-третьих, есть своеобразные саранчовые, обитающие на широколистном разнотравье. Это разные виды из родов *Podisma*, *Primnoa*, *Conophyma*. Часто они выедают отдельные участки листьев между жилками. Наиболее обычны подобные саранчовые на лугах, в том числе горных.

В горах на тополях и ивах держатся взрослые *Ognevia longipennis*. С кустарничками и полукустарничками часто связаны представители рода *Eremippus*.

Конечно, на протяжении жизни саранчовые могут перемещаться. Так, личинки того же *Ognevia longipennis* предпочитают широколистное разнотравье. Типичные обитатели злаков во время размножения спускаются на почву и могут перемещаться в необычные для них местообитания для яйцекладки. Хорошо известны случаи, когда саранчовые определенным образом перемещаются на протяжении суток. Например, некоторые виды, предпочитающие жизнь на поверхности почвы, на ночь взбираются на растения. Сходные перемещения можно наблюдать и в очень жаркие часы.

Следует также подчеркнуть, что интенсивность питания саранчовых во многом определяется погодными условиями. В прохладные дни они едят гораздо меньше, чем в теплые. Однако и в самое жаркое время дня активность этих насекомых обычно падает. Если в ночные часы температура воздуха не опускается ниже 10-12°C, многие саранчовые продолжают питаться и ночью.

Представители семейства саранчовых высоко в горы не поднимаются, в основном встречаются предгорьях и низкогорьях, по сухим остепненным склонам. Они приспособлены к открытым, хорошо прогреваемым мезофитным участкам.

Эти наблюдения позволяют полагать, что межвидовая конкуренция за пищевые ре-

сурсы и пространство местообитания не является важным организующим фактором в со-обществах саранчовых на территории заповедника. Наши данные согласуются и с со-вре-менными представлениям о том, что свободно перемещающиеся растительные насе-комые редко испытывают конкуренцию за пищевые ресурсы.

Список использованной литературы

1. Котухов Ю., Иващенко А., Лайман Дж. Флора сосудистых растений Запад-но-Алтайского заповедника / Ю. Котухов и др. – Алматы. Tethys 2002. 102с.
2. Камынина Л. Д. Саранча в Алтайском крае / Л. Д. Камынина // Степной бюл. – 2000. – №6. – С. 9-10.
3. Лачининский А.В., Сергеев М.Г., Черняховский М.Е, Дж. А. Локвуд, Камбулин В.Е., Гаппаров Ф.А. Саранчовые Казахстана, Средней Азии и сопредельных территорий. – Ларами: МАПА и Университет Вайоминга, 2002. – 387 с.
4. Чильдебаев М.К. Особенности фауны и экологии саранчовых Казахстана: Мате-риалы международного круглого стола Республиканской политической партии «Отан»// Проблемы борьбы с саранчой в Центральной Азии. – Алматы, 2001. – С. 83-88.
5. Савицкий В.Ю. ауна, структура сообществ и акустические сигналы саранчо-вых (Orthoptera, Acridoidea) в окрестностях Джаныбекского стационара // Кавказский эн-томол. Бюллетень. – 2009. - 5(1). С. 29-49
6. Насиев, Б. Н. Изучение фенологии и распространения саранчевых в южных рай-онах Западно-Казахстанской области / Б. Н. Насиев, М. А. Габдулов, Н. Ж. Жанатала-пов. // Молодой ученый. — 2015. — № 6.3 (86.3). — С. 39-42. — URL: <https://moluch.ru/archive/86/16489/> (дата обращения: 21.02.2021).
7. Наумович О.Н., Столяров М.В., Долженко В.И., Никулин А.А., Алехин В.Т. Ре-комендации по мониторингу и борьбе с вредными саранчовыми. - С.-Петербург: ВИЗР, 2000. - 56 с.
8. Абдыкапарова А.О., Турмаханбет А.М. Исследование популяций саранчо-вых на региональном уровне // Международный журнал прикладных и фундаментальных иссле-дований. – 2018. - №11. С. 320-324.
9. Чильдебаев М.К. Особенности фауны и экологии саранчовых Казахстана: Мате-риалы международного круглого стола Республиканской политической партии «Отан»// Проблемы борьбы с саранчой в Центральной Азии. – Алматы, 2001. – С. 83-88.
10. Ниязбеков Ж.Б. Доминантные виды вредных саранчовых на юге Казахстана// Изденістер, нәтижелер. Исследования, результаты. -2011. URL: <https://articlekz.com/article/12914> (дата обращения: 21.02.2021).

ЖАЙСАН КӨЛІНІҢ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ИХТИОФАУНАҒА ӘСЕРІ

*Касымханов А.М., зертхана меңгерушісі
«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы»
ЖШС Алтай бөлімшесі, Өскемен қ.*

Жайсан көлі Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы ең ірі көл болып табылады, Ертіс бассейнінің құрамына кіреді. Жайсан көлі балық шаруашылығы мақсатында, сондай-ақ ауыз су және тұрмыстық сумен жабдықтау, кеме қатынасы және тағы да басқа мақсаттарда пайдаланылады. Жайсан көлі бөгет көлдерінің типіне жатады және негізінен Қара Ертіс өзенінің суымен толтырылады, сондықтан судың химиялық құрамы негізінен Қара Ертістің ағысы есебінен қалыптасады.

Жайсан көлінде гидрохимиялық зерттеу жұмыстары 2020 жылы мамыр айының

бірінші жартысында, шілде айының соңында және тамыздың басында жүргізілді. Судың беткі және терең қабаттарынан алынған сынамалар жылдың көктемгі және жазғы уақытында жалпы қабылданған әдістемелерге сәйкес су айдынының барлық акваториясы бойынша 8 бекеттен алынды [1-3]. Судың газдық құрамы, физикалық-химиялық қасиеттері және биогендік қосылыстардың құрамы зерттелді.

Көлдің гидрохимиялық режимі мен су сапасы негізінен табиғи факторлармен анықталады: гидрологиялық режим, су жинау алаңын құрайтын жыныстардың құрамы, түсетін жауын-шашын мөлшері және т. б. 2016-2020 жылдары көлдің гидрологиялық деңгейі орташа жылдық көрсеткіштері бойынша 393,09-393,95 Балтық жүйесі метрі шамасында ауытқып суы мол жылдарға сәкес келді және 2020 жылы көлдің аумағы 3534 км² құрады.

Қазіргі уақытта Жайсан көлінің ихтиофаунасы 25 балық түрінен тұрады, олардың 16 түрі осы су айдынының жергілікті түрлері (шортан, нәлім, алабұға, сібір тортасы, бозша мөңке, кәдімгі мөңке, оңғақ, қабыршақсыз көкбас, сібір теңге балығы, аққайран, сібір тарақ балығы, сібір шырма балығы, жайсан гольяны, сібір талма балығы, көл талма балығы, таутан), ал қалған 9 түрі жерсіндірілген (көксерке, сібір бекіресі, сүйрік, көкшұбар, пайдабалық, тыран, қытай мөңкесі, сазан (тұқы), қытай шабағы) болып табылады. Саны жағынан салыстырмалы түрде мол кезігетін кәсіптік маңызы бар негізгі балық түрлерінің қатарына тыран, көксерке, алабұға және торта балығы, ал салыстырмалы түрде азырақ мөлшерде шортан, сазан, аққайран және бозша мөңке балықтары кездеседі. Сібір бекіресі Қазақстанның Қызыл кітабына енген [4].

Гидрохимиялық зерттеу кезеңінде судың температурасы көктем мезгілінде 11,5-18,0 0С және жазда 23,5-26,0 0С шамасында ауытқыды. Табиғи сулардың сапасын тірі ағзалардың тіршілік ету ортасы ретінде бағалау үшін суда еріген оттегінің мөлшері ерекше маңызды. 2020 жылы суда еріген оттегінің мөлшері 2019 жылмен салыстырғанда аздап жоғарылады. Көктемгі кезеңде судың беткі қабатындағы еріген оттегінің мөлшері 8,9-9,7 мг/дм³, жазғы кезеңде – 8,8-9,5 мг/дм³ аралығында өзгерді. Судың беткі қабатындағы еріген оттегі мөлшерінің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері жылдың көктем мезгіліндегі максималды көрсеткіші Қара Ертіс бекетінде (9,7 мг/дм³), ең төменгі мөлшері (8,8 мг/дм³) – Волчий мүйісі бекетінде байқалды. 2020 жылы көлдің Күршім жағалауында судың оттегімен қанығу деңгейі Тарбағатай жағалауына қарағанда едәуір жоғары болды. 2016-2020 жылдардағы зерттеу кезеңінде судағы еріген оттегінің максималды мәні 2018 жылы (10,1 мг/дм³) тіркелді. Жалпы, суда еріген оттегінің мөлшері 2020 жылы балық шаруашылығы су айдындарына арналған шектеулі рұқсат етілген шама мөлшерінен аспады және гидробионттардың өмір сүруіне қолайлы болды [5].

2020 жылы Жайсан көлінің Күршім жағалауында перманганатты тотықсыздану мәні 2,6-3,9 мгО/дм³, Тарбағатай жағалауында 2,4-4,2 мгО/дм³ шамасында өзгерді. Ең жоғарғы көрсеткіш (4,2 мгО/дм³) көктем мезгілінде Тополев мүйісі бекетінде, ең төменгі көрсеткіші (2,4 мгО/дм³) Ұлтарак мүйісі бекетінде тіркелді. Көлдегі перманганаттық тотығу дәрежесінің орташа мәні 3,3 мгО / дм³ құрап, өте аз тотығуы бар су санатына жататындығын көрсетті. 2020 жылы перманганатты тотықсызданудың орташа мөлшері көлдің Тарбағатай жағалауында Күршім жағалауына қарағанда сәл жоғары болды. Жалпы Жайсан көлі бойынша органикалық заттар құрамының ең жоғары орташа мәндері (перманганатты тотығуы бойынша) 2016 жылы, ал ең төменгісі 2017 жылы тіркелді.

Табиғи су айдынындағы рН мәнінің өзгеруі фотосинтез үрдістеріне, органикалық заттардың ыдырауына, гидрологиялық деңгейге және климаттық жағдайларға байланысты болады. 2020 жылы көл суының сутектік көрсеткіші, 2016-2019 жылдардағыдай, балық шаруашылығы су айдындарына арналған нормаларға сәйкес келді, зерттелген бекеттер бойынша 7,9-8,5 шамасында ауытқыды. Жайсан көлінің суы жіктеу бойынша әлсіз сілтілі орта санатына жатады. Судың қаттылығын жіктеу бойынша көл суы "жұмсақ" болып сипатталды. Қаттылық мәндері 0,7 мг-экв/дм³-ден 1,9 мг-экв/дм³-ге дейін өзгерді.

Күршім жағалауындағы су қаттылығының орташа мәні 1,3 мг-экв/дм³, ал Тарбағатай жағалауындағы су қаттылығы 1,2 мг-экв/дм³ сәйкес келді. Көрсеткіштер алдыңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижелеріне ұқсас болғандығы байқалды.

Жайсан көлінің суы, О. А. Алекиннің жіктелуіне сәйкес, төмен минералданған сулар санатына, II типті гидрокарбонат-кальций класына жатады, ол негізгі иондардың келесі арақатынасымен сипатталады: $\text{HCO}_3^- < \text{Ca}^{2+} + \text{Mg}^{2+} < \text{HCO}_3^- + \text{SO}_4^{2-}$. 2020 жылы судың минералдануы 139-180 мг/дм³ шегінде болды. Ең аз мөндер Тополев мүйісі бекетінде, ал ең жоғарғы мәні Бархот мүйісі бекетінде байқалды. Жалпы минералдану көрсеткіштері бойынша Жайсаң көлі «тұщы сулар» санатына жатады.

Биогендік қосылыстар аммонийлік азот, нитрит, нитрат және фосфат иондарынан құралады. Аммонийлік азот су айдындарында негізінен тазартылмаған ағынды сулармен, атмосфералық жауын-шашынмен, сондай-ақ су түбінде ыдырайтын органикалық заттардан түзіледі [6]. 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда Жайсан көлінің суындағы аммонийлік азоттың орташа мәндерінің төмендеуі байқалды. Азот қосылыстарының құрамы 2016 жылдан 2020 жылға дейін әркелкі өзгерді. Су айдыны бойынша аммоний иондарының құрамы жазғы уақытта 0,26-0,49 мг/дм³, көктемде – 0,19-0,86 мг/дм³ аралығында өзгерді. Балық шаруашылығы су айдындарына арналған шектеулі рұқсат етілген көрсеткіштер мәндерінен 1,4 және 1,7 есе ауытқуы көктем мезгілінде Волчий және Ұлтарак бекеттерінде байқалды. Бұл ауытқулар мезгілдік сипатқа ие болып, аммонийлік азоттың мөлшері жаз мезгілінде белгіленген нормалардан аспады. 2020 жылы көлде аммонийлік азоттың орташа мәні 0,40 мг/дм³ құрады және балық шаруашылығы су айдындарына арналған шектеулі рұқсат етілген көрсеткіштерден аспады [5]. 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда судағы нитрит иондарының мөлшерінің жоғарылауы байқалады, су айдыны бойынша орташа мәні 0,05 мг/дм³ құрады. Бұл көрсеткіштің айтарлықтай өзгерістері жыл мезгілдері мен зерттеу бекеттері бойынша байқалмады. Нитриттердің мөлшері 0,01 мг/дм³-ден 0,07 мг/дм³-ге дейінгі аралықта өзгерді. Мөндер балық шаруашылығы су айдындарына арналған шектеулі рұқсат етілген көрсеткіштер шегінде болды. Көлдегі нитрат иондарының мөлшері 0,31-ден 2,3 мг/дм³-ге дейін өзгерді. Күршім жағалауында нитраттардың шамасы 0,34-2,1 мг/дм³ шегінде болса, ал Тарбағатай жағалауында 0,31 мг/дм³-ден 2,3 мг/дм³-ге дейін өзгерді. Нитраттардың ең аз мөлшері Волчий мүйісі бекетінде, ал ең көп мөлшері Қарсақбай бекетінде тіркелді. 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда нитраттардың мөлшері төмендеді, мөндер белгіленген нормалардан аспады. 2020 жылы фосфаттардың құрамы 2019 жылғы 0,05 мг/дм³-ден 2020 жылы 0,09 мг/дм³-ге дейін 2 есеге жуық шамада өсті. Көктемде судағы фосфаттардың мөлшері 0,05-0,14 мг/дм³ аралығында, жазда – 0,06-0,15 мг/дм³ аралығында өзгерді. Ең төменгі мәні Қоржын бекетінде, ал ең жоғарғы мәні Тополев мүйісі бекетінде тіркелген. Жалпы, фосфат иондарының судағы мөлшері балық шаруашылығы су айдындарына арналған шектеулі рұқсат етілген көрсеткіштерден аспады.

Осылайша, Жайсан көлінде 2016-2020 жылдары жүргізілген гидрохимиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша көлдің суы қолайлы оттегі режимімен, ортаның әлсіз сілтілі реакциясымен және аз тотығумен сипатталды. Су айдыны бойынша биогендік қосылыстардың орташа көрсеткіштері белгіленген нормативтерден аспады [5]. Жайсан көлінің гидрохимиялық зерттеулерінің нәтижелері бойынша ихтиофаунаның өсіп-өнуіне қолайлы деп тұжырымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алёкин О. А. Методы исследования физических свойств и химического состава воды // Жизнь пресных вод СССР. М. – Л., 1959. Т. IV. Ч. 2. 302 б.;
2. Алёкин О. А. Основы гидрохимии. Л.: Гидрометеиздат, 1970. 444 б.;
3. ГОСТ 17.1.2.04-77. Показатели состояния и правила таксации рыбохозяйственных водных объектов. М.: Издательство стандартов, 1977. 18 б.;

4. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы, Том 1. Жануарлар. Бөлім 1. Омыртқалылар. Бас. 4-ші, өзгерт. және толықт. (колл. авторлар). Алматы: "Нур-Принт", 2008. – 320 б.;

5. Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті Төрағасының 2016 жылғы 9 қарашадағы № 151 Бұйрығы, <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014513>;

6. С.Г. Харина, Т.П. Колесникова, Динамика содержания биогенных элементов в воде водохранилищ агроландшафта в Амурской области. – Вестник КрасГАУ, 2009 №11 – 25 б.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ АРАСЫНДА ТАРАЛҒАН ҚАН АЙНАЛУ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫНЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

*Мамырбеков Н. А. 4-курс студенті,
Садықанова Г. Е. б.ғ.к., доцент*

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ.

Бүкіл әлемде қан айналым жүйесінің аурулары өлім құрылымында жетекші орындардың бірін алады. Жүрек-қан тамырлары ауруларының жиілігі және олардан болатын өлім-жітім көбіне елдің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейіне, алғашқы профилактикалық іс-шаралардың жай-күйіне және алғашқы медициналық-санитарлық көмек жұмысына, сонымен қатар, әрине, жіті қан тамырлары апаттарымен ауыратын науқастарда болатын барлық кезеңдеріне арналған қолданыстағы көмек көрсету жүйесіне, осы жүйені қалыптастыруға елде және әр аймақта материалдық пен ұйымдастырушылық салымдар дәрежесіне тәуелді [1].

Еуропалық Одақ елдері, Орталық және Шығыс Еуропа мен Орталық Азия аймақтары арасында қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші бойынша Қазақстан бірінші орында тұр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан Республикасы қан айналымы жүйесінің (ҚЖА) аурулары салдарынан өлім-жітімнің стандартталған деңгейі Еуропалық аймақ елдерімен салыстырғанда екі есе жоғары [2].

Шығыс Қазақстанның үлесі Қазақстанда жасалған қан айналу жүйесі аурулары жайлы статистикалық көрсеткіште аз емес. Соңғы жылдары Шығыс Қазақстан қан айналу жүйесі аурулары көрсеткішінде алдыңғы қатарда орныққан.

2016 жылы Шығыс Қазақстан ауыл тұрғындарының деңгейі 2941,1 құрады. Бұл басқа облыстармен салыстырғанда біршама жоғары, тіпті, мұндай көрсеткішімен бірінші орынға шықты. Ал әйелдер қауымы жағынан бірінші орынды иеленбесе де, алдыңғы қатарды тұрды. Оның үлесі 3343,9 болды. Жас ерекшеліктері жағына келер болсақ, 18 жастан асқан тұрғындардың үлесі 3925,8 тең болды. Кейбір облыстарда төмен болғанымен, деңгейі жоғары. 15-17 жас тұрғындарының үлесі 1644,5, ал 0-14 жас аралығы 131,5 құрады.

2017 жылы жағдай өзгермеді, керісінше, ушығып кетті. Осы жылы қан айналу жүйесі аурулары науқастарының деңгейі 3330,5 дейін көтерілді. Әйелдер арасында таралған бұл дерттің үлесі 3695,8 көтерілді. 18 жастан асқан тұрғындардың үлесі 4435,9 дейін көбейіп, бүкіл Қазақстанда осы санат бойынша бірінші орында тұрды. Ендігі 0-14 жас аралығын айтсақ, үлесі 184,7 жетті (1-кесте).

1-кесте. 2016-2017 ж. қан айналу жүйесі аурулары. Ауыл халқы.

	Қан айналу жүйесі аурулары									
	Барлығы		Олардың ішінде әйелдер		18&		15-17		0-14	
	2016	2017	2016	2017	2016	2017	2016	2017	2016	2017
ҚР	2408,0	2406,8	2765,5	2732,8	3494,7	3514,7	1023,3	1163,6	187,4	163,2
Ақмола	1872,6	1834,5	2376,7	2497,2	2393,3	2342,2	1662,3	1926,2	253,6	225,3
Ақтөбе	1940,7	2045,0	2050,3	2145,0	2741,2	2919,5	348,1	437,5	213,6	171,4
Алматы	2774,0	2644,8	3273,1	3097,3	4024,4	3862,1	825,1	1139,7	208,1	190,9
Атырау	1734,8	1800,4	1796,3	1856,2	2651,7	2756,5	511,1	588,2	62,1	78,6
БҚО	2563,0	2577,2	2881,6	2883,9	3496,0	3528,9	1030,5	1031,7	228,1	217,0
Жамбыл	2792,9	2700,6	3304,2	3116,0	4293,8	4193,8	1091,5	1623,3	254,4	130,3
Қарағанды	1773,2	1890,0	2093,2	2159,6	2400,0	2608,0	504,1	384,6	215,1	118,1
Қостанай	2108,1	2257,3	2348,4	2370,5	2667,2	2869,8	1230,3	1290,1	218,4	178,3
Қызылорда	2661,9	2854,3	3201,8	3455,4	4108,7	4373,1	971,7	1531,4	98,3	118,2
Маңғыстау	1065,4	978,1	1116,5	980,6	1695,3	1562,7	436,6	406,3	65,7	59,2
ОҚО	2374,1	2258,2	2644,2	2489,3	3871,4	3706,5	1092,9	941,5	138,7	124,8
Павлодар	2184,6	2435,8	2381,6	2600,0	2789,0	3156,7	2211,8	1917,6	381,5	414,7
СҚО	2922,8	3029,9	3387,7	3592,8	3725,8	3889,0	915,4	1031,0	530,0	468,1
ШҚО	2941,1	3330,5	3343,9	3695,8	3925,8	4435,9	1644,5	2154,6	131,5	184,7

2018 жылы алдыңғы жылға қарағанда едәуір төменірек болды. Алайда, бірінші орыннан түспеді. Осы жылы Шығыс Қазақстан ауыл халқының үлесі 3294,2 жетті. Әйелдер қауымының үлесі де жоғары болып қалды, бірақ осы жолы 3636,2 құрады. Жас санатында жағдай тура солай болды. 18 жастан асқан тұрғындардың үлесі 4430,1, 15-17 жас аралығы тұрғындары 1767, 0-14 жастағылар 153,6.

2019 жылы кейбір санаттардың көрсеткіші алдыңғы жылдан біраз төмен болды. Бүкіл Шығыс Қазақстандағы ауыл тұрғындарының үлесі 3452,8 көтерілді. Дегенімен де, әйелдердің деңгейі осы жолы әжептәуір аз болды, үлесі 3525,0. Сонымен бірге, 0-14 жастағы ауыл халқының үлесі 125,3 және 15-17 жас аралығы 1416,0 құрады. Ал 18 жастан асқан тұрғындардың деңгейі 4692,0 дейін артты (2-кесте).

2-кесте. 2018-2019 ж. қан айналу жүйесі аурулары. Ауыл халқы.

	Қан айналу жүйесі аурулары									
	Барлығы		Олардың ішінде әйелдер		18&		15-17		0-14	
	2018	2019	2018	2019	2018	2019	2018	2019	2018	2019
ҚР	2365,6	2403,5	2582,6	2603,8	3483,8	3582,2	1063,6	844,1	148,1	142,9
Ақмола	2155,7	2505,0	2921,4	2874,8	2781,9	3379,4	1872,6	666,2	263,7	116,3
Ақтөбе	2621,0	2521,7	2433,5	2474,0	3795,9	3702,8	407,4	179,1	141,5	109,1
Алматы	2381,1	2319,7	2636,5	2672,3	3494,4	3445,4	1040,5	947,1	191,7	187,4
Атырау	1952,9	2207,9	1962,7	1922,5	2998,4	3447,7	658,9	566,4	95,5	75,7
БҚО	2737,6	2823,5	2971,6	3236,4	3764,6	3899,2	992,1	771,2	228,1	261,2
Жамбыл	2519,6	2746,5	2908,8	2989,5	4008,0	4352,4	733,8	1019,6	76,0	96,7
Қарағанды	2453,6	1622,9	2586,3	1905,3	3420,2	2242,4	330,6	489,4	103,3	94,4
Қостанай	2128,8	2545,9	2221,2	2652,7	2720,5	3273,3	1055,9	865,9	135,5	129,1
Қызылорда	3004,1	2722,2	3087,3	2981,0	4593,5	4139,6	1739,1	1647,6	148,7	186,2


Маңғыстау	1264,3	1232,5	1254,5	1275,6	2057,2	2056,0	432,0	323,6	59,4	43,4
Павлодар	2477,7	2737,9	2688,1	3047,8	3282,6	3686,9	1522,7	1134,6	324,9	322,0
СҚО	2981,3	2986,5	3246,7	3208,6	3839,9	3863,4	1100,8	885,8	411,2	392,3
Түркістан	1998,8	2082,7	2169,2	2210,3	3280,9	3465,0	1048,8	652,4	102,1	109,2
ШҚО	3294,2	3452,8	3636,2	3525,0	4430,1	4692,0	1767,0	1416,0	153,6	125,3

Бастапқыда, тыныс ағзаларының ауруларынан көз жұмған адамдардың көрсеткіші барлық берілген себептерден жоғары болды. Сол кезде оның үлесі 196,71 құрады. Қан айналу жүйесі ауруларының үлесі 144,34 болды. Ал қалғаны, мәселен, ас қорыту ағзаларының аурулары 99,16; ісіктер 103,12; жұқпалы һәм паразитарлы аурулар 6,48; жазатайым жағдайлар, жарақаттану мен уланулар 130,30 құрады.

Әйткенімен де, 2017 жылы қан айналу жүйесі ауруларының үлесі өсті және 160,11 құрады. Тыныс ағзаларының аурулары бәрінен де жоғары болғанымен, деңгейі біраз төмендеп, 170,76 құрады. Ал, қалғаны, бір қалыпты белгілі бір дәрежеден тек сәл ғана асып, не болмаса, сәл ғана азайып қалып қойды. Мысалыға, ас қорыту ағзаларының аурулары 91,81; ісіктер 103,01; жұқпалы һәм паразитарлы аурулар 6,06; жазатайым жағдайлар, жарақаттану мен уланулар 127,61 құрады.

Ендігі, 2018 жылы жағдай өзгеріп, алдыңғы қатарда тұрған тыныс ағзаларының аурулары азайып, оның орнын қан айналу жүйесі аурулары басты. Бұл жолы қан айналу жүйесі ауруларынан қайтыс болғандардың үлесі 195,62 тең болды. Ал, тыныс ағзаларының аурулары 138,10 құрап, екінші сатыға түсті. Алайда, басқа да себептер жалы бұлай айта алмаймыз. Олардың үлесі алдыңғылардан төмен. Ас қорыту ағзаларының аурулары 87,51; ісіктер 104,56; жұқпалы һәм паразитарлы аурулар 7,31; жазатайым жағдайлар, жарақаттану мен уланулар 122,36 құрады.

Сондай-ақ, 2019 жылы көрсеткіштің үлесі дәл осындай көрініс тапты. Дегенімен де, тыныс ағзаларының ауруларының деңгейі азаюын жалғастырды. Оның үлесі 113,42 жетті. Қан айналу жүйесі ауруларының деңгейі 201,86 дейін өсті. Ал қалғаны, ісіктер 104,27; жұқпалы һәм паразитарлы аурулар 4,77; жазатайым жағдайлар, жарақаттану мен уланулар 110,94 біршама ғана төмендеді. Тек, ас қорыту ағзаларының аурулары ғана 90,35 дейін артты (1-сурет).



1-сурет. Қайтыс болу себептерінің негізгі топтары бойынша 100 000 адамға шаққандағы өлім-жітім көрсеткіштері[3,4].

Осылайша, Шығыс Қазақстан облысының ауыл тұрғындары арасында тамырын жайған қан айналу аурулары жыл өткен сайын ауытқып тұрады. Дегенімен де, бұл сырқаттың үлесі артуын қаулауын тоқтатар емес. Әсіресе, қайтыс болу себептерінің ішінде қазіргі таңда негізгі орынды иеленіп отыр.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Дина Хасанова: "самое важное в успешном лечении инсульта - своевременная госпитализация больного в специализированное медицинское учреждение" // Ремедиум. 2018. №9.
2. М.Г. Ноғаева, С.А. Төлеутаева Распространенность болезней системы кровообращения в Республике Казахстан // Медицина. – 2014. - №10. – Б. 13.
3. Қайдар Э.Қ., Кеңесова А.А., Юрченко И.В. және т.б. «2017 жылда ҚР халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі» / статистикалық жинақ. — ҚР денсаулық сақтау министірлігі. — Астана: 2018. – 354 б.
4. Ахметова З. Д., Жаксалыкова Г.Б., Шайхиев С.С. және т.б. «2019 жылда ҚР халқының денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі» / статистикалық жинақ. — ҚР денсаулық сақтау министірлігі. — Нұр-Сұлтан: 2020 – 324 б.

МИКРОБИОЛОГИЧЕСКОЕ ПОЛУЧЕНИЕ ПОЛИГИДРОКСИБУТИРАТА (ПГБ) ПРИ ОБЛУЧЕНИИ УЛЬТРАФИОЛЕТОМ

А.Б. Рысбек^{1,2} PhD докторант,

А.А. Курманбаев² заведующий лабораторией экологической биотехнологии.

¹Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан.

^{1,2}РГП на ПХВ «Национальный центр биотехнологии» г. Нур-Султан.

Актуальным направлением в современной биотехнологии, является развитие индустрии экологически чистых биоразлагаемых пластиков. Такая востребованность связана с колоссальными загрязнениями окружающей среды в мировом масштабе отходами синтетических пластиков.

Основными драйверами роста потребления биоразлагаемых пластиков являются законодательные запреты в ряде стран по использованию обычных пластиков в упаковке и спрос со стороны развивающихся высокотехнологичных производств (медицина, косметология и др.).

Одним из перспективных биопластиков является поли-3-гидроксибутират (ПГБ). Эти сложные полиэфиры включают повторяющиеся гидроксиацильные мономеры общей формулы: [-O-CH(R)-CH₂-CO-]_n, где R = CH₃, и имеют важное коммерческое значение благодаря его биоразлагаемости и термопластичным свойствам [1]. Полигидроксибутираты по ряду физико-химических свойств имеют схожие характеристики с широко применяемыми и выпускаемыми в огромных количествах неразрушающимися в природной среде синтетическими полимерами (полипропиленом, полиэтиленом). Помимо термопластичности, полигидроксиалканоаты обладают оптической активностью, антиоксидантными свойствами, пьезоэлектрическим эффектом и, что самое главное, они характеризуются биоразрушаемостью и биосовместимостью. Полигидроксибутират называют биоматериалом будущего, представляет собой натуральный и экологически чистый полимер, полученный из более чем 300 различных видов микроорганизмов. Бактерии способны накапливать полиэфиры на относительно недорогих субстратах (ацетат, глицерин, меласса, метанол, глюкоза, сахароза, этанол) при постоянном ограничении некоторых минеральных элементов питания таких как азот, фосфора также кислород [2].

Целью нашего исследования было выделение и получение эффективного продуцента ПГБ.

Из региональных каштановых почв было выделено 10 штаммов продуцентов ПГБ, из которых были отобраны 3 эффективных продуцента.

